



Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелді

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 5-бабының 1-11) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Арнайы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. "Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен (нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) бекітілген 1, 2, 3, 4, 6, 7, 8, 9, 10-қосымшалары күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

А. Аймағамбетов

Оқу-ағарту министрі

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 31 тамыздағы
№ 385 бұйрығына
1-қосымша

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – "Білім туралы" Заң) сәйкес әзірленген және мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Мектепке дейінгі ұйымдардың міндеттері:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;

5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;

6) баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған өзгеретін ойын және тақырыптық зоналарды (аймақтарды), инклюзивті дамыту ортасын құру;

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігі мен вариативтілігін қамтамасыз ету, қауіпсіз және жайлы білім беру жағдайларын жасау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасында қарастырылған мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері құрылады.

4. Мектепке дейінгі ұйымдар:

1-3-ке, 10-ға дейін және одан да көп топтар санымен түрлі жас топтарының болуымен;

5 күндік жұмыс аптасымен балалардың 4, 9, 10, 5, 12, 24 сағат болуымен;

6 күндік жұмыс аптасымен балалардың 4, 9, 10, 12, 24 сағат болуымен ерекшеленеді.

5. Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері:

бөбекжай-бақша - бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балаларға арналған бөбек жастағы және мектеп жасына дейінгі топтардың болуын қарастырады;

балабақша - үш жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балаларға арналған мектеп жасына дейінгі топтардың болуын қарастырады;

отбасылық бөбекжай - отбасы мүшелерінің тікелей қатысуымен құрылады және әртүрлі жастағы топтардың (бір-үш жастағы балалар, үш-бес жастағы балалар) болуын қарастырады;

санаториялық бөбекжай-бақша - бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі бөбек жастағы және мектеп жасына дейінгі топтардың болуын қарастырады және балалар ауруларының диагнозына байланысты дәрілік және физиотерапиялық емдеуді, сауықтыру-профилактикалық шараларды (шынықтыруды, емдік дене шынықтыруды, массажды) жүргізеді;

мектепке дейінгі шағын орталық - бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балаларға арналған бөбек жастағы және мектеп жасына

дейінгі топтардың болуын қарастырады, балалардың толық немесе жарты күн болуымен білім беру ұйымдарының жанында жұмыс істейді;

арнайы бөбекжай-бақша - бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, күтім жасау және сауықтыру үшін арнайы жағдайлар жасайтын мектепке дейінгі ұйым;

арнайы балабақша – үш жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, күтім жасау және сауықтыру үшін арнайы жағдайлар жасайтын мектепке дейінгі ұйым.

6. Мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі жас тобы болып табылады, топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жасақталады.

7. Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы:

1) ерте жас тобы (1 жастағы балалар) – 10 баладан артық емес;

2) кіші топ (2 жастағы балалар) – 20 баладан артық емес;

3) ортаңғы топ (3 жастағы балалар) - 25 баладан артық емес;

4) ересек топ (4 жастағы балалар) – 25 баладан артық емес;

5) мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастағы балалар) - 25 баладан артық емес.

8. Жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы:

1) топта жас ерекшелігі екі түрлі (1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) балалар болған жағдайда – 15 баладан артық емес;

2) топта жас ерекшелігі үш түрлі (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар, 5 жастағы балалар) балалар болған жағдайда – 20 баладан артық емес.

9. Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

10. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша жас топтарында (үш тәрбиеленушіден артық емес);

2) және (немесе) тәрбие мен оқытудың арнайы бағдарламасы бойынша бұзылыс түрлері негізіндегі арнайы топтарда қарастырылады.

Топта ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жағдайда топтарды жинақтау бір тәрбиеленушіге тәрбиеленушілердің жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

11. Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, осы Қағидалар мен мектепке дейінгі ұйымдар жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

12. Мектепке дейінгі ұйымдар бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін, оның ішінде тәрбиеленушілерге инклюзивті білім беруді іске асыру үшін орындауды қамтамасыз етеді.

13. Тәрбиеленушілерді мемлекеттік және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20883 болып тіркелген) (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидалары) жүзеге асырылады.

14. Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы ("Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген бағдарламаның (бұдан әрі – Бағдарлама) мазмұнын меңгеру кезеңі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген);

1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптары үшін оқу жылы (Бағдарлама

мазмұнын меңгеру кезеңі), оқу жылы бойы мектептің (лицейдің, гимназияның) ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес каникулдар белгіленеді;

2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;

3) мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарынан шығару жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылады;

4) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады;

мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарын жинақтау тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

15. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің орны:

1) тәрбиеленуші ауырған, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда) кезде;

2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына екі айдан артық емес мерзімде демалысқа немесе емделуге жазбаша өтініш ұсынған жағдайда;

3) елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар), карантин енгізілген кезеңде сақталады.

16. Тәрбиеленушілер мектепке дейінгі ұйымдардан:

1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылған;

2) тәрбиеленуші бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей, мектепке дейінгі ұйымға келмеген;

3) дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығарылады.

17. Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемақы мөлшері:

1) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындар ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушінің жасына қарамастан тамақтануға кететін шығынның

100 пайызын құрайды; жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша тәрбиеленушілерді тамақтандыруға кететін шығындар жергілікті бюджеттен ішінара немесе толығымен өтеледі;

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерге арналған санаториялық балабақшаларда, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілерді күтіп-бағу тегін негізде ұсынылады;

3) мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылғандарды қоспағанда, жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі ұйымның құрылтайшысы белгілейді.

18. Түрлеріне, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар, оның ішінде жаңадан құрылғандары, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары және педагогтері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте аттестаттаудан өтеді.

2-тарау. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібі

19. Мектепке дейінгі ұйымдар "Білім туралы" Заңның 41-бабы мен осы Қағидалар негізінде өз жарғысын әзірлейді.

20. Мектепке дейінгі ұйымдар:

1) өз жарғысында белгіленген функциялардың орындалуын;

2) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі - Стандарт), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының (бұдан әрі – Үлгілік жоспарлар) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) және Бағдарламаның толық көлемде іске асырылуын;

3) тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің, тәсілдердің, құралдардың тәрбиеленушілердің жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін;

4) мектепке дейінгі ұйымның штатына кіретін медициналық қызметкерлер тәрбиеленушілерді ағымдағы медициналық бақылауды, иммундау және профилактикалық тексерулерді алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетудің аумақтық медициналық ұйымдарымен бірлесіп ұйымдастыруды;

5) мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекітетін және әр жас тобында ілінетін он күндік ас мәзірін құрастыруды;

6) тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыру балалардың жас ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәртібі, маусымдық азық-түліктердің болуы, оның жиілігі ескеріліп, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23469 болып тіркелген) "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына және мектепке дейінгі ұйымның жарғысына сәйкес айқындауды;

7) тәрбиеленушілерде, оның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтану мен табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы тамақтану мәдениетін қалыптастыруды;

8) білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматты түрде ақпараттармен алмасуды және мәліметтерді өзектендіруді;

9) білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара әрекеттесудің регламентін бекітуді қамтамасыз етеді.

21. Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы штат саны "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді.

Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылады.

22. Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға жіберіледі.

23. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптардың педагогтері кәсіптік қызметті жүзеге асыруда Стандарттың талаптарын сақтай отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың нысандары мен тәсілдерін өздері таңдайды.

24. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс.

25. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптардың педагогтері "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы

топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер өткізу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) сәйкес жыл сайын медициналық зерттеп-қараудан өтеді.

26. Мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс күндері және демалыс күндері осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға жалақы төлеуге, құралдар сатып алуға, "Білім туралы" Заңның 63-бабына сәйкес тиісті дамытушы орта құруға бағытталады.

27. Отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін білім беру ұйымдарында ата-аналардың қажеттіліктері ескеріліп, консультациялық пункттер құрылады.

28. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан қысқа мерзімді топтар құрылады.

29. Мектепке дейінгі ұйымдарды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаларына сәйкес құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер болып табылады.

30. Мектепке дейінгі ұйымды тікелей басқаруды басшы жүзеге асырады.

31. Мектепке дейінгі ұйым мен заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі.

32. Білім беру процесіне қатысушылар тәрбиеленушілер, тәрбиеленушілердің заңды өкілдері, педагогтер болып табылады.

Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – "Білім туралы" Заң) сәйкес әзірленген және "Назарбаев зияткерлік мектептері" Дербес білім беру ұйымын қоспағанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Білім беру ұйымдары өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, осы Қағидаларды және білім беру ұйымының жарғысын басшылыққа алады.

3. Осы Үлгілік қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылды:

1) бастауыш мектеп – бастауыш білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

2) негізгі орта мектеп – бастауыш және негізгі орта білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

3) жалпы білім беретін мектеп - бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

4) бейін алды даярлық - білім алушының жеке білім беру траекториясының негізгі орта білім беруді таңдауын мақсатты педагогикалық қолдау.

5) гимназия - білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес қоғамдық-гуманитарлық және басқа бағыттар бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

6) лицей – білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес кеңейтілген және тереңдетілген жаратылыстану-математикалық білім беруді қамтамасыз ететін негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім

беретін және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

7) бейіндік мектеп – жалпы орта білімнің білім беру оқу бағдарламасын іске асыратын оқу орны;

8) бейінді оқыту – оқытуды дифференциациялау және жекешелендіру, білім алушылардың қызығушылықтарын, бейімдері мен қабілеттерін есепке ала отырып білім беру процесін ұйымдастыру процесі. Бейінді оқыту бейіндік мектепте, бейінді сыныптарда іске асырылады;

9) шағын жинақты мектеп – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп;

10) тірек мектеп (ресурс орталығы) – шағын жинақталған мектеп білім алушылардың сапалы білім алуына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді сессиялық сабақтарды және аралық әрі қорытынды аттестаттауды өткізу үшін базасында таяу маңдағы шағын жинақталған мектептердің білім беру ресурстары шоғырланатын жалпы орта білім беру ұйымы;

11) халықаралық мектеп – Халықаралық Бакалавриат ұйымында авторландырудан немесе халықаралық институционалдық аккредиттеуден өткен өз бетінше әзірленген кіріктірілген білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы;

12) әскери мектеп-интернат – жалпы орта білім алуды және әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген және дене шынықтыру даярлығының қосымша білім беру бағдарламаларын, әскери-техникалық мамандықтар бойынша білім берудің кейінгі деңгейлерінде оқуды жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді, негізгі орта білім беру аяқталғаннан кейін медициналық куәландыру көрсеткіштері бойынша 15-16 жастағы еркек жынысты балаларды конкурстық негізде қабылдауды жүзеге асырады;

13) жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернат – тиісті білім беретін мектептері жоқ елді мекендерде тұратын білім алушылардың жалпы орта білім алуын қамтамасыз ететін білім беру ұйымы;

14) көп балалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына арналған мектеп-интернат – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" № 320 қаулысына (бұдан әрі – № 320 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы) сәйкес мемлекеттік жәрдемақы алатын отбасылар балаларының, мемлекеттік

әлеуметтік көмек алмайтын отбасылар балаларының, ата-анасы немесе оларды алмастыратын тұлғалардың өмір сүру жағдайы, еңбегі, денсаулық жағдайы бойынша отбасыларға көмек берілетін, ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен кіріс кіретін отбасылар балаларының жалпы орта білім алуын қамтамасыз ететін білім беру ұйымы;

15) мектеп-интернат – аз тұрғыны бар елді мекендерде тұратын білім алушылардың жалпы орта білім алуын қамтамасыз ететін білім беру ұйымы;

16) санаториялық мектеп-интернат – белгіленген режимді сақтай отырып, білім алушылардың жалпы орта білім алуын, қалпына келтіру емін, медициналық оңалту мен демалысты, туберкулезге қарсы емдеу-профилактикалық іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз ететін білім беру ұйымы;

17) тірек мектеп (ресурстық орталық) жанындағы интернат – білім беру ресурстарына сессиялық сабақтар және білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау кезеңінде тұрумен қоса жақын орналасқан шағын жинақты мектептер білім алушыларының сапалы білім алуын қолжеткізуді қамтамасыз етеді;

18) әлеуметтік оңалту – кәмілетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің органдары мен мекемелері жүзеге асыратын, өмірлік қиын жағдайда жүрген кәмілетке толмағанды құқықтық, әлеуметтік, дене бітімі, психалық, педагогикалық, моральдық және (немесе) материалдық емес қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені;

19) кәмілетке толмаған баланы қамтамасыз ету - кәмілетке толмағанның ата-анасының немесе басқа да заңды өкілдерінің оның толыққанды дамуы, оның мүлікшілік және мүлікшілік емес құқықтарын, мүдделерін және мемлекеттің ең төменгі әлеуметтік стандарттарын қорғауы үшін жағдай жасауы;

20) кәмілетке толмаған баланы тәрбиелеу – балаға қоғамда қабылданған және оның рухани, дене бітімі, психикалық, мәдени, адамгершілік тұрғыдан дамуына және әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғауға бағытталған мінез-құлық ережелері мен нормаларын дамыту бойынша ата-аналар немесе басқа да заңды өкілдер, сондай-ақ мемлекеттік органдар қызметкерлері тарапынан ықпал етудің үздіксіз процесі;

21) қосымша білім беретін мектеп-орталық – құрылымдық бөлімшесінде қосымша білім беру орталығы бар жалпы білім беретін орта мектеп;

22) мектеп-интернат-колледж жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беретін, жататын орнымен қамтамасыз ететін дербес заңды тұлға болып табылады;

23) оқу-өндірістік комбинаты (мектепаралық, курстық) – жергілікті атқарушы органдармен қаржыландырылатын, оқушыларды мамандықты саналы түрде таңдау арқылы қоғамдық өмірге бейімделуін қамсыздандыратын, мемлекеттік білім беру ұйымы.

4. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері:

1) бастауыш;

2) негізгі орта;

3) жалпы білім беретін мектептерде іске асырылады.

5. Білім беру ұйымдарының міндеттері:

1) білікті жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеру арқылы білім алушылардың функциялық сауаттылығын дамытуға жағдайлар жасау;

2) "Білім туралы" Заңның 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес әзірленген білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымдардың базистік негіздерін алуын қамтамасыз ету;

3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершіліктің және салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4) азаматтылыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және қазақ тілін құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттіліктерін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу болып табылады;

7) барлық оқушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге жағдайлар жасау.

6. Білім беру ұйымдары өз қызметін "Білім туралы" Заңның 5-бабының 8) тармақшасына сәйкес берілген лицензияның негізінде жүзеге асырады.

7. Жеке адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескеріле отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, білім берудің әрбір деңгейін алуға қол

жеткізу жағдайларының жасалуына қарай оқыту күндізгі, кешкі, сырттай оқыту, экстернат, қашықтықтан оқыту нысанында жүзеге асырылады.

8. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда "Білім туралы" Заңның 37-2-бабының 2-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органдар мен білім беру ұйымдары білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен барлық білім алушылар үшін қашықтан оқытуды енгізеді.

9. Білім беру ұйымдарында ата-аналардың (заңды өкілдердің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту:

1) үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша жалпы сыныпта (үш баладан артық емес);

2) және (немесе) арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша даму бұзылыстарының түрлері негізіндегі арнайы сыныптарда қарастырылған.

10. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды жалпы білім беретін ұйымнан арнайы білім беру ұйымына ауыстыру психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымының негізінде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен жүзеге асырылады.

11. Денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-кеңес комиссиясының (ДКК) қорытындысы негізінде ұзақ уақыт білім беру ұйымдарына бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе тиісті үлгілік оқу жоспарларына сәйкес стационарлық көмек көрсететін, сондай-ақ қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту ұйымдарында тегін жеке оқыту ұйымдастырылады.

Үйде оқыту кезінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар психофизикалық мүмкіндіктеріне байланысты жалпы білім беретін, қысқартылған немесе арнайы бағдарламалармен оқиды.

12. Мектепке қабылдау және бір орта білім беру ұйымынан басқасына ауыстыру тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 564 бұйрық) бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Бұрын шетелдік мектептерде оқыған білім алушылар Қазақстан Республикасына келгеннен кейін Қазақстан Республикасының мектептерінде оқуды жалғастырады. Мектептердің әкімшіліктері жергілікті білім беру басқармаларымен бірлесіп, олардың білім деңгейін анықтау үшін Комиссиялар

құрады, оның жұмысының қорытындысы бойынша білім алушыны қазақстандық мектептің тиісті сыныбына қабылдау туралы шешім қабылданады.

14. Білім беру ұйымдарында білім алушының, заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынастары тараптардың құқықтары мен міндеттерін, оқу мерзімдерін, жекеменшік білім беру ұйымдарында оқу төлемінің мөлшерін айқындайтын шартпен реттеледі.

15. Он алты жасқа дейінгі балаларды білім беру ұйымдарынан шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымын мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда рұқсат етіледі.

Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады.

16. Білім беру ұйымдарынан шығарылған кәмелетке толмаған балалардың жалпы орта білім алуы жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жалғастырылады

17. Білім беру ұйымдарында оқу процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап келесі жылғы 31 мамырға дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

18. Қызметкер мен білім беру ұйымының еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

2-тарау. Білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі

19. Білім алушылар, педагогтар, білім алушылардың заңды өкілдері білім беру процесінің субъектілері болып табылады.

20. Қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды негізгі орта, жалпы орта білім беретін үлгілік оқу бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар білім беру ұйымдары береді.

21. Орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы педагогтерге тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе басқа да кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік сүйемелдеу немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адамдар, сондай-ақ "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен адамдар жатады.

22. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің жұмыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленеді.

23. Білім беру ұйымдарының педагогтары "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдык зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) жыл сайын медициналық тексеруден өтеді.

24. Білім беру ұйымдары оқу процесін "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген), "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 сәуірде № 8424 тіркелген) сәйкес жүзеге асырады.

Білім беру ұйымдары, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

25. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен машықтарын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, коммуникативтік дағдылардың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

26. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін меңгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталған.

Үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.

27. Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары бейіндік оқытуды енгізе отырып, дифференциациялау, интеграциялау және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленген.

28. Білім беру ұйымдарында оқу және тәрбие процесі үлгілік оқу бағдарламаларына және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігінің құрамына кіретін және нақты ұйымның ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарын және бағдарламаларын әзірлеуді білім беру ұйымы дербес жүзеге асыруға құқылы.

Орта білім беру ұйымдары оқу жұмыс жоспарының үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес қамтамасыз етеді.

29. Білім беру ұйымдарында қосымша білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары іске асырылады.

30. Білім беру ұйымдарында оқыту процесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабақтар кестесімен регламенттеледі.

31. Білім беру ұйымдары білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етеді.

32. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған білім беру ұйымдары бекітетін ережелермен айқындалады.

33. Білім беру ұйымдарында балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-76 бұйрық).

34. Білім беру ұйымындағы сабақтар кестесін оның басшысы не оны алмастыратын тұлға бекітеді.

Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі.

Білім беру ұйымдарындағы сабақ кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді.

35. Жалпы білім беру ұйымдарының барлық түрінде білім алушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде бес минут, үлкен үзіліс (екінші немесе үшінші сабақтан кейін) отыз минутты құрайды.

Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы он бес минуттан екі үзіліс жасау қарастырылады.

36. Жалпы білім беру ұйымдарында сабақтың ұзақтығы қырық бес минуттан аспайды. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оқу сабақтарының сатылы режимін қолданылады. Қыркүйекте үш сабақ отыз бес минуттан, қазаннан бастап қырық бес минуттан жоспарланады. Сабақтарда дене шынықтыру минуттарын және көзге арналған жаттығулар өткізіледі.

Бірінші сынып білім алушылары үшін жыл бойы қосымша бір апталық каникул көзделеді. Бастауыш мектепте қосарланған сабақтарды өткізу қарастырылмайды

37. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында білім беру ұйымдары "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 125 бұйрығы) білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

38. Білім беру ұйымдары бір күндегі ең жоғары оқу жүктемесін белгілеуде, өздерінің жарғыларында айқындалатын оқыту нысандарын, құралдарын және әдістерін таңдауда дербес болады.

39. Білім беру ұйымдары, білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені, айналасындағыларға толерантты қарым-қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде тамақтандыру объектілерінің жұмыс

істеуін қамтамасыз ету жолымен теңгерімді дұрыс тамақтануды және табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

40. Орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында тиісті жағдайлар жасау үшін № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидаларына сәйкес оқу жайларымен бірге алаңы бар материалдық активтердің меншік не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару, немесе жалға алу құқығына тиесілі материалдық активтердің (оқу кабинеттерінің, жарақтандыру нормаларына сәйкес жабдықтар мен жиһаздардың, бастауыш білім беру деңгейі үшін жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың; компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен қамтылудың, оқу зертханалардың, спорт залдардың, медициналық пункттердің, асхана немесе буфеттің), ғимараттардың (оқу корпустарының) болуы, сондай-ақ орта білім беру ұйымының жайларында және (немесе) оған іргелес аумақтарда бейнебақылаудың болуы қажет.

41. Орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматтандырылған ақпарат алмасуды және деректерді өзектендіруді және ұлттық білім беру деректер қорындағы деректерді өзектендіруді қамтамасыз етеді.

42. Білім беру ұйымының басшысы "Білім туралы" Заңның 44-бабының 3 тармағына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

43. Білім беру ұйымдарында алқалық басқару органдары құрылады. Педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогтік әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарының алқалық басқару нысандары болып табылады.

44. Оқу пәндерін тереңдетіп оқытатын білім беру ұйымдарына әр сыныпқа 4 сағат есебінен факультативтерді және оқушылардың таңдауы бойынша қосымша курстарды ұйымдастыруға қаржы бөлінеді..

45. Мемлекеттік мектептерде ақылы білім беру қызметі бюджеттен қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметі шеңберінде және оның орнына көрсетіледі.

3-тарау. Оқыту бейіні бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

46. Оқыту бейіні бойынша білім беру ұйымдарының негізгі түрлері мыналар болып табылады:

- 1) гимназия;
- 2) лицей;

3) бейіндік мектеп;

47. Гимназияның негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) жоғары деңгейлі мәдениетті, қоғам өміріне бейімделген, кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және меңгеруге дайын зияткер тұлғаны қалыптастыру;

2) жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеру үшін неғұрлым қабілетті және дайындығы бар оқушыларға оңтайлы жағдай жасау.

48. Гимназия жалпы орта білім беретін 1-11(12) сыныптар базасында келесі құрылым бойынша ұйымдастырылады:

1) бастауыш білім беру деңгейі (бастауыш мектептің 1-4 сыныптары) оқу қызметінің негізгі дағдысы мен машығын, теориялық ойлау элементтерін, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзету дағдысын меңгеруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ баланың жеке қабілетін анықтауға бағытталған;

2) негізгі орта білім беру деңгейі (негізгі мектептің 5-9 (10) сыныптары) базалық дайындықпен қатар оқушының бейіналды дайындығын қамтамасыз ететін негізгі мектептің негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеру негізінде оқушы тұлғасының қалыптасуын қамтамасыз етеді. Осы сатыда ішкі және сыртқы дифференциация негізінде оқушының базалық дайындығының аяқталуын қамтамасыз етеді;

3) жалпы орта білім беру деңгейі (жоғары мектептің 10-11(12) сыныптары) оқытудың бейіндік бағдарламаларын меңгеру негізінде оқушының жалпы орта білім беру дайындығын аяқтауды қамтамасыз етеді.

Гимназияның негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі ұйымдары дербес білім беру мекемелері ретінде жұмыс істей алады.

49. Гимназиялар (гуманитарлық, лингвистикалық, эстетикалық бейіндегі, көп бейінді) жоғары білікті педагогтер, қажетті ғылыми-әдістемелік, оқу, материалдық жағдайлар болған жағдайда дербес, жалпы білім беретін мектептердің құрамында немесе тиісті бейіндегі жоғары оқу орындарының жанында құрылады.

50. Гимназия Жарғысын гимназия кеңесі (педагогикалық кеңес) қабылдайды және жергілікті атқарушы биліктің білім беруді басқару органдары бекітеді.

51. Гимназия базасында ғылыми-әдістемелік ұсынымдарға, жаңа үлгідегі оқу-тәрбие мекемелерінің модельдеріне, оқу қызметін ұйымдастырудың құрылымдары, мазмұны мен нысандарына тәжірибелік тексеру жүзеге асырылады.

52. Лицейдің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) жоғары деңгейлі мәдениетті, қоғам өміріне бейімделген, кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және меңгеруге дайын зияткер тұлғаны қалыптастыру;

2) жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеру үшін неғұрлым қабілетті және дайындығы жоғары оқушыларға оңтайлы жағдай жасау;

3) білім алушыларды кәсіптік оқытуға бағдарланған пәндер бойынша дайындау.

53. Лицей жалпы орта білім беретін мектептің 1-11 (12) сыныптарының базасында келесі құрылым бойынша ұйымдастырылады:

1) бастауыш білім беру деңгейі (бастауыш мектептің 1-4 сыныптары) оқу қызметінің негізгі дағдысы мен машығын, теориялық ойлау элементтерін, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзету дағдысын меңгеруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ баланың жеке қабілетін анықтауға бағытталған;

2) негізгі орта білім беру деңгейі (негізгі мектептің 5-9 (10) сыныптары) базалық дайындықпен қатар оқушының бейіналды дайындығын қамтамасыз ететін негізгі мектептің негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеру негізінде оқушы тұлғасының қалыптасуын қамтамасыз етеді;

3) жалпы орта білім беру деңгейі (10-11(12) сыныптар) оқытудың бейіндік бағдарламаларын меңгеру негізінде білім алушының жалпы орта білім беру дайындығын аяқтауды қамтамасыз етеді.

54. Лицейлер жоғары білікті педагогтер, қажетті ғылыми-әдістемелік, оқу, материалдық жағдайлар болған жағдайда дербес, жалпы білім беретін мектептердің құрамында немесе тиісті бейіндегі жоғары оқу орындарының жанында Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамада көрсетілген тәртіппен құрылады.

55. Лицейдің Жарғысын лицей кеңесі (педагогикалық кеңес) қабылдайды және жергілікті атқарушы биліктің білім беруді басқару органдары бекітеді.

56. Лицей базасында ғылыми-әдістемелік ұсынымдарға, жаңа үлгідегі оқу-тәрбие мекемелерінің модельдеріне, оқу қызметін ұйымдастырудың құрылымдары, мазмұны мен нысандарына тәжірибелік тексеру жүзеге асырылады.

57. Бейіндік мектептің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) білім алушыларға тиісті бағыттар бойынша жеке білім беру бағдарламаларын таңдау мүмкіндігін беру;

2) жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық және технологиялық бағыттар бойынша жалпы орта білім беру мазмұнының дифференциациялануын, интеграциялануын және кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ету;

3) кәсіптік оқытуға бағытталған пәндер бойынша білім алушыларды дайындау арқылы оқытудың алдағы траекториясын анықтау;

4) білім алушыларды мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында анықталған оқу пәндерінің базалық деңгейін арттыра отырып бейінді пәндер бойынша оқыту;

5) білім алушыларды тиісті бейіндегі жоғары білім алуға бағыттау;

6) жоғары деңгейлі мәдениетті, қоғам өміріне бейімделген, кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және меңгеруге дайын зияткер тұлғаны қалыптастыру.

58. Бейіндік мектеп бағыттар бойынша білім беру оқу бағдарламаларын меңгеру негізінде білім алушының жалпы білім беру дайындығын аяқтауды қамтамасыз етеді.

59. Бейіндік мектептің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын білім беру саласындағы уәкілетті орган анықтайды.

60. Бейіндік мектепті құру және тарату жергілікті атқарушы органның құзырына жатады.

61. Бейіндік мектептің базасында ғылыми-әдістемелік ұсынымдарға, жаңа үлгідегі оқу-тәрбие мекемелерінің модельдеріне, оқу қызметін ұйымдастырудың құрылымдары, мазмұны мен нысандарына сынақ жүзеге асырылады.

62. Бейіндік мектеп тұлға, қоғам, мемлекет мүдделері үшін оқытуды және тәрбиелеуді жүзеге асырады, денсаулықты сақтауды және тұлғаның жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлар жасауды, оның ішінде білім алушылардың өздігінен білім алуға және қосымша білім алуға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

63. Гимназиялар мен лицейлерге қабылдау № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

64. Оқушыларды қабылдау, сыныптан-сыныпқа көшіру, оқудан шығару оқу үлгерімінің нәтижесі бойынша (рейтингтік балмен) гимназия, лицей Кеңесінің (педагогикалық кеңес) шешіміне және гимназия, лицей Жарғысына сәйкес жүргізіледі.

65. Оқудан шығарылған білім алушылар мектеп-гимназияның, мектеп-лицейдің жалпы білім беретін сыныптарында оқуын жалғастырады немесе аудандық (қалалық) білім бөлімімен тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беретін мектепке ауысады.

66. Жалпыға міндетті негізгі және қосымша бағдарламалардың меңгерілуін іске асыратын гимназия мен лицейлерде, бейіндік мектептерде оқу және тәрбие процесін ұйымдастыру мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу бағдарламаларына, оқу жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

67. Гимназия, лицей және бейіндік мектептердің жеке оқу жоспарларын білім беру ұйымының әкімшілігі бекітеді және өңірлік білім басқармаларымен (бөлімімен) келісіледі.

68. Вариативті оқу бағдарламалары және гимназияның кәсіптік бағытталған арнайы курстары жоғары оқу орындарының тиісті кафедраларымен келісіледі.

Гимназиялық компонент:

1) әрбір гимназияның жеке таңдауымен бейіндік оқытуды, жеке дамыту бағдарламасын, инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын пайдаланумен;

2) гимназияның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жаңа оқу бағдарламаларын, бейіндік пәндерді енгізумен қамтамасыз етіледі.

69. Гимназиялардың және лицейлердің вариативтік және кәсіптік бағдарланған арнайы курстарының оқу бағдарламалары жоғары оқу орындарының тиісті кафедраларымен келісіледі.

Лицей компоненті:

1) әрбір лицейдің жеке таңдауымен бейіндік оқытуды, жеке дамыту бағдарламасын, инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын пайдаланумен;

2) лицейдің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жаңа оқу бағдарламаларын, бейіндік пәндерді енгізумен қамтамасыз етіледі.

70. Гимназияларда, лицейлер мен бейіндік мектептерде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және оларды басқару осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

71. Оқуда жоғары нәтижеге жеткен, шығармашылық және ғылыми-зерттеу қызметіне бейімділік танытқан оқушыларға лицей қорынан, жоғары оқу орындарынан түскен және басқа да қаражаттан стипендия тағайындалады.

72. Гимназияда, лицейде, бейіндік мектепте білім деңгейін, оқу мерзімін, оқуға төленетін ақы көлемін, басқа да жағдайларды анықтайтын гимназия мен білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдердің) арасындағы шартпен реттелетін оқу жоспарының пәндері бойынша оқушылардың жеке жұмысын ауыстырмайтын ақылы қосымша білім беру қызметін ұйымдастыру мүмкін.

73. Гимназия, лицей, бейіндік мектеп үлгілік штат негізінде құрылған жеке штаттық кесте бойынша жұмыс істейді.

74. Гимназияға, лицейге, бейіндік мектепке жалпы басшылықты құрамына тиісті жоғары оқу орнының өкілдері кіретін гимназияның Кеңесі немесе педагогикалық кеңесі жүзеге асырады.

75. Бейінді мектеп білім алушылардың контингентін қалыптастыру білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, білім алушылардың тұратын аумағын есепке алмай негізгі орта білім беру деңгейінде оқуды аяқтағаннан кейін жүзеге асырылады.

76. Бейіндік мектептердің оқу жоспарлары жеке өзіндік дамуды, коммуникативті қабілеттерді, ақпараттар мен технологияларды қолдануды, мәселелерді шешуді, тапқырлық пен шығармашылықты қалыптастыратын білім алудағы дербестікті қамтамасыз ететін білім берудің вариативтілігін қарастырады.

77. Үлгілік оқу жоспарының вариативті компонентін іске асыратын қолданбалы курстардың және таңдау бойынша курстардың оқу бағдарламаларын білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган бекітеді.

78. Бейіндік мектепте оқу-тәрбие процесі оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау және оның іске асырылуын бақылау негізінде ұйымдастырылады.

79. Бейінді пәндерді жүргізу кезінде сынып оқушыларының саны бейіндік мектептерде 24 және одан көп болса, сыныпты 2 топқа бөлу жүзеге асырылады.

80. Таңдау бойынша курстарды жүргізу кезінде білім алушылар тобы жеке 11 және 12-сынып білім алушыларының санынан жинақталады.

81. Оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуі керек. Бейіндік мектепте оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесінің жоспарын және сабақтар кестесін бекіту арқылы жүзеге асырылады.

82. Бейіндік мектептегі тәрбие жұмыстарының жүйесі отансүйгіштікті, азаматтықты, этникааралық толеранттылықты, жоғары адамгершілік пен өнегелікті қалыптастыруға, сондай-ақ функционалды сауаттылықты, білім

алушылардың, тәрбиеленушілердің жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

83. Оқытудың формалары мен әдістері білім беру нәтижелеріне қол жеткізудің сәттілігін, алынған білімдерді оқу және практикалық қызметте қолдану қабілетін қамтамасыз ететін логикалық, сыни және құрылымдық ойлауды қалыптастыруға бағытталған.

84. Бейіндік мектептер сынып ұжымын фронтальды оқыту формасынан интерактивті, инновациялық, жобалау-зерттеу технологияларын, сандық инфрақұрылымды пайдалана отырып, әр білім алушының жеке білім алу траекториясын іске асыруға көшуді қамтамасыз етеді.

85. Бейіндік мектептегі жалпы орта білім беру мазмұны "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес айқындалады.

86. Жарғылық мақсаттар мен міндеттерге сәйкес бейіндік мектеп ақылы негізде ақылы қызметтерді көрсету туралы келісім жасай отырып, қосымша білім беру бағдарламаларын ұсынуға және қолданыстағы заңнамаға сәйкес МЖБС талаптарынан тыс қосымша білім беру қызметтерін көрсетуге құқылы.

87. Бейіндік мектептерде алқалық басқару органдары құрылады. Алқалық басқару нысандары: қамқоршылық кеңес, педагогикалық, әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңестер, ата-аналар комитеті және т.б. болып табылады.

88. Бейіндік мектептің ұйымдастыру құрылымы, басқару жүйесі және барлық қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері мектептің білім беру үлгісінің ерекшеліктеріне сәйкес әзірленеді.

89. Бейіндік мектепте жұмыс істеу үшін педагогикалық ұжым жоғары білікті педагогтерден: жоғары санатты мұғалімдерден, магистрлерден, сондай-ақ ғылым кандидаттары мен докторлардан құралады.

90. Гимназия мен лицейлерге білім алушылардың таңдауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар ұйымдастыруға әр сыныпқа 4 сағат есеппен, сондай-ақ әр сыныпқа үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар және т.б. ұйымдастыру үшін мұғалімдерге 0,25 ставкада, және/немесе шарт

негізінде жоғары білікті мамандарға жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін мектепке жылына 1500 сағат есебіне қаражат бөлінеді. Факультативтік сабақтар және таңдау бойынша курстар топтарда 10-нан астам адам болған жағдайда өткізіледі.

91. Мемлекеттік гимназиялар мен лицейлерде ақылы білім беру қызметі бюджеттен қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметі шеңберінде және оның орнына көрсетіледі.

92. Гимназиялар, лицейлер және бейіндік мектептер:

1) білім беру, ғылым, мәдениет салалары бойынша халықаралық қызметтерге қатысуға;

2) ынтымақтастық туралы, оқытушылар мен оқушыларды алмастыру туралы шетелдік білім беру орындарымен келісім жасауға. Шетелге жолдама беру үшін мұғалімдер мен оқушыларды таңдауды лицей кеңесі жүзеге асырады;

3) қолданыстағы заңнамаға сәйкес бірлескен білім беру ұйымдарын құруға құқылы.

4-тарау. Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

93. Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша ұйымдарының негізгі түрлері мыналар болып табылады:

- 1) шағын жинақты мектеп (бұдан әрі - ШЖМ), тірек мектеп;
- 2) түзету мекеме жанындағы жалпы білім беретін мектеп;
- 3) кешкі мектеп;
- 4) девиантты мінез-құлықты балаларға арналған білім беру ұйымы;
- 5) ерекше режимде ұстайтын балаларға арналған білім беру ұйымы;
- 6) аурухана жанындағы мектеп.

Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

1-параграф. Шағын жинақты мектептер, тірек мектептері қызметінің үлгілік қағидалары

94. ШЖМ негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) сапалы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету және кеңейту;

2) оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану;

3) сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында тірек мектептерінде (ресурстық орталықта) ШЖМ-ның білім беру ресурстарын біріктіру;

4) ШЖМ білім алушылары үшін бейнеалды даярлау және бейіндік оқыту бойынша жағдай жасау;

5) тірек мектебінде (ресурстық орталықта) нұсқаушы, аралық және қорытынды сессиялық сабақтар және магниттік мектеп оқушылары үшін сессияаралық кезеңді ұйымдастыру;

б) біріктірілген сыныптарда оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру.

95. Тұрғындарының саны аз әрбір елді мекенде бастауыш ШЖМ білім алушылардың саны 5-тен 40 адамға дейін; негізгі ШЖМ білім алушылардың саны 41-ден 80 адамға дейін; орта ШЖМ білім алушылардың саны 81-ден 180 адамға дейін болған жағдайда жұмыс істейді.

96. ШЖМ-да сыныпты екі топқа бөлуге білім алушылар саны 16 және одан артық болғанда:

1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – қазақ тілі мен әдебиеті;

2) шетел тілі;

3) көркем еңбек;

4) информатика жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

ШЖМ-да сыныпты екі топқа бөлуге білім алушылар саны 16 және одан артық болғанда оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – орыс тілі мен әдебиеті сабақтарын жүргізу кезінде болады.

97. ШЖМ-да оқу-тәрбие процесі біріктірілген немесе жеке сыныптарда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға сәйкес қамтамасыз етіледі.

ШЖМ-дағы 2-11 сыныптардың толымдығына 3 және одан артық адамға дейін рұқсат беріледі.

Әртүрлі жастағы оқыту әдістемелерін қолдану кезінде 1, 2 жас айырмасын ескере отырып, екі немесе үш сыныпты біріктіруге жол беріледі.

Сыныптарды біріктіру кезінде оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзгермелі кестесі қолданылады.

Бірінші сынып, бітіруші сыныптың білім алушыларын басқа сыныптарымен біріктіріп оқыту қарастырылмайды.

98. Тірек мектебі мен магниттік ШЖМ-ның оқу қызметі тірек мектебі (ресурстық орталық) мен магниттік мектептердің бірлескен педагогикалық кеңесінде бекітілген бірыңғай оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады.

99. Магниттік мектептердің 5-11 сынып білім алушылары үшін инвариантты компоненттің оқу пәндерін оқыту арқылы оқу сессияларын өткізіледі: бастапқы – қазанның бірінші онкүндігі (10 күн), аралық – ақпанның бірінші онкүндігі (10 күн), қорытынды – сәуірдің үшінші онкүндігі (10 күн).

8-1-сыныптардың білім алушылары үшін тірек мектептер базасында оқу сессияларын өткізу міндетті, 5-7-сыныптар үшін – білім беру ұйымының қалауы бойынша.

100. Сессия кезеңінде тірек мектеп (ресурстық орталық) қосымша білім беру орталығы және толық күндік мектеп ретінде жұмыс істейді

101. Магниттік мектептердің білім алушылары үшін тірек мектепте оқу сессияларын өткізу кезінде жергілікті атқарушы органдар білім беруді басқару органының тиісті бұйрығымен ресімделетін тасымалдауға, тамақтануға және тұруға қаражат қарастырады.

102. Сессияаралық кезеңде білім алушылардың оқу-танымдық қызметі ШЖМ-да тірек мектеп (ресурстық орталық) пән мұғалімдерінің қашықтан қолдауымен өтеді.

103. ШЖМ білім алушыларының оқу сессиялары әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға, аурудың алдын алу және емдеу, санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-алдын алу іс-шараларға байланысты, қолайсыз ауа райы кезеңінде қашықтан оқытуға ауыстырылады.

104. Облыстық әдістемелік кабинеттер (орталықтар) оқу жұмыс жоспарларын әзірлеу, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау, жеке оқыту бағдарламаларын жасау, қашықтықтан оқыту нысанының мазмұны, бейінді бағытты ескере отырып, оқыту әдістері мен арнайы курстар бойынша жұмысты үйлестіруді жүзеге асырады.

2-параграф. Түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін мектептері қызметінің үлгілік қағидалары

105. Түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін мектептер (бұдан әрі - Мектеп) облыстардың және республикалық маңызды бар қалалардың білім басқармаларының келісуімен облыстардың және республикалық маңызды бар қалалардың қылмыстық-атқару жүйесі органдарының ұсынысына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың шешімімен құрылады.

106. Мектептің құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қалыптастырылады.

107. Мектептің негізгі мақсаты мен міндеттері:

1) жасы отызға жетпеген сотталғандардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімді міндетті алуы;

2) отыз жастан асқан сотталғандардың қалауы бойынша жалпы орта білім алуы;

3) кәсібі (мамандығы) жоқ сотталғандардың техникалық және кәсіптік білім алуы.

108. Мектептің білім беру процесін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

109. Мектеп қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері Мектеп Жарғысымен және осы Үлгілік қағидалармен айқындалады. Мектептің қызметі Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес лицензиялауға жатады.

110. Мектепке негізгі орта және жалпы орта білімі жоқ сотталғандар білім туралы құжаттардың негізінде қабылданады.

Сотталғандардың білім деңгейін анықтау үшін тестілеу өткізіледі.

111. Қабылдау түзеу мекемесінің басшысымен келісілген Мектеп директорының бұйрығымен ресімделеді. Сыныптарды толықтыру оқу жылы бойы жүргізіледі.

Білім алушылардың міндеттері Мектеп Жарғысымен және Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерімен белгіленеді.

112. Мектепте оқу процесі қолданыстағы Үлгілік оқу жоспарларына және бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

113. Мектепке басшылық жасауды білім беру саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен тағайындалған директор жүзеге асырады.

114. Мектеп директоры түзеу мекемесі басшысының келісімі бойынша Мектептің басшы қызметкерлерін, педагогтерді тағайындайды және лауазымнан босатады. Оларды тағайындау және босату тәртібі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

115. Мектеп директорының, басшы қызметкерлердің, педагогтердің құқықтары мен міндеттері Мектеп Жарғысымен және түзеу мекемесінің ішкі тәртіп ережелерімен белгіленеді.

116. Мектеп директоры мен педагогтер Жасақ тәрбиешілері кеңесінің құрамына кіреді, мекеме әкімшілігімен бірлесіп, сотталғандармен жүргізілетін тәрбие және әлеуметтік-психологиялық жұмыстарға қатысады.

117. Түзеу мекемесінің әкімшілігі:

1) міндетті жалпы білім беру және кәсіптік оқытуға жататын сотталғандардың есебін жүргізеді;

2) Мектеп әкімшілігінің, педагогтердің және техникалық персоналдың сотталғандарды оқыту, тәрбиелеу мәселелері бойынша мекеме бөлімдері мен қызметтерінің қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді;

3) Мектептің педагогикалық ұжымына мекеменің сотталғандарды оқыту, түзеу мәселелері жөніндегі қызметін реттейтін құқықтық және әдістемелік құжаттарды зерделеуде көмек көрсетеді;

4) Мектеп қызметкерлерінің мекемеде белгіленген режимдік талаптарды сақтауына бақылау жасайды;

5) Мектеп қызметкерлерінің түзеу мекемелерінің аумағында болған уақытында олардың қауіпсіздігі мен еңбегін қорғауды қамтамасыз етеді;

6) Мектепте сотталғандардың сабаққа қатысуларына күнделікті бақылауды жүзеге асырады.

118. Мектептің педагогикалық ұжымы:

1) мекеме әкімшілігімен бірлесіп міндетті білім алуға жататын жасы отызға толмаған және жалпы орта білімі жоқ сотталғандарды толық қамтуды қамтамасыз ету жұмысын жүргізеді;

2) сотталғандарды ұстау режимінің талаптарын ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес білім беру процесін ұйымдастырады;

3) білім алушыларға сабақтарға дайындалуына, өз бетінше білім алу әдістерін меңгеруіне, мекеме әкімшілігіне сотталғандардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне, оларды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту жұмысына көмек көрсетеді;

4) мекеме әкімшілігінің алдында оқудағы және тәртіп сақтаудағы жетістіктері үшін білім алушыларды көтермелеу туралы ұсыным жасайды;

5) Мектеп қызметкерлерінің түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерінде белгіленген сотталғандармен өзара қарым-қатынасты сақтауын қамтамасыз етеді;

6) оқу-әдістемелік құралдардың, жабдықтар мен басқа да мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді.

119. Мектеп педагогтеріне түзету мекемелері қағидаларының талаптарын бұзған жағдайда мекеме аумағына кіруге тыйым салынады.

120. Жабдықтарды сатып алу, сондай-ақ мектеп орынжайларын ұстауға байланысты шығыстар (коммуналдық қызмет көрсетулер, ағымдағы жөндеу және өзге шығындар), қызмет көрсету персоналының еңбекақысын төлеу түзеу мекемелерінің қаражаты есебінен жүргізіледі. Басшы қызметкерлер мен педагогтердің, оқу-тәрбие қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу, оқулықтарды сатып алу және жеткізу білім беруге көзделген жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

3-параграф. Кешкі мектептері қызметінің үлгілік қағидалары

121. Кешкі (ауысымды) мектеп Қазақстан Республикасының азаматтарына, жұмыс істейтін және жұмыссыз шетел азаматтарына (Қазақстан

Республикасының қолданыстағы заңнамалары шеңберінде) негізгі орта және жалпы орта білім алуға мүмкіндік береді.

122. Кешкі мектеп негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне қарай – қосымша білім беру бағдарламаларын іске асырады.

123. Кешкі (ауысымды) мектеп мемлекеттік мекеме немесе коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын ретінде құрыла алады.

124. Мектеп бір уақытта бір білім беру ұйымының шегінде мынадай нысандар бойынша оқытуды жүзеге асырады: күндізгі, кешкі, сырттай, жеке, экстернат.

125. Білім беру бағдарламаларын меңгеру шарттары мен тәртібі осы Қағидалармен және мектеп Жарғысымен белгіленеді.

126. Мектепті құру, қайта құру және жою "Білім туралы" Заңына сәйкес, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалары білім басқармаларының келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімімен жүзеге асырылады.

127. Кешкі мектеп:

- 1) үлкен қалаларда – кемінде 100 білім алушы,
- 2) шағын қалаларда – кемінде 80 білім алушы,
- 3) қала типіндегі кенттерде – кемінде 50 білім алушы;
- 4) ауылдық жерлерде – кемінде 30 білім алушы болған жағдайда құрылады.

128. Кешкі және сырттай оқыту нысандарында сыныптар кемінде 9 білім алушы болған жағдайда ашылады.

129. Қажетті қаражат пен жағдайлар болған жағдайда жергілікті басқару органдарының шешімі бойынша кешкі мектептер жанынан оқу-кеңес беру пункттері, толықтығы аз (1-ден 8-ге дейін білім алушы) сырттай оқу сыныптары немесе топтары ашылады.

130. Кешкі мектеп, білім беру кәсіпорындары мен ұйымдарында оқу-кеңес беру пункттерін, сыныптар, сырттай оқыту топтарын ашады.

131. Күндізгі жалпы білім беретін мектептер жанында оқу-кеңес беру пункттері, сырттай оқыту сыныптары мен жеке топтар, сондай-ақ күндізгі жалпы білім беретін мектептерде кешкі бөлімдер:

- 1) қалаларда кемінде 50 білім алушы;
- 2) қала типіндегі кенттерде кемінде 30 білім алушы, ауылды жерлерде кемінде 15 білім алушы болған жағдайда ашылады.

132. Күндізгі, сырттай оқу нысандары бойынша оқу-кеңес беру пункттерінің білім беру процесін ұйымдастыру осы Қағидалар негізінде жүзеге асырылады.

133. Кешкі мектеп пәндерді тереңдетіп оқытатын сыныптарды, өтемдік және түзете оқыту сыныптарын (топтарды) ашады

134. Кешкі мектептің барлық деңгейіндегі сыныптардың толықтырылуы күндізгі оқыту нысаны бойынша төмендегі құрамда бекітіледі:

- 1) қалалық білім беру ұйымдарында – 20 білім алушы;
- 2) шағын қалаларда және қала типіндегі кенттерде – 15 білім алушы;
- 3) ауылдық білім беру ұйымдарында – 10 білім алушы.

135. Сыныпта 24 және одан да көп білім алушы болған жағдайда орыс тілді мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін, шет тілдерін, көркем еңбек, информатиканы кіші топтарға бөліп оқыту жүргізіледі.

136. Кіші топтарға бөліп оқыту кешкі оқытудың сырттай нысанына қарастырылмайды.

137. Кешкі мектепке 15 жасқа толған, төмендегі құжаттар негізінде оқуға тілек білдірген тұлғалар қабылданады:

- 1) ата-анасының (заңды өкілдерінің) өтініші;
- 2) жеке өтініші;
- 3) негізгі жалпы білім туралы куәлік;
- 4) соңғы оқу жылындағы үлгерім табелі;

5) білім беру ұйымының академиялық анықтамасы (аталған оқу орнында өтілген жалпы білім беретін пәндер бойынша сағаттар саны мен бағаларын міндетті көрсете отырып);

6) жеке куәлік немесе туу туралы куәлік;

7) жұмыс орнынан анықтама (жұмыс істейтіндер үшін);

8) Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен ((Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысанындағы медициналық анықтама (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы);

9) мекенжайы туралы анықтама.

138. Ерекше жағдайларда кешкі мектепке қалалық және аудандық Әкімдіктер жанында кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия шешімімен жіберілген тұлғалар қабылданады.

139. Кешкі мектепке қабылдау оқу жылы басталғанға дейін жүргізіледі және мектеп директорының бұйрығымен ресімделеді.

140. Басқа білім беру ұйымдарынан келген тұлғалар оқу жылының барысында тиісті сыныптарға қабылданады (қорытынды және ағымдық бағалары ескеріле отырып).

141. Кешкі мектептегі білім алушылар контингенті жылына екі рет анықталады: әрбір жартыжылдық басында.

142. Кешкі мектеп білім беру процесін екі сатылы жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейлеріне сәйкес жүзеге асырады:

1) II саты – негізгі орта білім (меңгеру мерзімі: 3 жыл: 7, 8, 9 (10) сыныптар).

2) III саты – жалпы орта білім (меңгеру мерзімі: 2 жыл: 10, 11 (12) сыныптар).

143. Кешкі мектепте білім беру процесін ұйымдастыру жалпы білім беретін оқу бағдарламаларымен, оқу жұмыс жоспарымен реттеледі.

144. Кешкі мектеп жылдық күнтізбелік оқу кестесін белгілеуде, бағалау жүйесін, білім алушыларды аттестаттау тәртібі мен мерзімін таңдауда дербес.

145. Оқу жылы 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін жалғасады. Оқу жылының ұзақтығы – 36 апта, сырттай оқу нысанында – 38 апта.

146. Кешкі мектеп, кәсіпорындармен уағдаластық бойынша, қосымша білім беру қызметі, оның ішінде ақылы қызмет ретінде білім алушылардың кәсіптік дайындық жұмысын жүргізе алады.

147. Сырттай немесе кешкі оқыту сабақтарын сессиялық режимде ұйымдастыру кезінде сессиялардың уақытын Мектептің педагогикалық кеңесі белгілейді.

148. Білім алушыларды кешкі мектепке қабылдау тәртібінің Заңда қарастырылмаған бөлігібілім беру ұйымының Жарғысымен белгіленеді. Оқушыларды мектепке қабылдау олардың мекенжайына, тұрғылықты ауданына және әлеуметтік мәртебесіне қарамастан жүзеге асырылады.

149. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері мектептің Жарғысымен, мектептің ішкі тәртіп ережелерімен белгіленеді.

150. Кешкі мектепте білім алушыларға жұмыстан қол үзбей қысқартылған жұмыс аптасына, жұмыс орны бойынша қосымша ақылы демалыс пен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларында белгіленген тәртіпте ұсынылатын басқа да жеңілдіктер алуға құқық берілген.

151. Негізгі орта және жалпы орта білім беру курстары бойынша бағдарламаларды меңгеру бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

152. Кешкі мектеп бітірушілеріне олар қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін тиісті білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

153. Кешкі мектепті жалпы басқаруды өкілдік орган – Педагогикалық кеңес жүзеге асырады, оның құзыреті мектеп Жарғысымен белгіленеді.

154. Кешкі мектептегі білім беру процесін жетілдіру мақсатында Әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер, психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық қызмет құрылады. Олардың қызметі мектеп Жарғысында және қолданыстағы білім беру саласындағы заңнамада белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

155. Кешкі мектеп өзінің Жарғысы, мөрі, банкте есеп шоты бар дербес заңды тұлға болып табылады.

156. Мектеп жеке ғимаратта орналасуы тиіс. Ерекше жағдайларда, жергілікті Әкімдіктер жалға алған ғимаратта болуы қажет.

157. Мектеп қызметін қаржылық қамтамасыз ету қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

4-параграф. Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған білім беру ұйымы қызметінің үлгілік қағидалары

158. Осы қағидалардағы девиантты мінез-құлықты балаларға арналған білім беру ұйымдары – ол "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Заң) 13-бабының 1-тармағында көрсетілген кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуді, оқытуды және әлеуметтік оңалтуды қамтамасыз ететін арнайы білім беру ұйымдары (бұдан әрі – Арнаулы білім беру ұйымдары).

159. Арнаулы білім беру ұйымы заңды тұлға болып табылады, оқшауланған мүлкі, өз атауы бар, мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ банкте шоті болады және тәрбиеленушілердің психофизиологиялық ерекшеліктеріне, денсаулық сақтау, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғау талаптарына сәйкес тәрбие бағдарламасын дербес әзірлейді.

160. Арнаулы білім беру ұйымы өз жарғысын "Білім туралы", "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы", "Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары және осы Қағидалар негізінде әзірлейді.

161. Арнаулы білім беру ұйымының міндеттері:

- 1) кәмелетке толмағандарды әлеуметтік бейімдеу және оңалту;
- 2) кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың және қоғамға жат қылықтардың алдын алу;
- 3) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- 4) кәмелетке толмағандардың заңға бағынуы мінез-құлықтарын қалыптастыру;

5) оқыту және тәрбиелеу процесінің үздіксіздігі мен біртұтастығын қамтамасыз ету.

162. Арнаулы білім беру ұйымдары оқу-тәрбие немесе емдеу-тәрбие мекемелері болып табылады және әкімшілік ықпал ету шараларына әкеп соғатын құқық бұзушылықтарды жүйелі түрде жасайтын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алудан қасақана жалтаратын, отбасынан және балалардың оқу-тәрбие ұйымдарынан өз бетінше жүйелі түрде кетіп қалатын, өзге де қоғамға жат іс-әрекеттер жасайтын он бір жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуді, оқытуды және әлеуметтік оңалтуды қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

163. Арнаулы білім беру ұйымдары кәмелетке толмаған әйел және ер жынысты бөлек орналастыруды қамтамасыз ету ескеріле отырып құрылады. Ер және әйел жынысты тәрбиеленушілердің, сондай-ақ 15-18 жастағы 11-14 жастағы тәрбиеленушілердің жатын корпустарын оқшаулау міндетті шарт болып табылады.

164. Тәрбиеленушілердің тұру жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен белгіленеді.

165. Арнаулы білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ететін ғимараттар мен құрылыстар кешені: тәрбиеленушілерге арналған белгіленген нормативтер бойынша жабдықталған оқу және тұрғын үй-жайлар, ас блогы, изоляторы бар медициналық пунктке арналған үй-жай, клуб, спорт қалашығы, оқу-өндірістік шеберханалар, ауыл, бау-бақша немесе өзге де шаруашылық болады.

166. Изоляторы бар медициналық пункттің қызметі арнайы білім беру ұйымының басшылығымен және денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органымен реттеледі. Қажет болған жағдайда арнайы білім беру ұйымы денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының бейінді медициналық мекемелерінің көмегін пайдаланады.

167. Арнайы білім беру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімді жергілікті атқарушы органдар қабылдайды.

168. Арнаулы білім беру ұйымындағы кәмелетке толмағандарға арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенін көрсету өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

169. Кәмелетке толмаған адам арнайы білім беру ұйымына бір айдан бір жылға дейінгі мерзімге кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған сот шешімінің негізінде жіберіледі.

Өмір сүру және тәрбиелеу жағдайлары бойынша бұрынғы тұрғылықты жерінде қалдыруға болмайтын кәмелетке толмаған күдікті қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысы бойынша қорғаншы және қамқоршы органдардың қатысуымен қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезеңінде тұру үшін арнаулы білім беру ұйымына орналастырылуы мүмкін.

170. Арнаулы білім беру ұйымына кәмелетке толмағандарды айқындау үшін құжаттар жинауды кәмелетке толмағандарды анықтауды және есепке алуды жүзеге асыратын білім беру, ішкі істер, денсаулық сақтау органдары қамтамасыз етеді.

Арнаулы білім беру ұйымына жіберілетін әрбір кәмелетке толмаған адамға:

1) кәмелетке толмаған адамды арнаулы білім беру ұйымына жіберу туралы сот шешімі;

2) туу туралы куәлік (жеке куәлік);

3) білім алушының жеке ісі;

4) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 065/е нысаны бойынша профилактикалық екпелердің картасы және "Бала денсаулығы паспорты" 026/у-3 есеп нысанын толтыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 24 маусымдағы № 469 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2423 болып тіркелген) бекітілген № 026/у-3 есепке алу нысаны (бұдан әрі – толтыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулық);

5) отбасының құрамы, отбасының әлеуметтік мәртебесі туралы мәліметтерді, ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне толық деректерді, олардың нақты тұратын жерін, жұмыс орнын, кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағу және тәрбиелеу үшін жағдайлардың бар-жоғын көрсете отырып, отбасының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын зерттеп-қарау актісі;

6) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері (түлектері) қатарынан кәмелетке толмағандарға ата-ана қамқорлығының жоқтығын растайтын құжаттар;

7) оқу орнынан мінездеме;

8) әскерге шақыру жасындағы адамдар үшін тіркеу куәлігі.

9) қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке істің құжаттары, сондай-ақ кәмелетке толмағандар туралы мәліметтер жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ баланы отбасына қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық

дерекқорына (бұдан әрі-Республикалық дерекқор) кәмелетке толмағанды арнайы білім беру ұйымына қабылдаған кезден бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей енгізіледі.

171. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № ҚР ДСМ-17 бұйрығымен (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-17 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26931 болып тіркелген) бекітілген Кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдары мен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында бағып-күтуге және оқытуға кедергі болатын аурулардың тізбесіне сәйкес денсаулық жағдайында ауытқулары бар кәмелетке толмағандар арнаулы білім беру ұйымына жіберілмейді.

172. Алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын және психотроптық заттарды, сол тектестерді теріс пайдаланатын кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына жіберу туралы мәселені қарау кезінде оларға психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты психикалық, мінез-құлық бұзылуынан (ауруынан) емделуден өтуді тағайындаудың орындылығы міндетті түрде зерделенеді.

173. Арнаулы білім беру ұйымдарының әкімшілігі:

1) кәмелетке толмағандарды ұстаудың көрсетілген мекеменің аумағын күзетуді, тәрбиеленушілердің жеке қауіпсіздігін және олардың теріс әсерден барынша қорғалуын, көрсетілген мекеменің аумағына бөгде адамдардың еркін кіруін және тәрбиеленушілердің одан өз бетінше кетуін шектеуді, кәмелетке толмағандарды, оның ішінде ұйықтауға бөлінген уақытта тәулік бойы бақылауды, кәмелетке толмағандарды, олардың заттарын және жатын үй-жайларын жеке қарап-тексеруді қамтитын арнайы жағдайларын қамтамасыз етеді;

2) көрсетілген мекеменің орналасқан жері бойынша және кәмелетке толмағандардың тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарын олардың өз бетінше кету фактілері туралы хабардар етеді және оларды іздестіру мен қайтару бойынша тікелей қатысады;

3) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға кәмелетке толмағанның тұрғылықты жері бойынша оны аталған мекемеден шығару туралы болу мерзімі аяқталғанға дейін бір айдан кешіктірмей хабарлама, сондай-ақ кәмелетке толмағанға мінездеме және онымен одан әрі жеке профилактика шараларын жүргізу және оған еңбекке және тұрмыстық орналастыруда жәрдем көрсету қажеттігі туралы ұсынымдар жібереді;

4) кәмелетке толмаған бала мекемеге келіп түскен күннен бастап он тәулік ішінде оның ата-анасын немесе оларды алмастыратын адамдарды жазбаша хабардар етеді және өзінің заңды мекенжайын хабарлайды;

5) кәмелетке толмаған адамның тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарының оның келу фактісі туралы жазбаша растауын сұратады;

6) кәмелетке толмағандардың ата-аналарымен немесе оларды алмастыратын адамдармен хат алмасу, қоңырау шалу, жеке әңгімелесу, ата-аналар жиналыстарын өткізу арқылы жүйелі байланысты қолдайды.

174. Кәмелетке толмағандарды арнаулы ұйымдарға жеткізу Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіппен кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары немесе өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтары арқылы ювеналдық полиция қызметкерлерінің ілесіп жүруімен жүзеге асырылады.

175. Оқуға қабылдау арнайы білім беру ұйымы директорының немесе оның міндетін атқарушы лауазымды тұлғаның бұйрығымен ресімделеді. Кәмелетке толмағандар оқитын сыныпты анықтау білім туралы қолда бар құжаттардың негізінде жүргізіледі.

176. Сот айқындаған тәрбиеленушілердің арнаулы білім беру ұйымдарында болу мерзімі арнаулы білім беру ұйымы әкімшілігінің өтінішхаты бойынша ұзартылуы мүмкін.:

1) кәмелетке толмаған адамның өтініші бойынша, бірақ ол Кәмелетке толғанға дейін жалпы білім беретін немесе кәсіптік даярлығын аяқтау қажет болған жағдайларда;

2) әкімшілік ықпал ету шараларына әкеп соғатын құқық бұзушылықтарды үнемі жасау, орта білім алудан қасақана жалтару, арнаулы білім беру ұйымдарынан өз бетінше кетіп қалу, өзге де қоғамға жат іс-әрекеттер жасау қағидаттарына негізделеді.

177. Тәрбиеленушілерді арнаулы білім беру ұйымынан шығару сот айқындаған мерзім аяқталғаннан кейін ұйым директорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

178. Кәмелетке толмағанның арнаулы білім беру ұйымында болуы оның кәмелетке толуына байланысты, сондай-ақ, егер мекеме әкімшілігінің ұсынуы негізінде сот кәмелетке толмаған адам өзінің түзелуі үшін бұдан былай осы шараны қолдануды қажет етпейді деген қорытындыға келсе, не медициналық қарсы көрсетілімдер бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

179. Арнаулы білім беру ұйымының тәрбиеленушісі қылмыстық жауаптылық туындайтын жасқа толғанға дейін қылмыс белгілері бар қоғамға

қауіпті іс-әрекет жасаған жағдайда, ол "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Заңның 14-бабында белгіленген тәртіппен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына жіберіледі. Кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарынан ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына ауыстырудың орындылығы туралы шешімді сот ішкі істер органының ұсынуы бойынша қабылдайды.

180. Кәмелетке толмағандарды бір арнайы білім беру ұйымынан екіншісіне ауыстыру ерекше жағдайларда тәрбиеленушілердің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу және кәмелетке толмағандардың топтарын құқыққа қарсы немесе қоғамға қарсы бағыттаумен ажырату мақсатында білім беруді басқару органдарымен келісу бойынша жүзеге асырылады.

181. Арнаулы білім беру ұйымдарынан мерзімінен бұрын немесе сот айқындаған мерзімнің аяқталуына байланысты кететін кәмелетке толмағандар оларды одан әрі орналастыратын жерге ата - аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың ілесіп жүруімен, ал олардың келуі мүмкін болмаған жағдайда-арнаулы білім беру ұйымы қызметкерлерінің ілесіп жүруімен жіберіледі.

Кәмелетке толуына байланысты арнаулы білім беру ұйымдарынан шығатын кәмелетке толмағандар тұрақты тұратын жеріне өз бетінше бара алады.

182. Арнаулы білім беру ұйымдарының әкімшілігі шығып қалудың барлық жағдайларында түлектерге мекемеде болған кезеңінде олардың пайдалануында болған маусымдық киім мен аяқ киім жиынтығын береді.

183. Кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарынан шығарған кезде оларды алып жүретін адамдарға: кәмелетке толмағанға тиесілі заттар, ақша, жеке құжаттар, аттестат немесе білімі мен еңбек даярлығы туралы анықтама, мінездеме, жүргізілген егулер туралы және эпидемиологиялық орта туралы мәліметтерді міндетті түрде көрсете отырып, медициналық картадан үзінді беріледі.

184. Кәмелетке толмағандар арнаулы білім беру ұйымдарынан:

1) осы мерзім аяқталатын күні сот айқындаған мерзім аяқталған кезде;

2) кәмелеттік жасқа толған күні мерзімінен бұрын;

3) егер сот мекеме әкімшілігінің не кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аумақтық комиссияның ұсынуы негізінде кәмелетке толмаған адам осы шараны одан әрі қолдануды қажет етпейді деген қорытындыға келсе, соттың тиісті шешімі келіп түскен күні, ал егер соттың

шешімі жұмыс күні аяқталғаннан кейін алынса, келесі күні мерзімінен бұрын жасалуы мүмкін;

4) кәмелетке толмаған адамды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына жіберу;

5) "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Заңына сәйкес кәмелетке толмаған баланың осы мекемеде бола алмайтын мән-жайлар туындаған кезде тоқтатылады.

185. Білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие жұмысы МЖМБС негізінде әзірленген білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

186. Негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттаудан өткен тәрбиеленушілерге негізгі орта білім туралы немесе жалпы орта білім туралы аттестат беріледі, ол жеке істерінде сақталады және арнайы білім беру ұйымдарынан шыққан кезде қол қойғызып, олардың қолына беріледі. Қалған тәрбиеленушілерге бітіру кезінде барлық пәндер бойынша бағалары көрсетілген табель беріледі.

187. Арнаулы білім беру ұйымында кәмелетке толмағандарды оқыту мен тәрбиелеу олардың жас және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, сараланып жүргізіледі.

Білімдеріндегі олқылықтары бар тәрбиеленушілер үшін білімді теңестіру бағдарламасы қолданылады.

188. Арнаулы білім беру ұйымында еңбекке баулу кәмелетке толмағандардың жасы мен дене бітімінің дамуын ескере отырып, оқу-өндірістік шеберханаларда, оқу-тәжірибе учаскесінде және қосалқы шаруашылықта күніне екі сағаттан төрт сағатқа дейін жүзеге асырылады.

189. Тәрбиеленушілерді арнаулы білім беру ұйымында кәсіптік даярлау Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

190. Біліктілік емтиханын тапсырған тәрбиеленушілерге нақты мамандық бойынша тиісті біліктілік деңгейі беріледі және біліктілік беру туралы куәлік (сертификат) беріледі.

Технология оқытушысының немесе өндірістік оқыту шеберінің жоғары немесе орта кәсіптік білімі, нақты мамандық бойынша жоғары өндірістік біліктілігі және тиісті мамандық бойынша жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.

191. Өзін-өзі даярлау бойынша сабақтар күн тәртібінде арнайы бөлінген сағаттарда педагогтердің басшылығымен өткізіледі.

192. Тәрбиеленушілерді оқу-тәрбие процесіне және әлеуметтік оңалтуға байланысты емес іс-шараларға тартуға тыйым салынады.

193. Арнаулы білім беру ұйымдарында көтермелеу және жазалау шаралары қолданылады.

194. Тәрбиеленушілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хат алмасуға, сәлемдемелер, сәлемдемелер, бандерольдер (рұқсат етілген заттар мен өнімдер тізбесін сақтай отырып), ақша аударымдарын алуға рұқсат етіледі.

195. Білім алушылардың ақшалай қаражатын жұмсауға арнайы білім беру ұйымы әкімшілігінің немесе педқызметкерлерінің рұқсаты бойынша және бақылауымен жол беріледі.

196. Сақтауға тыйым салынған заттардың бар екендігі туралы деректер болған кезде арнайы білім беру ұйымының әкімшілігі оқушының заттарын, келіп түскен сәлемдемелерді, бандерольдер мен сәлемдемелерді тексеруді жүргізеді.

197. Арнайы білім беру ұйымдарының аумағында сенбіліктер, толық тазалау, өзіне-өзі қызмет көрсету жұмыстары кезінде тәрбиеленушілерді денсаулығына қауіпті орындарды, сондай-ақ жалпы пайдалану орындарын жинау үшін тарту қарастырылмайды.

198. Директордың құқықтық тәрбие жөніндегі орынбасарын, құқықтық тәрбие жөніндегі кезекшіні педагогикалық немесе заң білімі және балалармен жұмыс тәжірибесі бар адамдар арасынан арнайы ұйымның директоры тағайындайды. Құқықтық тәрбие бойынша кезекшілердің саны штат кестесіне сәйкес білім алушылар санының 10% есебінен айқындалады.

199. Арнайы білім беру ұйымы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидаларды және білім беру ұйымының жарғысын басшылыққа алады.

200. Арнаулы білім беру ұйымына тікелей басшылықты Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес тағайындалатын директор жүзеге асырады.

201. Арнаулы білім беру ұйымдарында алқалы басқару органдары құрылады.

202. Арнаулы білім беру ұйымдарын қаржыландыру жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

203. Қосымша, демеушілік қаражатты есепке алу және жұмсау Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

5-параграф. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымы қызметінің үлгілік қағидалары

204. Осы Қағидаларда ерекше режимде ұстайтын балаларға арналған білім беру ұйымдары – "Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы" Заңның 14-бабының 2-тармағында көрсетілген ерекше тәрбиелеу, оқыту және арнайы педагогикалық тәсілді талап ететін кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуді,

оқытуды және әлеуметтік оңалтуды қамтамасыз ететін ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдары болып табылады.

205. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдары он бір жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар үшін еркек және әйел жынысты адамдарды бөлек орналастыру шартымен құрылады.

206. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымы заңды тұлға болып табылады, оқшауланған мүлкі, өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ банкте шоты болады және тәрбиеленушілердің психофизиологиялық ерекшеліктеріне, денсаулық сақтау, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғау талаптарына сәйкес тәрбиелеу бағдарламасын дербес әзірлейді.

207. Ерекше режимде ұстайтын білім беруді шектеу Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы", "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы" заңдарының, осы Қағидалардың негізінде өз Жарғысын әзірлейді.

208. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымының міндеттері:

1) кәмелетке толмағандарды әлеуметтік бейімдеу және оңалту;

2) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алу болып табылады;

3) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады;

4) кәмелетке толмағандардың заңға бағынатын мінез-құлқын қалыптастыру;

5) оқыту мен тәрбиелеу процесінің үздіксіздігі мен бірлігін қамтамасыз ету болып табылады.

209. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында тәрбиеленушілердің тұру жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес белгіленеді.

210. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ететін ғимараттар мен құрылыстар кешені: тәрбиеленушілерге арналған оқу және тұрғын үй-жайлар, ас блогы, изоляторы бар медициналық пунктке арналған үй-жай, клуб, спорт алаңы, оқу-өндірістік шеберханалар, ауыл немесе бау-бақша шаруашылығы болуға тиіс.

211. Изоляторы бар медициналық пункттің қызметі арнайы білім беру ұйымының басшылығымен және денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың

жергілікті органымен реттеледі. Қажет болған жағдайда арнайы білім беру ұйымы денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының бейінді медициналық мекемелерінің көмегін пайдаланады.

212. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімді жергілікті атқарушы органдар қабылдайды.

213. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарындағы кәмелетке толмағандарға арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенін көрсету өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

214. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына тәрбиенің, оқытудың ерекше жағдайларын қажет ететін және арнайы педагогикалық тәсілді талап ететін он бір жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар орналастырылады:

1) қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толмауына не татуласуына байланысты өздеріне қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылған аса ауыр қылмыстар немесе екі және одан да көп қоғамға қауіпті іс-әрекеттер жасаған;

2) егер олар ауырлығы орташа немесе ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған және сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 83-бабында көзделген тәртіппен қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатқан жағдайларда, тоқтатыла тұрады.

Қылмыстық жауаптылық туындайтын жасқа толмаған кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберудің орындылығы туралы шешімді сот ішкі істер органының ұсынуы бойынша қабылдайды.

215. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына кәмелетке толмағандар сот шешімі бойынша алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге жіберіледі.

216. Кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына орналастыру үшін қажетті құжаттарды жинауды ішкі істер органдары қамтамасыз етеді.

Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына жіберілетін әрбір кәмелетке толмаған балаға:

- 1) кәмелетке толмаған адамды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына жіберу туралы сот шешімі; ;
- 2) туу туралы куәлік (жеке куәлік);
- 3) оқушының жеке ісі;

4) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес № 065/е нысаны бойынша профилактикалық екпелер картасы және Толтыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарымен бекітілген 026/у-3 есептік нысаны;

5) отбасының құрамы, отбасының әлеуметтік мәртебесі туралы мәліметтерді, ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне толық деректерді, олардың нақты тұратын жерін, жұмыс орнын, кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағу және тәрбиелеу үшін жағдайлардың бар-жоғын көрсете отырып, отбасының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын зерттеп-қарау актісі;

6) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері (түлектері) қатарынан кәмелетке толмағандарға ата-ана қамқорлығының жоқтығын растайтын құжаттар;

7) оқу орнынан мінездеме;

8) әскерге шақыру жасындағы адамдар үшін тіркеу куәлігі.

217. № ҚР ДСМ-17 бұйрығымен бекітілген арнаулы білім беру ұйымдарында және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандарды ұстауға және оқытуға кедергі келтіретін аурулар тізбесіне сәйкес денсаулық жағдайында ауытқулары бар кәмелетке толмағандар ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына жіберілмейді.

Алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын және психотроптық заттарды, сол тектестерді теріс пайдаланатын кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына жіберу туралы мәселені қарау кезінде оларға психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты психикалық, мінез-құлық бұзылуынан (ауруынан) емделуден өтуді тағайындаудың орындылығы міндетті түрде зерделенеді.

Жеке істің құжаттары, сондай-ақ кәмелетке толмағандар туралы мәліметтер республикалық дерекқорға кәмелетке толмағанды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына қабылдаған кезден бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей енгізіледі.

Кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастыру үшін қажетті құжаттарды жинауды және жеткізуді ішкі істер органдары қамтамасыз етеді.

Өмір сүру және тәрбиелеу жағдайлары бойынша бұрынғы тұрғылықты жерінде қалдыруға болмайтын кәмелетке толмаған күдікті қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысы бойынша қорғаншы және қамқоршы органдардың қатысуымен қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезеңінде тұру үшін ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастырылуы мүмкін.

218. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының әкімшілігі:

1) ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымының аумағын күзетуді, тәрбиеленушілердің жеке қауіпсіздігін және олардың теріс әсерден барынша қорғалуын, бөгде адамдарды ұстаудың және одан тәрбиеленушілердің өз бетінше кетуінің ерекше режимі бар білім беру ұйымының аумағына еркін кіруін шектеуді, кәмелетке толмағандарды, оның ішінде ұйықтауға бөлінген уақытта тәулік бойы байқауды және бақылауды, кәмелетке толмағандарды, олардың заттарын және жатын үй-жайларын жеке қарап-тексеруді;

2) кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымының орналасқан жері бойынша және тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарын олардың өз бетінше кету фактілері туралы хабардар етеді және оларды іздестіру мен қайтару бойынша тікелей қатысады;

3) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға кәмелетке толмағанның тұрғылықты жері бойынша оны болу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде бір ай бұрын ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымынан шығару туралы хабарлама, сондай-ақ кәмелетке толмағанға мінездеме және онымен одан әрі жеке профилактикалық жұмыс жүргізу және оған жұмысқа және тұрмыстық жағдайда орналасуға жәрдем көрсету қажеттігі туралы ұсынымдар жібереді.

4) кәмелетке толмағанның тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарының оның келу фактісі туралы жазбаша растауын сұратады.

219. Кәмелетке толмаған адамның ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымында болуы адамның кәмелетке толуына байланысты, сондай-ақ егер ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымы әкімшілігінің ұсынуы негізінде сот кәмелетке толмаған адам өзін түзеу үшін енді осы шараны қолдануды қажет етпейді деген қорытындыға келсе, мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

220. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымынан шығатын тәрбиеленушілер тұратын жерлеріне ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымы қызметкерлерінің ілесіп жүруімен жеткізіледі.

Кәмелетке толуына байланысты ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарынан кететін кәмелетке толмағандар тұрақты тұратын жеріне өз бетінше бара алады.

Шығып қалудың барлық жағдайларында ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымының әкімшілігі түлектерге осы мекемеде болған кезеңде олардың пайдалануында болған маусымдық киім мен аяқ киім жиынтығын береді.

221. Кәмелетке толмағандар ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарынан мынадай жағдайларда шығарылады:

1) сот айқындаған мерзім аяқталған кезде;

2) кәмелеттік жасқа толуына байланысты мерзімінен бұрын;

20. Білім алушылардың үлгерімін бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 5191 болып тіркелген) Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

21. ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

22. ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында, оқу жылы оқу процесінің графигіне сәйкес басталады және аяқталады.

Білім алушылар үшін оқу жылы ішінде кемінде екі рет демалыс белгіленеді. Академиялық кезеңдер мен каникул ұзақтығын ТЖКБ ұйымы дербес айқындайды.

ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда сабақ кестесі оқу процесінің графигіне және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жасалады.

Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін ұзақтығы 45 минут академиялық сағат белгіленеді.

Педагогтер үшін сабақтар арасындағы үзілістер кезінде білім алушылармен бір мезгілде тынығу және тамақтану уақыты ТЖКБ ұйымының ішкі тәртіп қағидаларымен айқындалады.

ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында әскери мамандықтар бойынша аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін ұзақтығы кемінде 40 минут академиялық сағат белгіленеді.

23. ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары, білім алушылардың тамақтану мәдениетін, оның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтануды насихаттау арқылы қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

24. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

25. ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу сабақтары сабақтар, дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, зертханалық, бақылау және өзіндік жұмыстар, консультациялар, әңгімелесулер, факультативтік сабақтар, курстық және дипломдық жобалар (курстық және дипломдық жұмыстар) және практикалар түрінде өткізіледі.

26. ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқу процесінің қатысушылары студенттер, педагогтер және кәмелетке толмаған студенттердің заңды өкілдері болып табылады.

27. ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушыларға студенттер, кадеттер, курсанттар, тыңдаушылар жатады.

28. ТжКБ ұйымдарында қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттарды ТжКБ білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар және танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында мемлекеттік аттестаттаудан немесе аккредиттеуден өткен ТжКБ білім беру ұйымдары береді.

29. ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы педагогтерге тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар және педагогтің білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, әдістемелік сүйемелдеу немесе білім беру қызметін ұйымдастыру жөніндегі кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адамдар, сондай-ақ "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармағына сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен адамдар жатады.

30. ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын ТжКБ білім беру ұйымдарындағы педагогтер саны және педагогтер лауазымдарының тізбесі "Білім туралы" Заңның 4-бабының 11) тармақшасына сәйкес айқындалады.

31. ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары педагогінің лауазымдарын алмастыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

32. ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында мамандықтар бойынша кадрлар даярлау бейініне қарай оқу-тәрбие процесін басқару үшін мамандықтар (кәсіптер) топтары, оқыту нысаны және тілдері бойынша бөлімдер және басқа да құрылымдық бөлімшелер құрылады.

33. Құрылымдық бөлімшелерде (күзиреттілік орталықтарда) басшылық етуді ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының басшысы тағайындайтын меңгеруші жүзеге асырады.

Құрылымдық бөлімшелерде (күзиреттілік орталықтарда) ерекше қызметтері ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының Жарғымен айқындалады.

34. ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында бөлімшелер (күндізгі, сырттай, кешкі) кадрлар даярлау кезінде бір немесе бірнеше мамандықтар бойынша құрылады.

35. ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын ТжКБ ұйымдарындағы оқу процесі білім беру ұйымдарындағы теориялық оқытуды, сондай-ақ өндірістік оқыту шеберінің, оқу – өндірістік шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында және оқу полигондарында практика жетекшісінің басшылығымен, кәсіпорындар (ұйымдар) базасында тәлімгердің, өндірістік оқыту шеберінің, практика жетекшісінің басшылығымен орындалатын өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы қамтиды.

Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны оқу жұмыс бағдарламаларымен және оқу жұмыс жоспарларымен айқындалады.

ТжКБ ұйымдарының кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу "кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13395 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

36. Дуальды оқыту "мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін

көрсетудің үлгілік шартының, кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен бекітілген дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысаны негізінде жасалатын дуальды оқыту туралы, (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушыға еңбек тәртіптемесінің қағидалары қолданылады.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту уақытында білім алушы білім алушының еңбек өтіліне есептелетін белгілі бір функционалдық міндеттерді орындайды және осы уақыт ішінде өтемақы төлемі жүргізілуі мүмкін.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өтетін адамдарға еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптар қолданылады.

Дуальді оқыту туралы шарт негізінде кәсіпорын (ұйым) өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін білім алушыға тәлімгерді бекітеді.

Дуальды оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру "Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13422 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

37. Шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы Мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанында ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын ТжКБ білім беру ұйымдары "Білім туралы" Заңның 63-бабына сәйкес Стандарттарының талаптарынан тыс тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы қызметтер көрсету туралы шарт жасай отырып, ақылы негізде ұсынады.

38. Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13395 болып тіркелген) Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының негізінде жүзеге асырылады.

39. Оқу-өндірістік шеберханалар, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары, күзінеттілік орталықтар – мамандықтар бойынша кадрларды даярлау бейініне қарай жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына

сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың оқу жұмыс бағдарламаларының мазмұнын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын кәсіптік білім беру ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері.

Оқу-өндірістік шеберханалар:

1) теориялық оқытуды өндірістік еңбекпен үйлестіруді;

2) білім алушылардың оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес кәсіптік дағдылар алуын;

3) өнім шығаруды ұйымдастыруды, шеберханалар үшін құрал-саймандар мен құралдарды, кабинеттер мен зертханалар үшін көрнекі құралдар мен аспаптар жасауды, сондай-ақ жабдықтарды, машиналар мен тетіктерді жөндеуді;

4) кәсіпорындарға, ұйымдарға және халыққа ақылы қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін оқу және өндірістік база болып табылады.

Оқу шаруашылықтарында немесе құзіреттілік орталықтарда өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы технологиялары бойынша (оқу шаруашылығының алқаптары мен фермаларында) ауылшаруашылық жұмыстарының әр алуан түрлері жүргізіледі.

Оқу полигондарында немесе құзіреттілік орталықтарда автомобильдерді, тракторларды, өздігінен жүретін әртүрлі машиналарды жүргізу, әртүрлі жабдықтар мен тетіктерді қызмет көрсету және пайдалану бойынша оқыту жүргізіледі.

40. Оқу шеберханаларындағы немесе құзіреттілік орталықтардағы, оқу шаруашылықтарындағы оқу-өндірістік жұмыстардың тізбесі, мазмұны және оларды орындау бойынша талаптарды олар үшін кадрлар даярлау жүзеге асырылатын жұмыс берушілермен келісім бойынша тікелей ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы айқындайды.

41. ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Қағидаларға және оқу орнының жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

42. ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы басшысының жауапкершілігі "Білім туралы" Заңның 45-бабының 3) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

43. ТЖКБ ұйымдарында мемлекеттік бақылау "Білім туралы" Заңның 59-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

44. ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын ТЖКБ білім беру ұйымдарының педагогтері жыл сайын "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық

зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) жүргізіледі.

45. ТжКБ-да алқалық басқару органдары құрылады. ТжКБ-ны алқалық басқарудың нысандары – педагогикалық, оқу-әдістемелік, қамқоршылық кеңестер және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестер болып табылады.

46. Кітапханалар қорының болуы толық оқу кезеңіне білім алушылар контингентіне қарай және оқыту тілдері бойынша үлгілік оқу жоспарларына, ТжКБ білім беру бағдарламаларына сәйкес баспа және (немесе) электрондық басылымдар форматында қалыптасады.

47. Жеке тұлғаның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алуға қолжетімділік жағдайларының жасалуына қарай оқыту күндізгі, кешкі, сырттай, экстернат және білім беруде ерекше қажеттіліктері бар адамдар (балалар) үшін қашықтықтан оқыту нысанында жүзеге асырылады.

48. Қашықтықтан оқыту ТжКБ ұйымдарында "Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10768 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

49. ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары автоматтандырылған ақпарат алмасуды және білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен деректердің өзектілігін қамтамасыз етеді.

ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимыл регламентін бекітуді қамтамасыз етеді.

50. ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын ТжКБ білім беру ұйымдары білім алушыларға жұмысшы біліктіліктерін, "орта буын маманы" біліктіліктерін береді.

51. ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары сапалы білім беру қызметтерін ұсыну мақсатында "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес басшы кадрлар мен педагогтердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

52. ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын ТЖКБ білім беру ұйымдары ел экономикасы салалары үшін кадрларға қажеттіліктің қысқа мерзімді, орта мерзімді болжамын, өңірлік еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, ТЖКБ ұйымдарында білім алушыларды қабылдауды талап етілетін мамандықтар бөлінісінде жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

53. ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында тиісті жағдайлар жасау үшін материалдық активтердің (оқу кабинеттері, компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен жарақтандырылу, оқу зертханалары, өндірістік шеберханалар, полигондар, спорт залдары, медициналық пункттер, асханалар немесе буфеттер), ғимараттардың (оқу корпустары, өндірістік шеберханалар): меншік не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 ДСМ-76 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес алаңы бар оқу үй-жайларын сенімгерлік басқару), сондай-ақ ТЖКБ ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы қажет.

54. ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары білім алушылардың жатақханаларда, хостелдерде және қонақүйлерде тұруы үшін жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 31 тамыздағы
№ 385 бұйрығына
4-қосымша

Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – "Білім туралы" Заң) сәйкес әзірленген және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ОБК ұйымы) қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Осы үлгілік Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жоғары колледж – жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің интеграцияланған модульдік білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

2) дуальды оқыту – кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын бере отырып және өтемақы төлемін төлей отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны;

3) училище – мәдениет саласындағы негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

4) қолданбалы бакалавриат – білім беру бағдарламалары "қолданбалы бакалавр" біліктілігін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған орта білімнен кейінгі білім;

5) қолданбалы бакалавр – орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін біліктілік.

3. ОБК білім беру бағдарламалары орта білімі бар (жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік) азаматтар қатарынан қолданбалы бакалаврларды даярлауға бағытталған.

ОБК білім беру бағдарламалары "Білім туралы" Заңның 33-бабына сәйкес жоғары колледждерде немесе училищелерде іске асырылады.

4. ОБК ұйымдарының міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту;

3) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқының және республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;

6) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының дербестігін, дербестігін кеңейту, білім беруді басқаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) кәсіптік білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгеретін қажеттіліктеріне тез бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқыту, жұмыс орны бойынша оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге білім мен құзыреттілікке негізделген қоғамда өзінің жеке әлеуетін барынша пайдалануға көмектесетін өмір бойы оқыту жүйесін дамыту;

11) білім беруді, ғылымды және өндірісті интеграциялау;

12) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл жасау арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық дамуын қамтамасыз ету;

14) білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау болып табылады.

5. ОБК ұйымдары өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға және "Білім туралы" Заңның 41-бабына сәйкес ОБК ұйымдарының жарғыларына сәйкес жүзеге асырады.

6. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары өз қызметін "Білім туралы" Заңына сәйкес берілген лицензияның негізінде жүзеге асырады.

2-тарау. Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі

7. ОБК білім беру бағдарламалары "Білім туралы" Заңның 33-бабына және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген),

(бұдан әрі – Стандарт) бекітілген ОБК мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес іске асырылады.

8. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Қағидаларда және ОБК ұйымдардың жарғыларында белгіленген шектерде оқу және тәрбие процесін жүзеге асыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда, оқу-әдістемелік, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметте дербес болады.

9. Оқу және тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы жүзеге асыратын оқу, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу болып табылады.

10. ОБК білім беру бағдарламаларының мазмұны "Білім туралы" Заңның 20-бабының 2-тармағына сәйкес бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін қоса отырып, техникалық және кәсіптік білім берудің модульдерге интеграцияланған білім беру бағдарламаларын зерделеуді көздейді.

ОБК білім беру бағдарламаларының тізбесі білім беру бағдарламаларының тізілімінде қамтылған.

Білім беру бағдарламаларының тізілімі "Білім туралы" Заңның 7-бабының 2-тармағына сәйкес білім беру саласындағы ақпараттандыру объектісінде қамтылған.

11. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесінің графигі мен теориялық және практикалық сабақтардың кестесін бекіту арқылы жүзеге асырылады.

Оқу-тәрбие процесінің графигі мен оқу сабақтарының кестесін ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

12. Оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларын білім беру бағдарламалары және жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар әзірлейді.

Білім беру бағдарламаларын Стандартқа сәйкес ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар әзірлейді және бекітеді.

ОБК ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын "Білім туралы" Заңның 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

13. Жеке адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алуға қолжетімділік жағдайларының жасалуына қарай оқыту күндізгі, кешкі, сырттай оқу нысанында жүзеге асырылады.

14. ОБК оқыту ұзақтығы бағдарламалардың күрделілігі мен берілетін біліктілік деңгейіне байланысты және Стандартымен айқындалады.

ОБК білім беру бағдарламалары теориялық және өндірістік оқыту бағдарламаларынан және кәсіптік практикадан тұрады.

Дуальді оқытуды пайдаланылатын ОБК білім беру бағдарламалары білім беру ұйымдарындағы теориялық оқытуды және кәсіпорын (ұйым) базасында кемінде алпыс пайыздық өндірістік оқытуды, кәсіптік практиканы көздейді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша сабақтар (қазақ тілі мен әдебиеті – оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін топтарда, орыс тілі мен әдебиеті – оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін топтарда, шет тілі, информатика, дене шынықтыру), жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша зертханалық жұмыстар мен практикалық сабақтар, сондай-ақ тізбесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес айқындалатын шеберханаларда (зертханаларда, білім беру ұйымдарында, оқу полигондарында және оқу шаруашылықтарында) өндірістік оқыту бойынша сабақтар өткізу кезінде оқу топтары саны 15 адамнан аспайтын кіші топтарға бөлінеді.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін шеберханаларда (зертханаларда, білім беру ұйымдарында, оқу полигондарында және оқу шаруашылықтарында) өндірістік оқыту жүргізу кезінде және практикалық сабақтарда оқу топтары саны 8 адамнан аспайтын кіші топтарға бөлінеді.

15. ОБК ұйымдарға оқуға қабылдау тәртібі "Білім туралы" Заңның 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

16. Білім алушыларды ауыстыру тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10297 болып тіркелген) Білім алушыларды беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

17. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 бұйрығымен

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10475 болып тіркелген) бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

18. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

19. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында, оқу жылы оқу процесінің графигіне сәйкес басталады және аяқталады.

Білім алушылар үшін оқу жылы ішінде кемінде екі рет демалыс белгіленеді.

Академиялық кезеңдер мен каникул ұзақтығын ОБК ұйымы дербес айқындайды.

ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда сабақ кестесі оқу процесінің графигіне және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жасалады.

Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін ұзақтығы 45 минут академиялық сағат белгіленеді.

Педагогтер үшін сабақтар арасындағы үзілістер кезінде білім алушылармен бір мезгілде тынығу және тамақтану уақыты ТЖКБ ұйымының ішкі тәртіп қағидаларымен айқындалады.

20. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу сабақтары сабақтар, дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, зертханалық, бақылау және өзіндік жұмыстар, консультациялар, әңгімелесулер, факультативтік сабақтар, курстық және дипломдық жобалар, жұмыстар және оқу сабақтарының басқа да нысандары түрінде өткізіледі.

22. Білім алушылар, кәметке толмаған білім алушылардың заңды өкілдері, педагогтер ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру процесінің қатысушылар болып табылады.

23. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын ОБК ұйымдарындағы білім алушыларға студенттер, кадеттер, курсанттар, тыңдаушылар жатады.

24. ОБК ұйымдарында қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға "Білім туралы" Заңның 39-бабына сәйкес мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжат беріледі.

25. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы педагогтерге тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар және педагогтің білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, әдістемелік сүйемелдеу немесе білім беру қызметін ұйымдастыру жөніндегі кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адамдар, сондай-ақ "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармағына сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен адамдар жатады.

26. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын ОБК ұйымдарындағы педагогтердің саны және педагогтер лауазымдарының тізбесі "Білім туралы" Заңның 4-бабының 11) тармақшасына сәйкес айқындалады.

27. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог лауазымдарына орналастыру "Білім туралы" Заңның 5-бабының 35) тармақшасына сәйкес айқындалады.

28. Мамандықтар бойынша кадрлар даярлау бейініне қарай оқу-тәрбие процесін басқару үшін ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында, қажет болған жағдайда одан тыс жерлерде мамандықтар (кәсіптер) топтары бойынша бөлімшелер және басқа да құрылымдық бөлімшелер құрылады.

Бөлімшелер (күндізгі, сырттай, кешкі) бір немесе бірнеше ұқсас мамандықтар мен кәсіптер бойынша кадрлар даярлау кезінде құрылады.

29. Құрылымдық бөлімшелерде (құзіреттілік орталықтарда) басшылық етуді ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының басшысы тағайындайтын меңгеруші жүзеге асырады.

Құрылымдық бөлімшелерде (құзіреттілік орталықтарда) ерекше қызметтері ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының Жарғымен айқындалады.

30. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы бөлімшелер (күндізгі, сырттай, кешкі) бір немесе бірнеше мамандық бойынша кадрлар даярлау кезінде құрылады.

31. Дуальды оқыту "Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін дуальды

оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен бекітілген дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысаны негізінде жасалатын дуальды оқыту туралы, (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушыға еңбек тәртіптемесінің қағидалары қолданылады.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту уақытында білім алушы білім алушының еңбек өтіліне есептелетін белгілі бір функционалдық міндеттерді орындайды және осы уақыт ішінде өтемақы төлемі жүргізілуі мүмкін.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өтетін адамдарға еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптар қолданылады.

Дуальді оқыту туралы шарт негізінде кәсіпорын (ұйым) өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін білім алушыға тәлімгерді бекітеді.

Дуальды оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру "Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13422 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

32. Шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары "Білім туралы" Заңның 63-бабына сәйкес Стандарттарының талаптарынан тыс мынадай тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы қызметтер көрсету туралы шарт жасай отырып, ақылы негізде ұсынады.

33. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны оқу жұмыс бағдарламаларымен және оқу жұмыс жоспарларымен айқындалады.

Кәсіптік практиканы өткізу үшін ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын ОБК ұйымдары шарттық негізде (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Білім беру ұйымдарынан басқа) практикалар базасы ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындайды, олармен келісілген жұмыс оқу бағдарламаларын және кәсіптік практикадан өтудің күнтізбелік кестелерін бекітеді.

Шарттарда практика базалары болып табылатын ОБК ұйымдарының, кәсіпорындардың (ұйымдардың) және білім алушылардың міндеттері мен жауапкершілігі айқындалады.

Кәсіптік практикаға арналған шығындарды ОБК ұйымдары және практика базалары болып табылатын кәсіпорындар (ұйымдар) көздейді және жасалған шарттармен айқындалады.

34. Оқу-өндірістік шеберханалар, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары, құзіреттілік орталықтар – мамандықтар бойынша кадрлар даярлау бейініне қарай мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың оқу жұмыс бағдарламаларының мазмұнын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын кәсіптік білім беру ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері.

Оқу-өндірістік шеберханалар:

1) теориялық оқытуды өндірістік еңбекпен үйлестіруді;

2) білім алушылардың оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес кәсіптік дағдылар алуын;

3) өнім шығаруды ұйымдастыруды, шеберханалар үшін құрал-саймандар мен құралдарды, кабинеттер мен зертханалар үшін көрнекі құралдар мен аспаптар жасауды, сондай-ақ жабдықтарды, машиналар мен тетіктерді жөндеуді;

4) кәсіпорындарға, ұйымдарға және халыққа ақылы қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін оқу және өндірістік база болып табылады.

Оқу шаруашылықтарында немесе құзіреттілік орталықтарда өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы технологиялары бойынша (оқу шаруашылығының алқаптары мен фермаларында) зертханалық-практикалық сабақтар мен ауылшаруашылық жұмыстарының әр алуан түрлері жүргізіледі.

Оқу полигондарында немесе құзіреттілік орталықтарда автомобильдерді, тракторларды, өздігінен жүретін әртүрлі машиналарды жүргізу; әртүрлі жабдықтар мен тетіктерге қызмет көрсету және пайдалану бойынша оқыту жүргізіледі.

35. Оқу шеберханаларындағы, оқу шаруашылықтарындағы, құзіреттілік орталықтардағы оқу-өндірістік жұмыстардың тізбесін, мазмұны және оларды орындау бойынша талаптарды олар үшін кадрлар даярлау жүзеге асырылатын жұмыс берушілермен келісім бойынша, тікелей орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы айқындайды.

36. Кәсіптік практика мен өндірістік оқыту оқу-өндірістік шеберханаларда, зертханаларда, полигондарда, білім беру ұйымдарының оқу

шаруашылықтарында, сондай-ақ тікелей өндірісте және тиісті бейіндегі ұйымдарда жүзеге асырылады.

37. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Қағидаларға және оқу орнының жарғысына сәйкес дара басшылық және алқалылық қағидаттарында жүзеге асырылады.

38. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы басшысының жауапкершілігі "Білім туралы" Заңның 45-бабының 3) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

39. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының басшысы "Білім туралы" Заңның 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

40. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын ОБК білім беру ұйымдарының педагогтері жыл сайын "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдык зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) жүргізіледі.

41. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымын алқалық басқару нысандары педагогикалық, оқу-әдістемелік, қамқоршылық және педагогикалық этика жөніндегі кеңестер болып табылады.

42. ОБК ұйымдарында мемлекеттік бақылау "Білім туралы" Заңның 59-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

43. Кітапханалар қорының болуы толық оқу кезеңіне білім алушылар контингентіне қарай және оқыту тілдері бойынша үлгілік оқу жоспарларына, ОБК білім беру бағдарламаларына сәйкес баспа және (немесе) электрондық басылымдар форматында қалыптасады.

44. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары автоматтандырылған ақпарат алмасуды және білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен деректердің өзектілігін қамтамасыз етеді.

ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимыл регламентін бекітуді қамтамасыз етеді.

45. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары сапалы білім беру қызметтерін ұсыну мақсатында "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес басшы кадрлар мен педагогтердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

46. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын ОБК білім беру ұйымдары ел экономикасының салалары үшін кадрларға қажеттіліктің қысқа мерзімді, орта мерзімді болжамын, талап етілетін мамандықтар бөлінісінде өңірлік еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, ОБК ұйымдарында білім алушыларды қабылдауды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

47. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында тиісті жағдайлар жасау үшін материалдық активтердің (оқу кабинеттері, компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен жарақтандырылу, оқу зертханалары, өндірістік шеберханалар, полигондар, спорт залдары, медициналық пункттер, асханалар немесе буфеттер), ғимараттардың (оқу корпусы, өндірістік шеберханалар): меншік не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 ДСМ-76 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес алаңы бар оқу үй-жайларын сенімгерлік басқару), сондай-ақ ОБК ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы қажет.

48. ОБК білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары білім алушылардың жатақханаларда, хостелдерде және қонақ үйлерде тұруы үшін жағдай жасайды.

49. ОБК ұйымдарында қашықтықтан оқыту "Білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну бойынша қойылатын талаптарды және қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10768 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 31 тамыздағы

Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мамандандырылған білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – "Білім туралы" Заң) 5-бабының 11-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Мамандандырылған білім беру ұйымы-мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар.

3. Мамандандырылған білім беру ұйымы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, сондай-ақ осы Қағидаларға және олардың негізінде әзірленген жарғыға сәйкес жүзеге асырады. Жарғыны мамандандырылған білім беру ұйымы әзірлейді.

4. Мамандандырылған білім беру ұйымдарының мақсаты – серпінді дамып келе жатқан ортада өзін өзі белсендіруге дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны және дарынды балалардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

5. Мамандандырылған білім беру ұйымдарының міндеттері:

1) тереңдетілген білім беруді іске асыру;

2) елдің зияткерлік әлеуетін сақтау және көбейту;

3) дарынды балаларды оқытудың дараландырылған сипатын және білім алушылардың мамандандырылған үлгілік оқу бағдарламаларын сапалы игеруін қамтамасыз ету;

4) дарынды балалардың өзіндік, жобалық және зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын жетілдіру;

5) ұлттық мақтаныш, азаматтық абырой, Отанға, өз халқына деген сүйіспеншілік сезіміне ие азамат пен патриоттың әлеуметтік белсенді тұлғасын қалыптастыру.

6. Мамандандырылған білім беру ұйымының мынадай бағыттары бар: жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, экономикалық, технологиялық, музыкалық, хореографиялық, көркем-эстетикалық, әскери, спорттық.

7. Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 8390 болып тіркелген) Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасында көзделген.

2-тарау. Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі

8. Мамандандырылған білім беру ұйымдарын құру "Білім туралы" Заңның 6-бабының б) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Мамандандырылған үлгілік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары өз қызметін "Білім туралы" Заңның 57-бабына сәйкес берілген лицензияның негізінде жүзеге асырады.

10. Мамандандырылған білім беру ұйымдарының қызметін жүзеге асыру үшін жоғары білікті кадрлардың, қажетті материалдық-техникалық базаның және тиісті оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің және білім беру процесін ғылыми сүйемелдеудің болуы қажет. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, қажетті жағдайлар жасалады.

11. Мамандандырылған білім беру ұйымына қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553 болып тіркелген) Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Мамандандырылған білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін үлгілік оқу жоспарлары негізінде әзірленген үлгілік оқу жоспарлары бойынша жүзеге асырылады.

13. Мамандандырылған білім беру ұйымы жұмыс оқу жоспарын және мамандандырылған үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеуді дербес жүзеге асырады.

Оқу жұмыс жоспарларын мамандандырылған білім беру ұйымының басшысы бекітеді және білім беру саласындағы атқарушы органдармен келісіледі.

14. Мамандандырылған білім беру ұйымы білім алушылардың сұраныстарына және кадр әлеуетінің мүмкіндіктеріне сәйкес бейіндік пәндер, сондай-ақ таңдау бойынша курстар, элективті курстар және мамандандырылған компонент ішіндегі білім салаларын айқындайды.

15. Мамандандырылған білім беру ұйымдарына саралап және жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту үшін әрбір бейіндік пән бойынша әр сыныпқа аптасына 4 сағат есебінен қаражат,

және оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 0,25 ставка және шарт негізінде жоғары білікті мамандарға жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін мектепке жылына 1500 сағат есебіне қаражат бөлінеді. Таңдау бойынша факультативтік сабақтар мен курстар топтарда кемінде 10 адам болған кезде өткізіледі.

16. Мамандандырылған білім беру ұйымдарының әрбір деңгейдегі сынып-жиынтықтарының және сыныптардағы білім алушылардың саны тиісті жағдайлар болған кезде қалыптастырылады.

17. Қазақ (орыс тілінде оқытылатын сыныптар үшін) және орыс (қазақ тілінде оқытылатын сыныптар үшін) тілдерін, ақпараттық-есептеу техникасының, ритмика, хореография, музыка, дене тәрбиесі, технология, көркем пәндер негіздерін оқу, сондай-ақ бейіндік пәндер бойынша зертханалық, практикалық жұмыстарды жүргізу кезінде сыныптарды 2 топқа, шет тілдерін және шетел тілінде оқытатын пәндерді оқыту кезінде 3 топқа бөлуге рұқсат етіледі.

18. Жалпы орта білім беру деңгейінде таңдау бойынша пәндерді (тереңдетілген деңгей) шет тілінде оқу кезінде сыныптарды 2-3 кіші топқа бөлуге рұқсат етіледі.

19. Сыныптарды қосымша бөлу жүйесі, икемді вариативтік кесте, деңгейлік бөлу жүйесі, консультациялар және таңдау бойынша пәндер арқылы жалпы орта білім беру деңгейінде бейіндік саралауды жүзеге асыру мамандандырылған білім беру ұйымының толық күн режимінде жұмысын талап етеді.

20. Мамандандырылған білім беру ұйымдарындағы сабақ кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілісті көздейді.

21. Мамандандырылған үлгілік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары білім алушылар мен тәрбиеленушілерде патриоттық тәрбиені, айналасындағыларға толерантты көзқарасты, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін, оның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтануды және табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

22. Мамандандырылған білім беру ұйымы білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматтандырылған ақпарат алмасуды және деректерді өзектендіруді қамтамасыз етеді.

Мамандандырылған білім беру ұйымы білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимыл регламентін бекітуді қамтамасыз етеді.

23. Мамандандырылған білім беру ұйымын басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Қағидаларға, мамандандырылған білім беру ұйымының жарғысына және құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Педагогикалық, оқу-әдістемелік, қамқоршылық кеңестер мамандандырылған білім беру ұйымының алқалық басқару нысандары болып табылады.

25. Тікелей басшылықты "Білім туралы" Заңның 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес және қамқоршылық кеңесінің келісімі бойынша тағайындалатын басшы жүзеге асырады.

26. Мамандандырылған білім беру ұйымы басшысының жауапкершілігі "Білім туралы" Заңның 45-бабының 3) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

27. Мамандандырылған білім беру ұйымының басшысы "Білім туралы" Заңның 45-бабының 5) тармақшасына сәйкес аттестаттаудан өтеді.

28. Материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз етуді, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мәселелері бойынша мамандандырылған білім беру ұйымы шарттық негізде өзінің қызмет бағытына сәйкес жоғары оқу орындарымен және ғылыми мекемелермен өзара іс-қимыл жасайды.

29. Мамандандырылған білім беру ұйымдарын қаржыландыру "Білім туралы" Заңның 62-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

30. Мамандандырылған білім беру ұйымының қызметін қаржыландыру:

1) мемлекеттік - жергілікті және республикалық бюджет қаражаты;

2) "Білім туралы" Заңның 63-бабына сәйкес ақылы білім беру қызметтерін көрсетуден және басқа да қызмет түрлерінен алынған қаражат есебінен жүзеге асырылады.

31. Мамандандырылған білім беру ұйымы білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар желісі бойынша, сондай-ақ өз бастамасы бойынша бюджеттен тыс қаражат есебінен халықаралық қызметке қатысады.

32. Мамандандырылған білім беру ұйымы оқыту, тағылымдамадан өту, тәжірибе алмасу, семинарлар, конференциялар, олимпиадалар, конкурстар жұмысына қатысу бойынша халықаралық қызметті жүзеге асырады.

33. Мамандандырылған білім беру ұйымын қайта ұйымдастыру және тарату "Білім туралы" Заңның 6-бабының 6) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

Арнайы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Арнайы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Білім туралы" Заң) 5-бабының 11-1) тармақшасына және "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленген және арнайы білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) мүмкіндігі шектеулі бала (балалар) – белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар);

2) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар);

3) білім алу үшін арнаулы жағдайлар – ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;

4) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау;

3. Арнайы білім беру ұйымдары өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Білім туралы" Заңды және осы Қағидаларды басшылыққа алады.

4. Арнайы білім беру ұйымдарына "Білім туралы" Заңның 5-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, "Білім туралы" Заңның 5-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес түзету-дамыту бағдарламалары негізінде әзірленген арнайы оқу бағдарламаларын, "Білім

туралы" Заңның 43-бабының 6-2) тармақшасына сәйкес психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және консультация беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары жатады.

5. Арнайы білім беру ұйымы дербес заңды тұлға болып табылады және "Білім туралы" Заңның 6-бабының 2-тармағының б) тармақшасына және 3-тармағының 5-тармақшасына сәйкес құрылады.

6. Зердесі қалыпты балалар оқитын орта білім беру ұйымдарының арнайы сыныптарында білім беру қызметін бейін бойынша педагогикалық білімі бар педагогтер жүзеге асырады.

Интеллектуалды жеткіліксіздігі бар балалар оқитын арнайы сыныптарда білім беру қызметін бейін бойынша педагогикалық білімі бар мұғалімдер жүзеге асырады.

Түзету компонентінің сабақтарын арнайы педагогтар жүргізеді.

Аутизм (аутистік спектрдің бұзылыстары) бар балаларды қолдау орталығында (бұдан әрі – аутизм орталығы) арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауды аутизм орталығында оқытудан өткен педагогтер көрсетеді.

Арнайы білім беру ұйымдары (арнайы мектеп-интернаттар) тәрбиешілерінің педагогикалық білімі болады.

7. Білім алу нысандары (үйде оқыту, еркін қатысу және жеке бару) біріктірілген

8. Білім беру сапасын қамтамасыз ету және арнайы білім беру ұйымдарында жеке және сараланған тәсілді іске асыру үшін білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау жүргізіледі. Білім алушылардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін бағалауды педагог, психолог, логопед, педагог-дефектолог, клиникалық педагог жүзеге асырады

9. Білім алушыларды басқа арнайы білім беру ұйымдарына ауыстыру психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (бұдан әрі – ПМПК) қорытындысы мен ұсынымының негізінде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен жүзеге асырылады.

10. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдары бойынша факультативтік сабақтар өткізу кезінде сынып педагогикалық кеңестің шешімімен екі топқа бөлінеді. Қоғамға пайдалы өндіргіш еңбекті ұйымдастыру кезінде бесінші сыныптан бастап, білім алушылардың еңбекке даярлығы бейінін ескере отырып, сынып топтарға бөлінеді.

Кәсіби-еңбекке үйрету жөніндегі сабақтар үшін сыныптар, бесінші сыныптан бастап, ал ақыл-ой кемістігі бар балалар үшін төртінші сыныптан бастап екі топқа бөлінеді.

11. Арнайы білім беру ұйымдарында дәрі-дәрмекпен және физиотерапевтік емдеу, климатотерапия және шынықтыру, емдік дене шынықтыру, массаж және психотерапия жүргізіледі.

12. Білім беру ұйымдарында алқалы басқару органдары құрылады. Білім беру ұйымын алқалық басқару нысандары педагогикалық, қамқоршылық және әдістемелік кеңестер болып табылады.

13. Арнайы білім беру ұйымдары жергілікті жағдайларға байланысты қосалқы шаруашылықтар, оқу-тәжірибелік учаскелер, оқу-өндірістік шеберханалар құрады.

2-тарау. Арнайы бөбекжайлар мен арнайы балабақшалар қызметінің тәртібі

14. Арнайы бөбекжайлар мен арнайы балабақшалар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Білім туралы" Заңды, Заңды, осы Қағидаларды басшылыққа алады. Арнайы бөбекжайлар мен арнайы балабақшалар қызметін үйлестіру және әдістемелік қамтамасыз етуді

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу және оқыту "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 тамыздағы № 348 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – МЖМБС), "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары), "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту үлгілік бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы жүзеге асырады.

15. Арнайы бөбекжайлар мен арнайы балабақшалар төмендегі санаттағы балаларға арнап ашылады:

- 1) көру қабілеті зақымдалған балалар;
- 2) есту қабілеті зақымдалған балалар;
- 3) сөйлеу тілінде ауыр түрде бұзылыстары бар балалар;
- 4) тірек-қимыл аппаратында бұзылыстары бар балалар;
- 5) зердесі зақымдалған балалар;
- 6) психикалық дамуы тежелген балалар;
- 7) осы тармақта көрсетілген балалар санаттарын араластыру кезінде.

16. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында арнайы бөбекжайлар мен балабақшалар болмаған кезде осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген балалардың әртүрлі санаттары үшін арнайы топтар ашылады.

17. Балаларды арнайы бөбекжайлар мен балабақшаларға жіберу және ауыстыру ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары негізінде ата-аналардың (заңды өкілдердің) келісімімен болады.

18. Арнайы жағдайлар жасау үшін арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымының педагогтері (тәрбиешілері) баланың ерекше білім алуға қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады.

19. Арнайы бөбекжай мен балабақшадағы оқу сабақтарының кестесін мектепке дейінгі білім беру ұйымының әкімшілігі дайындайды және бекітеді.

Арнайы педагогтер мен психолог жеке/шағын топтық/топтық түзету сабақтарын білім беру ұйымының әкімшілігі бекіткен кестеге сәйкес оқу күні бойы және сабақтан тыс уақытта өткізеді.

Арнайы бөбекжай мен арнайы балабақшалардың педагогтері қажет болған жағдайда ата-аналарға (заңды өкілдерге) балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша кеңес береді.

20. Арнайы балабақшалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар аумағында оқу-тәрбиелеу үдерісі, кадрларды іріктеу мен орналастыру, ғылыми, қаржылық-шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыруда өздігінен әрекеттенеді.

21. Арнайы бөбекжай мен балабақшада топтардағы балалар саны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№ 23469 болып тіркелген) (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) сәйкес айқындалады.

22. Арнайы бөбекжай мен балабақшаларды жарақтандыру және жабдықтау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) (бұдан әрі – Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары) сәйкес жүзеге асырылады.

23. Есту, көру және тірек-қимыл аппаратында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайлар мен арнайы балабақшаларда зердесі зақымдалған (ақыл-ой кемістігі бар) білім алушылар анықталған жағдайда күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған топтар құрылады. Топтағы балалар саны толық болмаған кезде топтар әртүрлі жастағы және даму бұзылыстарын ескере отырып жинақталады.

1-параграф. Көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы бөбекжайлар мен балабақшалар қызметінің тәртібі

24. Көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы бөбекжайлар мен балабақшаларға төмендегі балалар қабылданады:

1) көзі көрмейтін (толық көрмейтін, жарық сезуі немесе қалдық көруі жақсы көретін көзінде түзетумен 0,04-ке дейін);

2) нашар көретін (көру өткірлігі жақсы көретін көзінде 0,05-тен 0,04-ке дейін және көзілдірікпен түзетуі бар);

3) плеоптикалық емдеуді қажет ететін оптикалық түзету жағдайларында жақсы көретін көздегі көру өткірлігі 0,7-ге дейін амблиопиясы (дисбинокулярлық, рефракциялық, обскурациялық) бар;

4) ортопто-плеопто-хирургиялық-ортоптикалық немесе тек ортоптикалық емдеуді қажет ететін қылилығы бар.

25. Көру қабілеті зақымдалған балаларды оқыту мен тәрбиелеудің арнайы шарттары:

1) көру қабілетінің зақымдалу дәрежесі және сипатын ескере отырып, тифлотехникалық құралдар мен арнайы жабдықтарды қолдану. Көзі көрмейтін балаларға арналған жабдықтар жарық сезгіш және көру мен сезу арқылы қабылдау құралдарын пайдалануға негізделеді. Түзету жұмыстарында көру қабілеті зақымдалған балалар үшін оқу ақпаратының қолжетімділігін кеңейтуге арналған арнайы дидактикалық материалдар және арнайы көрнекі құралдар қолданылады;

2) тифлопедагогтің тарапынан балаларға көру қабілетін дамыту (көзі көрмейтін балалармен – сезіну және нәзік моториканы дамыту бойынша), әлеуметтік-тұрмыстық және кеңістікті бағдарлау бойынша шағын топтық және жеке сабақтар түрінде арнайы педагогикалық көмек көрсетуі;

3) емдеу аппаратурасы және құралдары бар арнайы жабдықталған кабинетте офтальмолог дәрігер мен ортопист мейірбикенің емдеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруы.

26. Көзі көрмейтін және нашар көретін, зердесі зақымдалған (жеңіл және орташа деңгейде ақыл-ой бұзылыстар), тірек-қимыл аппараты бұзылыстары бар немесе есту қабілеті зақымдалған балаларға жеке дамыту бағдарламаларына сәйкес арнайы педагогикалық көмек көрсетіледі.

27. Көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы бөбекжай мен балабақшада Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына (бұдан әрі – Үлгі штаттар) сәйкес дефектолог (тифлопедагог) лауазымы мынадай ретте қарастырылады:

1) көзі көрмейтін балаларға арналған бір топқа 1 штаттық бірлік;

2) нашар көретін балаларға арналған бір топқа 1 штаттық бірлік;

3) жақсы көрінетін көзінде көзілдіріктің көмегімен түзету 0,4-тен аспайтын қалдық көру қабілеті бар, амблиопия және қылилығы бар 15 балаға 1 штаттық бірлік.

2-параграф. Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы бөбекжайлар мен балабақшалар қызметінің тәртібі

28. Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы бөбекжайлар мен балабақшаларға төмендегі балалар қабылданады:

1) қатты дауысқа жауап бермейтін;

2) қатты дауысқа жауап беретін;

3) құлақ жарғағының түбінде сөйлеу тілі дауысына жауап беретін;

4) есту қабілетінің орташа айырылуы 90 децибелден астам құлақ жарғағының жанында естілуі жоғары айтылған кейбір сөйлеу дыбыстарын (а, о, у, р) ажырататын;

5) сөйлеу аймағында есту қабілетінің орташа айырылуы (жиілігі 500-ден 4000 Герцке дейін) 40-тан 80 децибел және одан жоғары естімейтін, нашар еститін, кейіннен есту қабілетінен айырылған;

6) белсенді сөйлеу тілін қабылдау және дамыту деңгейі төмен кохлеарлық импланты бар;

7) бастапқыда зердесі сақталған есту қабілеті зақымдалған балалар аутизмі, аутистік спектрдің бұзылыстары бар;

8) мектепке дейінгі жаста есту қабілетінен айырылған, бірақ сөйлеу тілі айтарлықтай бұзылыстармен сақталған;

9) сөйлеу аймағында есту қабілетінің орташа айырылуы кезінде 40-тан 80 децибелге дейін сөйлеу тілін (құлақ жарғағынан үш метрге дейінгі қашықтықта әдеттегі сөйлеу көлемінің сөздері мен сөз тіркестерін) ажырататын және есту қабілетінің төмендеуі салдарынан сөйлеу тілінің әртүрлі дәрежеде дамымауы бар;

10) сөйлеу тілі саласында есту қабілетінен 80-нен 90 децибелге дейін айырылған (диагностикалық (сынамалы) оқытуға жол беріледі);

11) есту (аудиториялық) нейропатиясы бар және есту қабілетінен 40-тан 80 децибелге дейін айырылған кезде сөйлеу арқылы қабылдау қабілеті бұзылған.

29. Есту қабілеті зақымдалған балаларды оқыту мен тәрбиелеудің арнайы шарттары:

а) дыбыс күшейткіш аппаратураны пайдалану;

б) есту қабілеті зақымдалған балаларға сурдопедагог тарапынан есту арқылы қабылдауын дамыту және айтылым мен сөйлеу тілінің басқа жақтарын қалыптастыру бойынша топтық, шағын топтық және жеке сабақтар түрінде арнайы педагогикалық көмек көрсету;

в) естімейтін білім алушыларды оқытуда қосымша оқу құралы ретінде дактильді және ымдау тілін пайдалану;

г) мінез-құлығы және қарым-қатынас барысында мәселелері бар балаларға психологиялық көмек көрсету

30. Зердесі зақымдалған (ақыл-ойының жеңіл және орташа түрде бұзылыстары бар), тірек-қимыл аппараты бұзылыстары бар немесе көру қабілеті зақымдалған естімейтін және нашар еститін балаларға жеке даму бағдарламаларына сәйкес арнайы педагогикалық көмек көрсетіледі.

3-параграф. Сөйлеу тілінің ауыр түрдегі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжай мен балабақшалар қызметінің тәртібі

31. Сөйлеу тілінің ауыр түрдегі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжай мен балабақшаларға төмендегі балалар қабылданады:

1) сөйлеу тілі дамуының тежелуі бар;

2) алалия, афазия, дизартрия, ринолалия, тұтығуының салдарынан 1-3 деңгейдегі сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар;

3) кохлеарлық имплантпен;

4) бастапқыда зердесі сақталған балалар аутизмі, аутистік спектрдегі бұзылыстары мен сөйлеу тілінің ауыр түрдегі бұзылыстары бар.

32. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларды оқытудың арнайы шарттары:

1) барлық сабақтарда және сабақтан тыс уақытта топтық, шағын топтық және жеке сабақтар түрінде логопедиялық көмек көрсету;

2) сөйлеу тілі режимін сақтай отырып, сөйлеу тілін дамыту, сөйлеу дағдыларын бекіту бойынша тәрбие сабақтарын өткізу;

3) қарым-қатынасы мен мінез-құлқы бұзылған балаларға психологиялық көмек көрсету.

4-параграф. Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжайлар мен балабақшалар қызметінің тәртібі

33. Арнайы бөбекжай мен балабақшаға тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар төмендегі балалар қабылданады:

1) өз бетінше қозғалып, жеке қолдауды талап етпейтіндер;

2) арнайы жүріп-тұру құралдары және (немесе) техникалық орын толтыру (қосалқы) құралдарының көмегімен қозғалатындар;

3) арнайы балабақшаға кедергісіз орта құрып, қол жеткізу үшін арнайы жағдайлармен қамтамасыз етілген жағдайда өз бетімен жүре алмайтындар. Ол жағдайларға пандустар, кең жақтауы бар есіктер, мүгедектер арбасын көтергіштер, баспалдақтар бойымен құрылатын көтергіштер, автоматты түрде ашылатын есіктер жатады.

34. Тірек-қимыл аппараты бұзылған әрі жеңіл және (немесе) орташа деңгейде ақыл-ой кемістігі бар балаларға арнайы педагогикалық көмек жеке дамыту бағдарламаларына сәйкес атқарылады.

35. Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балаларды тәрбиелеу мен оқытудың арнайы шарттарына төмендегілер жатады:

1) кедергісіз орта құрып, әмбебап дизайн жасау: пандустар, кең жақтауы бар есіктер, мүгедектер арбасын көтергіштер, баспалдақтар бойымен құрылатын көтергіштер, автоматты түрде ашылатын есіктер және т. б.;

2) арнайы ұйымдастырылған қозғалыс режимін сақтау;

3) нақты түрде байқалатын зердесі, сөйлеу тілі, мінез-құлығы және қарым-қатынас барысында бұзылыстары болған кезде арнайы топтық, шағын топтық және жеке сабақтар түрінде педагогикалық, логопедиялық және психологиялық көмек көрсету;

4) топтар бойынша емдік дене шынықтыру сабақтарын өткізу: өздігінен жүретіндер, жеке қолдауды талап етпейтіндер; қозғалыс белсенділігі орташа түрде шектелген; қимыл-қозғалысында бұзылыстары айқын (ауыр) (ата-аналары не заңды өкілдерімен бірлесіп айналысады);

5) арнайы жабдықталған кабинеттерде физиотерапиялық ем-шаралар, уқалау, ортопедиялық жұмысты қамтамасыз ету; материалдық-техникалық базасы болған жағдайда: емдік жүзу, атпен жүру және т.б. іс-шаралар.

5-параграф. Зердесі зақымдалған балаларға арналған арнайы бөбекжайлар мен балабақшалар қызметінің тәртібі

36. Зердесі зақымдалған балаларға арналған арнайы бөбекжайлар мен балабақшаларға ақыл-ой кемістігі бар және шығу тегі әртүрлі зерде бұзылыстары бар балалар, сондай-ақ зерде зақымдалуымен қатар аутизмі бар балалар қабылданады.

37. Зерде зақымдалуының ауырлығы мен сипатына байланысты психикалық дамуы тежелген, жеңіл және орташа деңгейде ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған арнайы топтар құрылады.

38. Зердесі зақымдалған балаларды тәрбиелеу мен оқытудың арнайы шарттары:

1) зердесі зақымдалған (ақыл-ой кемістігі бар) балаларды МЖББС-на бағдарланбаған арнайы оқу бағдарламалары бойынша оқыту мен тәрбиелеу;

2) дефектолог (олигофренопедагог), логопед, психологтың топтық, шағын топтық және жеке сабақтар түрінде көмек көрсетуі;

3) емдік дене шынықтыру, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау бойынша сабақтар өткізу.

6-параграф. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы бөбекжайлар мен балабақшалар қызметінің тәртібі

39. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы балабақшаларға шығу тегі әртүрлі, оның ішінде кохлеарлық импланты бар, балалар аутизмі бар психикалық дамуы тежелген балалар қабылданады.

40. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы оқыту шарттарына дефектологтің (олигофренопедагогтің), логопедтің, психологтің топтық, шағын топтық және жеке сабақтар түріндегі арнайы психологиялық-педагогикалық көмегі жатады.

7-параграф. Балалар санатын қоса атқаратын арнайы бөбекжайлар мен балабақшалар қызметінің тәртібі

41. Арнайы бөбекжайлар мен балабақшалардың контингенті осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген балалар, оның ішінде күрделі бұзылыстары бар балалар (есту және көру қабілеттерінің аралас бұзылыстары, ақыл-ой және есту қабілетінің бұзылыстары, есту қабілетінің бұзылыстары және балалардың церебральды сал ауруы, көру қабілетінің бұзылыстары және балалардың церебральды сал ауруы) санаттарынан құрылады.

Оқыту жетекші бұзылысы бойынша тәрбиеленушілерден қалыптастырылатын, Санитариялық қағидаларға сәйкес жинақталатын арнайы

топтарда тиісті санаттағы тәрбиеленушілерге арналған Үлгілік оқу жоспарлары және оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

3-тарау. Арнайы мектептер, арнайы мектеп-интернаттар, "балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешендері, "мектеп-интернат-колледж" арнайы кешендері қызметінің үлгілік қағидалары

42. Арнайы мектептер өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Білім туралы" Заңды, осы Қағидаларды басшылыққа алады.

Балаларды арнайы мектептерде/сыныптарда оқыту және тәрбиелеу МЖББС-на, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау бойынша курстар және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Арнайы мектептердің қызметін үйлестіру және әдістемелік қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы жүзеге асырады.

43. Арнайы мектептер төмендегі санаттағы балаларға арнап ашылады:

- 1) көру қабілеті зақымдалған балалар;
- 2) есту қабілеті зақымдалған балалар;
- 3) сөйлеу тілінде ауыр түрде бұзылыстары бар балалар;
- 4) тірек-қимыл аппаратында бұзылыстары бар балалар;
- 5) зердесі зақымдалған балалар;
- 6) психикалық дамуы тежелген балалар;
- 7) эмоционалды-ерік саласы және мінез-құлық бұзылыстары бар балалар;
- 8) осы тармақта көрсетілген балалар санаттарын араластыру кезінде.

44. Арнайы мектептер жалпы білім беретін мектептермен ортақ білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту міндеттерін, сондай-ақ бұзылған қызметтерді түзету және қалпына келтіру міндеттерін шешеді, оларға төмендегілер жатады:

1) бастауыш (0-4 сынып) және негізгі (5-10 сынып) орта білім беру деңгейлерінде оқытудың ұзартылған мерзімдері;

2) оқытудың арнайы әдістері, тәсілдері мен құралдары;

3) техникалық және орын толтыру құралдары;

4) тіршілік ету ортасы;

5) арнайы дайындалған мұғалімдер;

6) психологиялық-педагогикалық көмек (логопедтер, арнайы педагогтар: сурдопедагогтар, тифлопедагогтар, олигофренопедагогтар, психологтар, әлеуметтік педагогтар, ЕДШ нұсқаушылары);

7) дамудың кемшіліктерін түзеу, әлеуметтік, қарым-қатынастық дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқу жоспарының арнайы пәндері;

8) медициналық, әлеуметтік.

Арнайы жағдай жасау мақсатында мектеп педагогтері мен мамандары оқушылардың білім алуындағы ерекше қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады.

45. Арнайы мектептерге/сыныптарға білім алушыларды қабылдау Заңға сәйкес олардың ата-аналары (заңды өкілдерінің) келісімімен ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

46. Арнайы мектептер болмаған жағдайда жалпы білім беретін мектептерде осы Ереженің 43-тармағында көрсетілген балаларға арналған арнайы сыныптар ашылады.

47. Білім алушыларды арнайы мектеп/сыныптан басқа білім беру ұйымына ауыстыруды баланың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен ПМПК қорытындысы негізінде білім беруді басқару органдары жүзеге асырады.

48. Білім алушының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру үдерісі облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың жергілікті атқарушы органы берген рұқсатпен қашықтықтан оқыту, сондай-ақ экстернат түрінде ұйымдастырылады. Білім алудың әртүрлі нысандарын үйлестіруге рұқсат беріледі.

49. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының негізінде оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары әзірленеді, олар педагогикалық кеңесте қарастырылады және білім беруді басқару органымен келісім бойынша ұйым басшысы тарапынан бекітіледі. Түзету компонентінің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жеке/шағын топтық/топтық түзету сабақтарының бағдарламалары жасалады.

50. Зердесі қалыпты білім алушыларға арналған арнайы мектептерде/сыныптарда білім беру қызметін бейіні бойынша педагогикалық білімі бар педагогтер жүзеге асырады. Зердесі зақымдалған білім алушыларға арналған мектептерде/сыныптарда білім беру қызметін "Дефектология" ("Арнайы педагогика") мамандығы және "Олигофренопедагогика" білім беру

бағдарламасы бойынша жоғары педагогикалық білімі бар мұғалімдер жүзеге асырады.

51. Үлгілік оқу жоспарларының түзету компонентінің сабақтарын "Дефектология" ("Арнайы педагогика") мамандығы және арнайы мектеп түріне сәйкес білім беру бағдарламасы бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер, қажет болған жағдайда белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өткен психологтар жүргізеді. Түзету компонентіндегі пәндер бойынша білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезінде балдық бағалау пайдаланылмайды.

52. Есту, көру қабілеттері зақымдалған және тірек-қимыл аппараты бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерде зердесі зақымдалған (ақыл-ой кемістігі бар) білім алушылар анықталған жағдайда 4-6 білім алушыны қамтитын арнайы сыныптар ашылады. Балаларды сыныпта оқыту ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары негізінде және білім беру үдерісі жағдайында психологиялық-медициналық-педагогикалық бақылау барысында жасалған жеке оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

53. Оқу аптасының ұзақтығын тиісті білім беруді басқару органының келісімі бойынша педагогикалық кеңес белгілейді және жарғыда бекітіледі.

54. Сабақтар мен сабақ кестесіндегі оқу пәндерінің және жеке/шағын топтық/топтық түзету сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы, реттілігі көрсетіледі.

55. Жеке/шағын топтық/топтық түзету сабақтары мектеп кеңесі талқылайтын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін кестеге сәйкес оқу күні бойы және сабақтан тыс уақытта өткізіледі.

56. Арнайы мектептер оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асыру, кадрларды іріктеу мен орналастыру, ғылыми, қаржылық-шаруашылық және өзге де қызметте дербес болып табылады.

57. Арнайы мектептер жергілікті жағдайларға байланысты қосалқы шаруашылық, оқу-тәжірибелік жерлер, оқу-өндірістік шеберханалар құра алады.

58. Арнайы мектептердің/сыныптардың педагогтері қажет болған жағдайда ата-аналар (заңды өкілдер) үшін отбасылық тәрбие және дамыту сабақтарын ұйымдастыру мәселелері бойынша кеңестер, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептердің педагогтеріне мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау мәселелері бойынша кеңес береді.

59. Арнайы мектептердің/сыныптардың түлектері "Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды

есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 ақпанда № 10348 тіркелді) сәйкес мемлекеттік үлгідегі аттестат алады.

60. Арнайы мектептердегі/сыныптардағы сыныптардағы балалар саны "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 тамызда № 23890 болып тіркелді) сәйкес (бұдан әрі – Санитарлық ережелер) айқындалады.

61. Сыныптардағы балалар саны жеткіліксіз болған жағдайда білім беру үдерісі шағын жинақталған мектеп түрі бойынша ұйымдастырылады.

62. Арнайы мектептерді материалдық-техникалық тұрғыдан жарактандыру Жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

1-параграф. Көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі

63. Көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы мектепке/сыныпқа төмендегі балалар қабылданады:

- 1) көзі көрмейтін (толық көрмейтін);
- 2) көзі көрмейтін – көру сезімінің толық болмауы, жарық сезуі немесе қалдық көруі бар (жақсы көретін көзінде 0,04-ке дейін түзетумен);
- 3) жарық қабылдағыштық қасиеті бар;
- 4) жақсы көретін көзінде 0,04 және одан төмен қалдықты көруі бар және одан төмен ауыстырылатын түзетумен;
- 5) оптикалық түзету жағдайында жақсы көретін көзінде 0,05-0,4 көру өткірлігімен.

64. Балаларды арнайы мектепке/сыныпқа жолдау үшін офтальмологиялық көрсеткіштер офтальмологиялық тексеру деректері негізінде жеке белгіленеді.

65. Көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептерде/сыныптарда сыныптар толық жинақталмаған жағдайда көзі көрмейтін және нашар көретін балалар бірлесіп оқиды.

66. Көру қабілеті зақымдалған білім алушылар Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес оқудың кез келген кезеңінде жалпы білім беретін мектепке ауыстырылады.

67. Көру қабілеті зақымдалған балаларды оқытудың арнайы шарттары:

1) көзі көрмейтін білім алушыларды Брайль бедерлі-нүктелі қарпімен басылған жалпы білім беретін мектептердің оқулықтары, оқу құралдары және әдебиеттермен; бедерлі суреттер, сызбалар, схемалар, сипау арқылы қабылданатын басқа да суреттер және безендірулермен қамтамасыз ету;

2) нашар көретін білім алушыларды жалпы білім беретін мектептердің үлкейтілген қаріппен басылған оқулықтары, оқу құралдары, әдебиеттермен және көру арқылы қабылдауға қолжетімді арнайы өзгертілген бейнелермен қамтамасыз ету;

3) тифлотехникалық құралдарды бұзылған көру қызметтерін түзету немесе орнын толтыру мақсатында, сондай-ақ көру қабілетін дамыту және қалпына келтіру үшін пайдалану: оптикалық (лупалар, көзілдіріктер, моно- және бинокулярлар, проекциялық ұлғайтқыш құралдар); телевизиялық; жарық техникалық және т.б.

4) қалдық көру және көру арқылы қабылдау қабілетін қорғау және дамыту, әлеуметтік-тұрмыстық және кеңістіктікте бағдарлау, ымдау мен пантомимиканы дамыту, сөйлеу тілінің дамуының кемшіліктерін түзету, түзету ырғағын дамыту бойынша сабақтар өткізу.

5) емдеу аппаратурасы және құралдары бар арнайы жабдықталған кабинетте офтальмолог дәрігер мен ортопист мейірбикенің емдеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруы.

2-параграф. Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі

68. Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы мектепке/сыныпқа төмендегі балалар қабылданады:

1) қатты дауысқа жауап бермейтін;

2) қатты дауысқа жауап беретін;

3) құлақ жарғағының түбінде сөйлеу тілі дауысына жауап беретін;

4) есту қабілетінің орташа айырылуы 90 децибелден астам құлақ жарғағының жанында естілуі жоғары айтылған кейбір сөйлеу дыбыстарын (а, о, у, р) ажырататын;

5) сөйлеу аймағында есту қабілетінің орташа айырылуы кезінде 40-тан 80 децибелге дейін сөйлеу тілін (құлақ жарғағынан үш метрге дейінгі қашықтықта әдеттегі сөйлеу көлемінің сөздері мен сөз тіркестерін) ажырататын және есту қабілетінің төмендеуі салдарынан сөйлеу тілінің әртүрлі дәрежеде дамымауы бар;

6) мектепке дейінгі жаста есту қабілетінен айырылған, бірақ әжептәуір бұзылыстары бар сөйлеу тілі сақталған;

7) сөйлеу тілі саласында есту қабілетінен 80-нен 90 децибелге дейін айырылған (диагностикалық (сынамалы) оқытуға жол беріледі);

8) есту (аудиториялық) нейрпатиясы бар және есту қабілетінен 40-тан 80 децибелге дейін айырылған кезде сөйлеу арқылы қабылдау қабілеті бұзылған;

9) кохлеарлық имплантпен, қабылдау (түсіну) және белсенді сөйлеу тілінің даму деңгейі төмен.

69. Есту қабілеті зақымдалған балаларды оқытудың арнайы шарттары:

1) дыбыс күшейткіш аппаратураны пайдалану;

2) естімейтін білім алушыларды оқытуда қосымша оқу құралы ретінде дактильдi және ымдау тілін пайдалану;

3) есту кабинетінде сөйлеу тілін есту қабілетін дамыту және ауызекі сөйлеу тілінің айту жағын қалыптастыру бойынша сабақтар, түзету ырғағы, ымдау тілі бойынша сабақтар өткізу.

3-параграф. Сөйлеу тілінің ауыр түрдегі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі

70. Сөйлеу тілінің ауыр түрдегі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектепке/сыныпқа төмендегі балалар қабылданады:

1) 1-2 деңгейдегі сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, оның ішінде алалия, афазия, дизартрия (анартрия) бар;

2) ринолалия, ринофония, ауыр дәрежедегі тұтығу, жазбаша сөйлеу тілінің ауыр түрдегі бұзылыстары (аграфия, дисграфия, алексия, дислексия) бар;

3) балалар аутизмі және аутистік спектрдегі бұзылыстармен қабаттасқан 1-2 деңгейдегі сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (бір сыныпта аутистік спектрдегі бұзылыстары бар екі баладан артық емес);

4) кохлеарлық импланты бар.

71. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларды оқытудың арнайы шарттары:

1) сөйлеу тілі режимін сақтай отырып, барлық сабақтарда және сабақтан тыс уақытта логопедтік көмек көрсету;

2) қарым-қатынасы мен мінез-құлқы бұзылған балаларға психологиялық көмек көрсету;

3) білім алушылардың сөйлеу тілінің даму деңгейін ескере отырып, екінші және үшінші тілді үйрену.

4-параграф. Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі

72. Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектепке/сыныпқа төмендегі балалар қабылданады:

1) өз бетінше қозғалып, жеке қолдауды талап етпейтіндер;

2) арнайы жүріп-тұру құралдары және (немесе) техникалық орын толтыру (қосалқы) құралдарының көмегімен қозғалатындар;

3) өз бетімен жүре алмайтындар.

73. Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балаларды оқытудың арнайы шарттары ретінде төмендегі жағдайлар болып табылады:

1) кедергісіз орта құрып, әмбебап дизайн жасау: пандустар, кең жақтауы бар есіктер, мүгедектер арбасын көтергіштер, баспалдақтар бойымен құрылатын көтергіштер, автоматты түрде ашылатын есіктер және т.б.;

2) арнайы ұйымдастырылған қозғалыс режимін сақтау;

3) зердесі, сөйлеу тілі, мінез-құлығы және қарым-қатынас барысында бұзылыстары болған кезде арнайы педагогикалық, логопедтік және психологиялық көмек көрсету;

4) топтар бойынша емдік дене шынықтыру сабақтарын өткізу: өздігінен жүретіндер, жеке қолдауды талап етпейтіндер; қозғалыс белсенділігі орташа түрде шектелген; қимыл-қозғалысында бұзылыстары айқын (ауыр) (ата-аналары не заңды өкілдерімен бірлесіп айналысады);

5) арнайы жабдықталған кабинеттерде физиотерапиялық ем-шаралар, уқалау, ортопедиялық жұмысты қамтамасыз ету; материалдық-техникалық базасы болған жағдайда: емдік жүзу, атпен жүру және т.б.

5-параграф. Зердесі зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі

74. Зердесі зақымдалған балаларға арналған арнайы мектепке/сыныптарға төмендегі балалар қабылданады:

1) жеңіл түрде зердесі зақымдалған (жеңіл ақыл-ой кемістігі бар);

2) орташа түрде зердесі зақымдалған (орташа ақыл-ой кемістігі бар).

75. Ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған арнайы оқыту шарттары:

1) зердесі зақымдалған білім алушыларды оқыту жалпы білім беретін мектептердің Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына бағдарланбаған арнайы оқу бағдарламалары және арнайы оқулықтар бойынша;

2) зердесі зақымдалған білім алушыларды сынып педагогінің және психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының балалардың мүмкіндіктерін психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде жасалған және жарты жылдан аспайтын мерзімге арналған жеке оқу бағдарламаларына сәйкес оқыту;

3) өлшемді сипаттамалық бағалау және бес балдық шкаланы пайдалана отырып, оқу жетістіктерін бағалау. Орташа түрде зердесі зақымдалған білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезінде балдық бағалау пайдаланылмайды;

4) сөйлеу тілі мен мінез-құлығының айқын түрдегі бұзылыстары болған жағдайда логопедиялық және психологиялық көмек көрсету;

5) емдік дене шынықтыру, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау бойынша сабақтар.

76. Орташа түрде зердесі зақымдалған оқыту жеке сыныптарда немесе педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жеңіл түрдегі зердесі зақымдалған білім алушылармен бірлесіп ұйымдастырылады.

77. Жалпы еңбекке дайындық, кәсіби-еңбекке оқыту, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау бойынша сабақтар үшін сыныптың білім алушылары екі топқа бөлінеді.

78. Топтарды еңбек түрлері бойынша жинақтау білім алушылардың дене және психикалық жағдайы мен мүмкіндіктерін ескере отырып, дәрігердің ұсынымдары негізінде жүзеге асырады.

78. Арнайы мектепте 10-шы өндірістік сынып терең кәсіптік оқытуды жүзеге асырады.

80. Арнайы мектепте еңбекке оқыту жұмысшы кадрларға қажеттілікке бағдарланған өңірлік, жергілікті жағдайларды негізге ала отырып, тәрбиеленушілердің дене және психикалық дамуы, денсаулығы, мүмкіндіктері, сондай-ақ олардың заңды өкілдерінің мүдделерін ескере отырып, білім алушыны жеке еңбек қызметі үшін даярлауды қамтитын еңбек саласын таңдау негізінде жүзеге асырылады.

81. Ақыл-ой бұзылыстары жеңіл түрде балаларды мектепте оқыту еңбекке баулу бойынша емтиханмен аяқталады. Білім алушылар белгіленген тәртіппен соңғы емтихандардан босатылуы мүмкін. Ақыл-ой бұзылыстары орташа түрдегі білім алушылар еңбекке даярлау пәндері бойынша бітіру емтиханын тапсырмайды.

82. Зердесі зақымдалған балаларға арналған арнайы мектептің білім алушылары екінші жылға (қайта оқуға) қалдырылмайды.

6-параграф. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі

83. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектепке/сыныпқа шығу тегі әртүрлі, оның ішінде кохлеарлық импланты бар, балалар аутизмі және аутистік спектрдегі бұзылыстары бар (сыныпта аутистік спектрдегі бұзылыстары бар 2 баладан артық емес болуы керек) психикалық дамуы тежелген балалар қабылданады;

84. Жалпы білім беретін мектепте психикалық дамуы тежелген балалар үшін сыныптарды жасақтау бастауыш білім беру деңгейінде – 0, 1-сынып және ережеден тыс 2-сыныпта жүзеге асырылады.

85. Психикалық дамуы тежелген білім алушылар оқудың кез келген кезеңінде жалпы білім беретін мектепке/сыныпқа ауыстырылады.

86. Он екі жастан кейінгі балаларда психикалық дамуының тежелуі шекаралық деңгейдегі зерде дамуындағы бұзылысқа жатады.

87. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы оқыту шарттарына төмендегілер жатады:

1) педагогикалық қорғау режимі (бірінші ауысымда ұзартылған күн режимінде оқыту, қозғалыс белсенділігі және үзілістерде демалу мақсатында жеткілікті уақытты қамтамасыз ету);

2) сөйлеу тілі, мінез-құлық және қарым-қатынас бұзылыстары болған жағдайда логопед пен психолог көмегін атқару;

3) білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жеке/топтық сабақтар өткізу.

7-параграф. Эмоционалды-ерік саласы мен мінез-құлқының бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі

88. Эмоционалды-ерік саласы мен мінез-құлқының бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептер/сыныптарға эмоционалды-ерік саласы мен мінез-құлқының бұзылыстары бар балалар, оның ішінде балалар аутизмі және аутистік спектрдегі бұзылыстары бар балалар қабылданады.

89. Арнайы мектеп/сынып контингентін жинақтау және оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

90. Балаларға түзете-дамыту көмегін психолог, арнайы педагог, логопед көрсетеді.

8-параграф. Балалар санатын қоса жұмыс атқаратын арнайы мектептер қызметінің тәртібі

91. Арнайы мектептердің контингенті осы Ереженің 43-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6) тармақшаларында көрсетілген балалар санатынан құрылады. Оқыту жетекші бұзылысы бойынша білім алушылардан жинақталатын арнайы сыныптарда Санитариялық ережелер, тиісті санаттағы білім алушыларға арналған Үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қызметінің тәртібі

92. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация балаларды тексеруды және оларға консультация беруді, ерекше білім беру қажеттіліктерін және білім алу үшін арнаулы жағдайларды бағалауды, білім беру бағдарламасын айқындауды жүзеге асыратын, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға жіберетін білім беру ұйымы болып табылады.

93. ПМПК қызметінің негізгі бағыттары:

1) ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау мақсатында туғаннан бастап 18 жасқа дейінгі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру;

2) балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау, жалпы білім беру мен арнайы білім беру ұйымдарында оларды қанағаттандыру жөнінде ұсынымдар беру;

3) ерекше білім беруді қажет ететін бала үшін білім беру бағдарламасының түрін белгілеу;

4) ерекше білім беруді қажет ететін балалар дамуының ауытқуларын болдырмау және жеңу, оларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша отбасына кеңес беру;

5) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша мұғалімдерге, тәрбиешілерге, мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарының мамандарына консультациялық-әдістемелік көмек көрсету;

6) білім беру, медициналық, әлеуметтік қызметтері туралы ақпарат ұсыну мақсатында білім беру, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау органдарымен, қоғамдық ұйымдармен ерекше білім беруді қажет ететін балаларды уақытылы анықтау бойынша бірлескен жұмыс;

7) ерекше білім беруді қажет ететін балалардың есебін жүргізу және жиынтық есептілікті қалыптастыру.

Облыстық, қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға әдістемелік басшылықты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы жүзеге асырады.

94. Балаларды ПМПК-ға жіберу ата-аналардың (заңды өкілдердің), білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарының бастамасы бойынша ата-аналардың (заңды өкілдердің) келісімімен жүзеге асырылады.

ПМПК-ға балаларды қабылдау алдын ала тіркеу бойынша ата-аналарының (заңды өкілдерінің) еріп жүруімен жүзеге асырылады.

95. ПМПК-дың материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік жабдықталуы Жабдықтармен және жиһазбен жабдықтау нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

96. Консультацияға алдын ала жазуды, балаларды тіркеуді және құжаттамаларын есепке алуды тіркеуші жүзеге асырады.

97. Тексеру мен кеңес беруді дәрігер-невропатолог, дәрігер-психиатр, психолог, мұғалім-логопед (логопед), арнайы педагог (дефектолог): олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, әлеуметтік педагог және

ПМПК меңгерушісі жүзеге асырады. Қажет болған жағдайда медициналық бейіндегі басқа мамандар Үлгілік штаттарға сәйкес 0,5 мөлшерлемеге немесе сағаттық еңбекақы төлеу шарттарында тексеруге және консультация беруге тартылады.

98. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды есепке алуды, қызмет көрсетілетін аумақтағы балалардың саны мен олардың қажеттіліктері туралы жиынтық есептілікті қалыптастыруды статист жүзеге асырады.

99. Бастапқы тексеру баланың дамуы туралы әлеуметтік-психологиялық және медициналық мәліметтерді жинауды, психологтің, педагогтердің (әлеуметтік педагогтің, арнайы педагогтің, логопедтің) тексеруін, баланың психикалық-тілдік және әлеуметтік-коммуникативтік дамуының деңгейі мен ерекшеліктерін бағалауды, ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауды және ата-аналарына (заңды өкілдеріне) консультация беруді қамтиды. Бастапқы тексеру бір-төрт қабылдау барысында жүргізіледі. Қабылдау ұзақтығы тексеру мақсатына байланысты 15 минуттан 1 сағатқа дейін.

Қайта тексеру ерекше білім беру қажеттіліктерін қайта бағалау, ПМПК-ның жалпы қорытындысы мен ұсынымдарын нақтылау немесе өзгерту мақсатында, диагностикалық топтардағы сабақтарынан немесе білім беру ұйымдарындағы сынақ сабақтарынан кейін, зерде немесе сөйлеу тілінің даму деңгейін нақтылау үшін тағайындалады. Бақылау тексеруі баланың даму немесе оқу динамикасын бақылау үшін тағайындалады.

100. Тексеру нәтижелері баланың даму картасында көрсетіледі. Тексеру нәтижелері негізінде осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес, дамудың бұзылу түрі, білім беру бағдарламасының түрі және басқа да ерекше білім беру қажеттіліктері туралы алқалық шешімді қамтитын, ПМПК-ның жалпы қорытындысы мен ұсынымдары жасалады.

101. ПМПК баланың жеке қажеттіліктеріне қарай ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады.

Арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде келесі шарттар ұсынылады, соның ішінде:

- 1) оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын өзгерту;
- 2) оқу нәтижелерін (оқушының жетістіктерін) бағалау тәсілдерін өзгерту;
- 3) оқытудың нұсқалық, арнайы және балама әдістерін пайдалану;
- 4) оқулықтарды, оқу құралдарын таңдау, жеке оқу материалдарын дайындау;
- 5) оқыту формасын таңдау (арнайы сынып, жалпы сынып, психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті);
- 6) кедергісіз орта құру және оқу орнын бейімдеу;

7) компенсаторлық және техникалық құралдарға қажеттілік;

8) арнайы психологиялық-педагогикалық көмек (психологтің, логопедтің, арнайы педагогтің (дефектолог): олигофренопедагогтің, сурдопедагогтің, тифлопедагогтің көмегі);

9) педагог-ассистенттің көмегі;

10) әлеуметтік-педагогикалық көмек.

102. Балалардың мектепке дейінгі және мектептік жалпы білім беру және арнайы білім беру ұйымдарына түсуі барысында ПМПК ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады. ПМПК-да ерекше білім беру қажеттіліктерін қайта бағалау ата-аналардың (заңды өкілдердің) бастамасы және мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарының сұранысы бойынша және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің шешімі негізінде, кез-келген оқу кезеңінде жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарының сұранысы бойынша білім беру бағдарламасы мен ерекше білім беру қажеттіліктерін айқындау мақсатында ПМПК денсаулық сақтау ұйымдарының балалар үйінде және медициналық-әлеуметтік мекемелерде мүмкіндігі шектеулі балаларға тексеру жүргізеді.

103. ПМПК жалпы білім беру және арнайы білім беру ұйымдарындағы балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ұсынымдар дайындайды, ата-аналарына консультация береді. Қажет болған жағдайда ПМПК мамандары ата-аналарға, мамандарға, мұғалімдерге (тәрбиешілерге) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды үй жағдайында, жалпы білім беру және арнайы ұйымдар жағдайында дамыту, оқыту және тәрбиелеу бойынша кеңестік көмек көрсетеді.

104. Ата-аналардың (заңды өкілдердің) қолына осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес форма бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері, білім беру бағдарламасының түрі көрсетілген ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары беріледі. Білім беру ұйымын таңдау құқығы ата-аналарға беріледі.

105. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдары скрининг жүргізу нәтижелері бойынша ерте жастағы балаларды жіберген кезде, ПМПК баланың консультацияда тексеруден өткені туралы ақпаратты тиісті денсаулық сақтау ұйымына ұсынады.

106. Қажет болған жағдайда ПМПК балалар мен жасөспірімдерді денсаулық сақтау ұйымдарына жібереді: медициналық тексеру, емдеу, мүгедектікті рәсімдеу және үйде оқыту үшін медициналық көрсетілімдерді айқындау үшін.

Психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстары (ауруларға), соның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды пайдалану салдарынан, және де суицидтік мінез-құлық бойынша күдіктенген кезде, балалар мен жасөспірімдер психикалық денсаулық орталықтарына жіберіледі.

107. Қажет болған жағдайда ПМПК тексеру нәтижелері бойынша балаларды әлеуметтік қорғау органдарына әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік көмек көрсету мәселесін шешу үшін жібереді.

108. "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен (бұдан әрі - Құжаттардың тізбесі) бекітілген 2-қосымшасына сәйкес форма бойынша ПМПК-да жүргізіледі:

- 1) алдын ала жазылу журналы;
- 2) баланың даму картасы.

109. ПМПК-да есепте тұрған бала туралы деректер құпия сипатта болады, балаланың даму картасынан үзінді көшірмелер Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңына сәйкес білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарының, құқық қорғау органдарының және білім беру мен денсаулық сақтау саласының орталық уәкілетті органдардың жазбаша сұранысы бойынша беріледі.

110. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) баланың даму картасынан үзінді көшірме мен оны оқыту мен тәрбиелеу жөнінде жазбаша ұсынымдар сұраныстары бойынша беріледі.

111. Қажет болған жағдайда мектеп жасындағы балаларға жалпы және арнайы білім беру ұйымдарында сынамалық оқыту жағдайында 3-12 ай ішінде; ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларға - ПМПК-да құрылған диагностикалық топтарда диагностикалық зерделеу жүргізіледі. Диагностикалық топтардағы балаларға динамикалық зерделеу психологиялық-педагогикалық жұмыс барысында қажетті қызметтерді көрсетумен жүзеге асырылады.

112. Балаларды диагностикалық топқа кіргізу, болу мерзімін ұзарту немесе қысқарту, 3 айдан бір жылға дейінгі болу мерзімінің ұзақтығын көрсете отырып, ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

113. Тексеру нәтижелері бойынша ПМПК мамандары диагностикалық топтарда жеке дамыту бағдарламасын жасайды, оқыту формасы (жеке немесе топтық) мен апталық оқу-дамыту сабақтарының санын белгілейді.

114. Жеке оқу-дамыту көмегін мамандар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне байланысты көрсетеді:

1) психолог;

2) арнайы педагог (дефектолог): олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог; мұғалім-логопед (логопед);

3) әлеуметтік педагог;

4) тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі;

5) дене шынықтыру мұғалімі (емдік дене шынықтыру бойынша нұсқаушы).

115. Диагностикалық топтарда дамытушы диагностикалық оқыту күнтізбелік жыл бойы бір жастық немесе әр-түрлі жастық қағида бойынша жеке, кіші топтық және топтық формада ұйымдастырылады.

116. ПМПК мамандарының жұмыс күнінің ұзақтығы – аптасына 24 сағат, меңгерушілердің, тіркеушілердің, статисттердің жұмыс күнінің ұзақтығы – аптасына 30 сағат.

117. ПМПК-да балаларды тексеру және кеңес беру кезінде осы Қағидалардың 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 128 тармақтарында көрсетілген психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және кеңес беру шарттары, талаптары мен бағдарламалары жүзеге асырылады.

Туғаннан 18 жасқа дейінгі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру келесілерді қамтиды:

1) неврологиялық денсаулығын, сенсомоторлық және психикалық-тілдік ерекшеліктерін бағалау, неврологиялық бұзылыстары мен ауруларын анықтау және олардың бала дамуына, тәрбиесі мен оқуына келтіретін әсерін анықтау мақсатында жүргізілетін неврологиялық тексеру. Балаларды дамытуды, оқытуды және тәрбиелеуді қамтамасыз ету үшін емдеу және емдеу (қорғау) режимі мәселелері бойынша отбасына консультация береді;

5) Құжаттардың тізбесімен бекітіліген 2-қосымшаға сәйкес ФТ нәтижелері бойынша ДЖБ әзірлеу.

204. ЖДЖ іске асыру мынадай қолдау бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылады:

1) "Ерте қолдау" бағдарламасы ата-ана мен 0-ден 3 жасқа дейінгі баланың өзара әрекеттесуіне бағытталған.

Сабақтың ұзақтығы - 60 минут, циклдің ұзақтығы-36 сабақ.

2) "Оқыту дағдыларын дамыту" бағдарламасы 3 жастан 10 жасқа дейінгі баланың оқу дағдыларын дамытуға бағытталған.

3) "JASPER сөйлеу дағдыларын дамыту" бағдарламасы 3 жастан 7 жасқа дейінгі балалардың сөйлеу және ойын дағдыларын дамытуға бағытталған.

4) "Әлеуметтік дағдыларды дамыту" бағдарламасы 5 жастан бастап баланың әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған.

5) "Өмірлік дағдыларды дамыту" бағдарламасы 5 жастан бастап баланың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

6) "Қарқынды курс" бағдарламасы баланың психологиялық даму деңгейі мен жасын ескере отырып, оның тіршілік әрекеті дағдыларын дамытуға бағытталған, баламен жеке сабақтар жүргізу және ата-аналарды жеке оқыту арқылы іске асырылады.

Сабақтың ұзақтығы - 60 минут, курстың ұзақтығы -10 сабақ, осы бағдарлама шеңберіндегі сабақтар күн сайын өткізіледі.

7) Бағдарламаның дефектолог/психолог әрбір сабақтың қорытындысы бойынша күн сайын мониторинг жүргізеді және цикл аяқталғаннан кейін баланың дамуын қорытынды бағалайды (қайталама ФТ).

8) Цикл аяқталғаннан кейін дефектолог/психолог қалыптасқан дағдыларды бекіту және үйде жаңа дағдыларды қалыптастыру үшін ата-аналарға ұсыныстар жасайды.

9) клиникалық педагог бекітілген кесте бойынша цикл бойы ата-аналар үшін жеке және топтық сабақтар нысанында оқыту семинарларын, тренингтерді, вебинарларды, консультацияларды, супервизияларды өткізеді.

205. Бастапқы диагностикалық кеңес беруді, балалармен сабақ өткізуді, ата-аналарды кесте бойынша оқытуды қашықтықтан жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

206. Аутизм орталығының штаттық құрамы жүгінген балалардың саны және олардың қызметтерге қажеттілігі негізінде қалыптастырылады.

207. Клиникалық педагог, супервайзер, әлеуметтік педагог үшін нормативтік оқу жүктемесі аптасына 18 сағатты, директор, Тіркеуші үшін 30 сағатты құрайды.

Арнайы білім беру
ұйымдары қызметінің
Үлгілік ережесіне
1-қосымша

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы

Мекенжайы _____

Телефон _____

Берілді _____

Кеңестен өткені жайлы _____ күні _____ айы _____ жылы

1. Қорытынды _____

2. Білім беру бағдарламасы және ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар: _____

Қорытынды мен ұсынымдар жарамды (қолданылу мерзімін көрсету) _____

ПМПК меңгерушісі _____

Мамандар _____

Арнайы білім беру
ұйымдары қызметінің
Үлгілік ережесіне
2-қосымша

Пәнаралық командалық бағалауды жүргізуге арналған көрсеткіштер

| № | Балалар санаты | Жасы | ПМПК қорытындысы |
|---|----------------------|--------------|-------------------------------------|
| 1 | Ерте жастағы балалар | 0-3 жас 0 | Сөйлеуді дамыту басқа кез келген |

| | | | |
|---|----------------------------------|---------|---|
| 2 | Мектепке дейінгі жастағы балалар | 3-6 жас | Қарым-қатынас өзара әрекеттестігі Тірек-қимыл бұзылуы Ақыл-ой кемістігі ауыр ақыл-ой кемістігі Күрделі бұзылулар ден астам бұзылуы Көру, есту қауып-зақымдалуы (мектеп кезінде) |
| 3 | Мектеп жасындағы балалар | 6-18 | Қарым-қатынас өзара әрекеттестігі Күрделі бұзылулар ден астам бұзылуы Мүгедектік болуы есту, тірек-қимыл қауып-зақымдалуы (орташа) |

Арнайы білім беру
ұйымдары қызметінің
Үлгілік ережесіне
3-қосымша

ППТК түзету сабақтарының жоспары

| ЕРТЕ ЖАС (0-3 ЖАС). | | САБАҚТЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ 35 МИНУТ | | | | | | | | | |
|---------------------|--|----------------------------|--------------|----------------|--------------|----------|--------------|---|--------------|--------------|---|
| № | Даму бұзылыстарының санаттары | Түзету-дамыту сабақтары | | | | | | Отбасылық кеңес беру | ЕДШ | | |
| | | Логопед | | Арнайы педагог | | Психолог | | | Жеке | Шағын топтық | |
| | | Жеке | Шағын топтық | Жеке | Шағын топтық | Жеке | Шағын топтық | Жеке | Шағын топтық | Шағын топтық | |
| 1 | Ақыл-ой дамуының тежелуі (мотор және ақыл-ой дамуы бұзылған) | | - | 1 | 2 | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | 4 | 3 | - |
| 2 | Сөйлеу тілі дамуының тежелуі | 1 (көрсеткіштер бойынша) | 2 | - | | - | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | 4 | - | - |
| 3 | Эмоционалды-коммуникативті дамудың кешігуі | - | - | | | 4 | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | 4 | - | - |

| | | | | | | | | | | | |
|------------------------------------|--|---|---|---|---|---|-------------------------------|---|---|---|--------------------------|
| | (аутизм диагнозына сәйкес келеді) | | | | | | | | | | |
| 4 | Есту қабілетінің зақымдалуы | - | - | 1 | 2 | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - | - |
| 5 | Көру қабілетінің зақымдалуы | | | 2 | | | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - | - |
| МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАС (3-7 (8) ЖАС) | | | | | | | САБАҚТЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ 35-45 МИНУТ | | | | |
| 1. | Психикалық дамудың тежелуі | | | 2 | - | - | ((көрсеткіштер бойынша) | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - | - |
| 2 | Зерденің зақымдалуы (жеңіл) | | | 1 | 2 | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - | 2 (көрсеткіштер бойынша) |
| 3. | Зерденің зақымдалуы (орташа) | - | - | 2 | 1 | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - | 2 (көрсеткіштер бойынша) |
| 4 | Зерденің зақымдалуы (ауыр) | | | 3 | | | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | | | |
| 1. | Кейбір мотор қиындықтарымен өздігінен қозғалатын тірек-қимыл аппаратының (бұдан әрі – ТҚА) бұзылуы | - | | | 2 | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | | | 2 |
| 2. | Техникалық және өзге де көмекші | | | 2 | - | - | | Айына 4 консультация | 2 | | - |

| | | | | | | | | | | | |
|----|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | күралдардың көмегімен қозғалатын ТҚА бұзылуы | | | | | | | | (көрсетілім бойынша) | | |
| 3. | Өздігінен қозғалмайтын ТҚА бұзылуы | - | - | 2 | - | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | 3 | - |
| 4 | 1 деңгейдегі сөйлеудің жалпы дамымауы (бұдан әрі-СЖД) | 1 | 2 | - | - | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 5 | 2 деңгейдегі СЖД | 2 | 1 | - | - | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 6 | 3 деңгейдегі СЖД | 2 | - | - | - | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 7 | 3 және 4 дәрежедегі құлақ мүкістігі және КИ бар бала | - | - | 1 | 2 | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 8 | Көру қабілетінің зақымдалуы | | | 2 | - | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 9 | Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылуы немесе қиындықтары (аутизм | | | 2 | | | 4 | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|----------------------------|---|---|---|---|---|
| | диагнозын а сәйкес келеді) | | | | | | | | | | |
| 10 | Мінез-құлықтың бұзылуы немесе қиындықтары | | | | | 2 | - | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 11 | Күрделі бұзылыстар | 2 | - | 3 | - | - | - | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | 2 | - |
| МЕКТЕП ЖАСЫ 7 (8) ЖАСТАН 18 ЖАСҚА ДЕЙІН | | | | | | САБАҚТЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ 45 МИНУТ | | | | | |
| 1 | 1 және 2 деңгейдегі СЖД | 1 | 2 | - | | - | | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 2 | 3 деңгейдегі СЖД | - | 2 | - | | - | | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 4 | ТҚА бұзылуы | | | 2 | | - | - | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | 2 | - |
| 5 | Есту қабілетінің зақымдалуы | - | - | - | | 2 | | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 6 | Көру қабілетінің зақымдалуы | - | - | 2 | | - | | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 7 | Оқу, жазу және есептеудің нақты бұзылуы | 2 | - | - | | - | | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 9 | Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара | . | | | | - | 1 | 2 | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |

| | | | | | | | | | | | |
|----|--|------------------------|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеттестіктің бұзылуы немесе қиындықтары (аутизм диагнозына сәйкес келеді) | | | | | | | | | | |
| 10 | Мінез-құлықтың бұзылуы немесе қиындықтары | | | | | 2 | | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 11 | Күрделі бұзылулар | (көрсеткіштер бойынша) | - | 2 | - | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | 2 | - |

Ескертпе:

"Көрсеткіш бойынша" - командалық бағалау хаттамасында жазылуы тиіс пәнаралық командалық бағалау нәтижелері бойынша белгіленетін көмек көлемі.

"Отбасылық консультациялар" – отбасына әзірленген көмек бағдарламасының нәтижелері бойынша психолог және немесе әлеуметтік педагог жүргізетін, консультацияларды командалық бағалау нәтижелері бойынша белгіленетін көмек көлемі.

Арнайы білім беру
ұйымдары қызметінің
Үлгілік ережесіне
4-қосымша

Пәнаралық командалық бағалауды жүргізуге арналған көрсеткіштер

| № | Балалар санаты | Жасы | ПМПК қорытынды |
|---|-------------------------------|------|---|
| 1 | Ерте жастағы балалар | 0-3 | Сөйлеу тіл бұзушылықтары келген бұзушылықтар |
| 2 | Мектеп жасына дейінгі балалар | 3-6 | Қарым-қатынас өзара әрекеттестігі Тірек-қимыл бұзылуы Ақыл-ой кемістігі ауыр ақыл-ой кемістігі Күрделі бұзылулар ден астам бұзылулар Көру, есту қабілеттері |

| | | | |
|---|--------------------------|------|--|
| | | | зақымдалуы (м кезде) |
| 3 | Мектеп жасындағы балалар | 6-18 | Қарым-қатынас өзара әрекеттесті Күрделі бұзылу ден астам бұзылу Мүгедектік бол есту, тірек-қим интеллектінің (ор бұзылуы |

Арнайы білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік ережесіне 5-қосымша

Оңалту орталығының түзету сабақтарының жоспары

| ЕРТЕ ЖАС (0-3 ЖАС). | | | | САБАҚТЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ 35 МИНУТ | | | | | | | |
|---------------------|--|--------------------------|--------------|----------------------------|--------------|----------|--------------|---|------|--------------|---|
| № | Даму бұзылыстарының санаттары | Түзету-дамыту сабақтары | | | | | | Отбасылық кеңес беру | ЕДШ | | |
| | | Логопед | | Арнайы педагог | | Психолог | | | Жеке | Шағын топтық | |
| | | Жеке | Шағын топтық | Жеке | Шағын топтық | Жеке | Шағын топтық | | | | |
| 1 | Ақыл-ой дамуының тежелуі (мотор және ақыл-ой дамуы бұзылған) | | - | 1 | 2 | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | 4 | 3 | - |
| 2 | Сөйлеу тілі дамуының тежелуі | 1 (көрсеткіштер бойынша) | 2 | - | | - | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | 4 | - | - |
| 3 | Эмоционалды-коммуникативті дамудың кешігуі (аутизм диагнозына сәйкес келеді) | - | - | | | 4 | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | 4 | - | - |
| 4 | Есту қабілетінің зақымдалуы | - | - | 1 | 2 | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | 4 | - | - |

| | | | | | | | | | | | |
|------------------------------------|--|---|---|---|---|---|-------------------------------|---|---|--------------------------|--|
| 5 | Көру қабілетінің зақымдалуы | | | 2 | | | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - | |
| МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАС (3-7 (8) ЖАС) | | | | | | | САБАҚТЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ 35-45 МИНУТ | | | | |
| 1. | Психикалық дамудың тежелуі | | | 2 | - | - | 2 (көрсеткіштер бойынша) | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - | |
| 2. | Зерденің зақымдалуы (жеңіл) | | | 1 | 2 | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | 2 (көрсеткіштер бойынша) | |
| 3. | Зерденің зақымдалуы (орташа) | - | - | 2 | 1 | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | 2 (көрсеткіштер бойынша) | |
| 4 | Зерденің зақымдалуы (ауыр) | | | 3 | | | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | | | |
| 1. | Кейбір мотор қиындықтарымен өздігінен қозғалатын тірек-қимыл аппаратының (бұдан әрі – ТҚА) бұзылуы | - | | | 2 | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | | 2 | |
| 2. | Техникалық және өзге де көмекші құралдардың көмегімен қозғалатын ТҚА бұзылуы | | | 2 | - | - | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | 2 | - | |
| 3. | Өздігінен қозғалмайтын ТҚА | - | - | 2 | - | - | - | Айына 4 консультация | 3 | - | |

| | | | | | | | | | | | |
|----|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | бұзылуы | | | | | | | | (көрсетілім бойынша) | | |
| 4 | 1 деңгейдегі сөйлеудің жалпы дамымауы (бұдан әрі-СЖД) | 1 | 2 | - | - | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 5 | 2 деңгейдегі СЖД | 2 | 1 | - | - | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 6 | 3 деңгейдегі СЖД | 2 | - | - | - | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 7 | 3 және 4 дәрежедегі құлақ мүкістігі және КИ бар бала | - | - | 1 | 2 | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 8 | Көру қабілетінің зақымдалуы | | | 2 | - | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 9 | Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылуы немесе қиындықтары (аутизм диагнозына сәйкес келеді) | | | 2 | | 4 | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 10 | Мінез-құлықтың бұзылуы немесе қиындықтары | | | | | 2 | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|----------------------------|---|---|---|--|
| 11 | Күрделі бұзылыстар | 2 | - | 3 | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | 2 | - | |
| МЕКТЕП ЖАСЫ 7 (8) ЖАСТАН 18 ЖАСҚА ДЕЙІН | | | | | | | САБАҚТЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ 45 МИНУТ | | | | |
| 1 | ТҚА бұзылуы | 1 | 2 | - | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - | |
| 2 | Есту қабілетінің зақымдалуы | - | 2 | - | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - | |
| 4 | Көру қабілетінің зақымдалуы | - | - | 2 | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | 2 | - | |
| 5 | Оқу, жазу және есептеудің нақты бұзылуы | - | - | - | 2 | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - | |
| 6 | Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылуы немесе қиындықтары (аутизм диагнозына сәйкес келеді) | - | - | 2 | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - | |
| 7 | Мінез-құлықтың бұзылуы немесе қиындықтары | 2 | - | - | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - | |
| 9 | Күрделі бұзылулар | - | - | - | - | 1 | 2 | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - | |

| | | | | | | | | | | |
|----|-----------------------------|------------------------|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | бойынша) | | |
| 10 | ТҚА бұзылуы | | | | | 2 | | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | - | - |
| 11 | Есту қабілетінің зақымдалуы | (көрсеткіштер бойынша) | - | 2 | - | - | - | Айына 4 консультация (көрсетілім бойынша) | 2 | - |

Ескертпе:

"Көрсеткіш бойынша" - командалық бағалау хаттамасында жазылуы тиіс пәнаралық командалық бағалау нәтижелері бойынша белгіленетін көмек көлемі.

"Отбасылық консультациялар" – отбасына әзірленген көмек бағдарламасының нәтижелері бойынша психолог және немесе әлеуметтік педагог жүргізетін, консультацияларды командалық бағалау нәтижелері бойынша белгіленетін көмек көлемі.

Арнайы білім беру
ұйымдары қызметінің
Үлгілік ережесіне
б-қосымша

Жұмыс оқу жоспары

| Түзету-дамыту жұмысы (курс 36 сабақ. Қарқындылығы аптасына 3 рет. Сабақтың ұзақтығы 60 минут) | | | | | | |
|---|---|-----------------|-------------------------|--------|---------------------|----------------------------|
| № | Көмек бағдарламалары | Жас | Түзету-дамыту сабақтары | | Құрылымдық анализ | Отбасымен жұмыс кеңес беру |
| | | | жеке | топтық | | |
| 1 | "Ерте қолдау" | 0-3 | көрсеткіштер бойынша | + | Бір цикл үшін 2 рет | күн сайын |
| 2 | "Білім алу дағдыларын дамыту" | 3-10 | + | + | | |
| 3 | "Сөйлеу дағдыларын дамыту" (ДЖАСПЕР әдістемесі бойынша) | 4-7 | + | | | |
| 4 | "Әлеуметтік дағдыларды дамыту" | 5 жастан бастап | көрсеткіштер бойынша | + | | |
| 5 | "Өмірлік дағдыларды дамыту" | 5 жастан бастап | + | | | |

| | | | | | | |
|---------------------------|--|---|----------|---------------|--|-------------------------------------|
| 6 | "Интенсивті курс" | сұраныс бойынша | + | | Цикл үшін 1 рет | |
| II | | | | | | |
| Диагностикалық іс-шаралар | | | | | | |
| | Іс-шаралар | Көрсеткіштер | Ұзақтығы | | Нәтиже | Мерзімдері |
| 1 | Алғашқы кеңес беру және баланың анамнестикалық деректерін жинау | + | 90 мин | | Баланың даму картасы | бір рет |
| 2 | М-СНАТ - R-аутизм спектрінің бұзылу қаупін бағалау скринингі (АСБ) | 16 айдан 30 айға дейін | 30 мин | | Сауалнама | 6 айдан кейін қай |
| 3 | Баланың психофизикалық жағдайын диагностикалық тексеру - ADOS-2 | Ақыл-ой жасын (12 айдан бастап) және қарсы көрсеткіштерді ескере отырып | 60 мин | | Аутистік көріністердің айқындылық дәрежесі туралы қорытынды, көмек бағдарламасына жіберу | Бастапқы және қ |
| III | | | | | | |
| Отбасын оқыту | | | | | | |
| | Іс-шара | Ұзақтығы | | Оқыту формасы | Сағат саны | Мерзімі |
| 1 | Семинар | 60 мин | | Күндізгі | 40 10-12 | Басталғанға дейін және ағымда. цикл |
| 2 | Консультация | 30-60 мин | | Күндізгі | Шарт жасасу кезінде және сұраныс бойынша | Цикл бойы |
| 3 | Супервизия | 60 мин | | Онлайн | Сұраныс бойынша | цикл аяқталғаннан кейін |
| 4 | Вебинар | 60 мин | | Онлайн | 20 1-12 | Басталғанға дейін және ағымда. цикл |
| IV | | | | | | |
| Мамандарды оқыту | | | | | | |
| | Іс-шара | Ұзақтығы | | Оқыту формасы | Сағат саны | Исполнители: |
| 1 | Семинар | | | Күндізгі | 40 | |
| 2 | Вебинар (онлайн семинар) | 5 күн | | Онлайн | 20 | Супервайзер, кли |

| | | | | |
|---|-------------------|-----------------|----------------------|---------|
| 3 | Консультация | Сұраныс бойынша | Күндізгі / онлайн | 1 |
| 4 | Супервизия | 6 мес | Онлайн | 36 |
| 5 | Ақпараттық сессия | Сұраныс бойынша | Күндізгі / Онлайн | 2 сағат |

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 31 тамыздағы
№ 385 бұйрығына
7-қосымша

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – "Білім туралы" Заң) 5-бабының 11-1) тармақшасына сәйкес жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының қызметін реттейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнаулы әлеуметтік қызметтер – өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін және оның қоғам өміріне қатысуына басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызметтер кешені;

2) баланың заңды өкілдері – ата-ана, бала асырап алушылар, қорғаншы, қамқоршы, патронат тәрбиелеуші, баланы қабылдайтын ата-аналар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын олардың орнындағы басқа да адамдар;

3) өмірлік қиын жағдай – адамның тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын, "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша танылған ахуал;

4) өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтары – тұрақты немесе уақытша (күндіз) болуды ұсына отырып, сондай-ақ қызметі өмірлік қиын жағдайдың алдын алу жөніндегі шараларды жүзеге асырумен байланысты заңды тұлғаларға ақпараттық, консультациялық, делдалдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну жолымен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін білім беру органдарының қарамағындағы ұйымдар.

5) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары – ата-анасын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтау үшін үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған балаларды, уақтылы орналастырылуы мүмкін болмаған жағдайда ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған балаларды, қорғаншылық және қамқоршылық органы балалардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қатер төнген кезде ата-анасынан (олардың біреуінен) немесе қамқорлыққа алған басқа адамдардан алып қойған балаларды, арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін балаларды, сондай-ақ әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қабылдауды және уақытша бағып-ұстауды қамтамасыз ететін, білім беру органдарының қарамағындағы ұйым.

3. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары (бұдан әрі – Ұйым) – жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұратын орын беріп, олардың тәрбиеленуіне, білім алуына қолайлы жағдай жасалатын білім беру жүйесінің ұйымдары болып табылады.

4. Ұйымдарының түрлері "Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 26 наурызда № 8390 болып тіркелген) айқындалған.

5. Мемлекеттік ұйымдарында оқитын және (немесе) тәрбиеленетін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар толық мемлекеттік қамтамасыз етіледі.

6. Ұйым өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Білім туралы" Заңына, "Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы" (бұдан әрі – "Бала құқықтары туралы" Заң), "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Заңдарына, осы Қағидаларға және ұйымның жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

2 тарау. Білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін

7. Ұйым тәрбиеленушілердің психофизиологиялық ерекшеліктеріне, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың денсаулығын сақтау, құқықтары мен мүдделерін қорғау талаптарына сәйкес тәрбиелеу бағдарламасын дербес әзірлейді.

Ұйым оқушылардың бойында тамақтану мәдениетін қалыптастыру, оның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтануды және табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізеді.

8. Орталықтың міндеттері:

1) мемлекеттік көмек пен қолдауды қажет ететін балаларға жататын орын бере отырып өмір сүру, оқыту және тәрбиелеу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету арқылы білім беру бағдарламаларын игеруге жағдай жасау;

2) тәрбиеленушілердің жақын туыстарын анықтау және оларды жақын туыстарының отбасына қайтару жөнінде шаралар қабылдауда қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға жәрдем көрсету;

3) тәрбиеленушілерді асырап алушы отбасыларындағы (қорғаншылыққа, патронатқа, асырап алуға, баланы қабылдайтын отбасына) өмірге психологиялық дайындау;

4) кәмелетке толмағандарға, олардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне өмірлік қиын жағдайды еңсеруде Әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету;

5) кәмелетке толмағандардың әлеуметтік мәртебесін анықтау бойынша жұмыс;

6) кәмелетке толмағандар арасында қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс;

7) тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір сүру салтының берік негіздерін қалыптастыру, дара тұлғаны дамыту үшін жағдайларды жасау арқылы зияткерлікті байыту;

8) азаматтық пен елжандылыққа, өз еліне - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

9) Қазақстан Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

10) әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен басқа да халықтардың тарихын, әдет-ғұрып дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік, орыс, шетел тілдерін білу;

11) оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру;

12) тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды, медициналық- психологиялық- педагогикалық оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ету;

13) тәрбиеленушілерге оқыту, тәрбиелеу, емдеу, әлеуметтік бейімдеу, оңалту және қоғамға кіріктіру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету.

9. Ұйымда балалардың тұрақты және уақытша (күндіз) болуы үшін әртүрлі жастағы және бір жастағы топтар құрылады. Топтардағы балалар саны он бес адамнан аспауы тиіс.

10. Ұйымда медициналық қызмет көрсетуді ұйымның әкімшілігімен және денсаулық сақтау жүйесінің аумақтық ұйымдарымен бірлесіп, балалардың денсаулығын сақтауды, олардың психофизикалық жай-күйін нығайтуды, профилактикалық іс-шараларды жүргізуді, Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ететін штаттық медициналық персонал жүзеге асырады.

11. Ұйым мынадай блоктардан тұрады:

1) тұрғын үй-тұрмыстық блок (жатын бөлмелер, сабақтарға арналған сынып, ойын бөлмесі, кинозал, кітапхана, гигиена бөлмелері);

2) медициналық блок (медициналық пункт, изолятор);

3) әкімшілік-шаруашылық блок (асхана, қызметтік кабинеттер және шаруашылық Ұй-жайлар).

12. Ұйымның техникалық жарақтандырылуы кәметке толмағандарды тәулік бойы бақылау үшін еркін кіру және ұйымнан тыс шығу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

13. Медициналық көрсеткіштер бойынша бұл балаларды тәрбиелеу мен оқыту "Бала құқықтары туралы" Заңға сәйкес бөлек жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, бір отбасында тұратын немесе туыстық қатынастарда тұратын балалар бір ұйымға жіберіледі.

14. Күн тәртібі тәрбиеленушілердің ұйымда тәулік бойы болуын ескере отырып жасалады.

15. Жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие процесі "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұйымда тәрбие жұмысы балалар мен ересектердің ынтымақтастығы қағидаттарында тәрбиеленушілердің мүдделерін, бейімділігі мен психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі.

Жергілікті атқарушы органдар мектеп жасындағы тәрбиеленушілерді тиісті елді мекеннің жалпы білім беретін мектебінде мектебі жоқ ұйымдардың оқуын қамтамасыз етеді.

16. Ұйымда тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационализм, жоғары мораль мен адамгершілікті қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған түрлі клубтар, секциялар, үйірмелер, студиялар құрылады.

Ұйым тәрбиеленушілердің мүдделерін ескере отырып, жалпы білім беретін мектепте, оқушылар сарайлары мен үйлерінде, жас техниктер мен жас натуралистер станцияларында, Спорт және музыка мектептерінде, мектептен тыс ұйымдарда үйірмелерге, секцияларға баруын қамтамасыз етеді.

17. Ұйымда мектепке дейінгі бөлімше (топтар) мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың туыстық қатынастарын сақтау мақсатында құрылады.

18. Мектепке дейінгі бөлімше (топтар) өз қызметінде осы Қағидаларды басшылыққа алады.

19. Мектепке дейінгі жастағы ұйымдардың тәрбиеленушілерін тәрбиелеу, оқыту және олардың күн тәртібі "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Ұйымда болған уақытта әрбір тәрбиеленушіге кепілдік беріледі:

- 1) оның өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 2) оның қадір-қасиетін қорғау;
- 3) күш көрсету, моральдық немесе психикалық зорлық-зомбылықтың барлық нысандарынан қорғау;
- 4) оның шығармашылық қабілеттері мен мүдделерін дамыту;
- 5) дамуында орын алған кемшіліктерді түзетуде білікті көмек алу;
- 6) оның бейімділігіне, қабілеттеріне, қалауы мен денсаулық жағдайына сәйкес қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін алуға құқығы бар.

21. Ұйым тәрбиеленушілердің мүдделерін ескере отырып, олардың жалпы білім беретін мектепте, оқушылар сарайлары мен үйлерінде, жас техниктер мен жас натуралистер станцияларында, Спорт және музыка мектептерінде, сондай-ақ

басқа да қосымша білім беру ұйымдарында үйірмелерге, секцияларға қатысуы арқылы белсенді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

22. Ұйым тәрбиеленушілердің пікірін ескере отырып, тиісті лицензиясы (рұқсаты) болған кезде білім беру қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалармен шарттар бойынша тәрбиеленушілерді кәсіптік даярлауды жүргізеді.

23. Педагогикалық, әдістемелік және қамқоршылық кеңестер ұйымды алқалық басқару нысандары болып табылады.

24. Ұйымдардың персоналын жинақтау "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысына сәйкес регламенттеледі.

25. Ұйым жергілікті жағдайларға байланысты оқу шаруашылықтарын, оқу-тәжірибе учаскелерін, оқу-өндірістік шеберханаларды құрады.

26. Еңбекке баулу және оқыту оқу шеберханаларында, қосалқы шаруашылықтарда, кәсіпорындарда, ұйымдарда жұмысшы кадрларға қажеттілікке бағдарланған өңірлік, жергілікті жағдайларды негізге ала отырып және психофизикалық дамудың, денсаулықтың, мүмкіндіктердің, сондай-ақ тәрбиеленушілердің мүдделерін ескере отырып, тәрбиеленушіні жеке еңбек қызметі үшін даярлауды қамтитын еңбек бейінін таңдау негізінде жүзеге асырылады.

27. Мемлекеттік ұйым жергілікті бюджеттен қаржыландырылады.

28. Ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату "Білім туралы" Заңның 6-бабының б) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

3 тарау. Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығы қызметінің тәртібі

29. Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығында күнтізбелік жыл ішінде әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық қызметтер түріндегі арнаулы әлеуметтік қызметтерді үш жастан он сегіз жасқа дейін алады:

1) жетім балалар;

2) ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-аналарының хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олардың қайтыс болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-аналарының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баланы тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-аналары өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемесінен алудан бас тартқан кезде, оларды уақтылы орналастыру мүмкін болмаған, сондай-ақ олардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қатер төнген кезде орган ата-анасынан (олардың бірінен) немесе қамқорлығында

болған басқа да адамдардан және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған өзге де жағдайларда іріктеп алған;

3) ата-аналарын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтау үшін үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған;

4) арнайы білім беру ұйымдарына жіберілетін балалар;

5) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар.

30. Осы Қағидалардың 29-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген, білім беру ұйымына жіберілетін кәмелетке толмағандарға органдар мынадай құжаттарды ұсынады:

1) білім басқармасының білім беру ұйымына жіберу туралы бұйрығы;

2) туу туралы куәлік (жеке куәлік);

3) денсаулық жағдайы және егулер туралы медициналық құжаттар;

4) білім туралы құжаттар (мектеп жасындағы балалар үшін);

5) баланың өмір сүру жағдайларын тексеру актісі;

6) ата-аналары туралы мәліметтер (ата-аналарының қайтыс болуы туралы куәліктердің көшірмелері, соттың шешімі (ата-аналарының ата-ана құқықтарын шектеу немесе айыру туралы, ата-аналарын хабарсыз кетті деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау немесе әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп тану туралы), ауруы туралы анықтама, ата-аналарды іздестіру туралы анықтама және ата-аналарының болмауын немесе олардың өз балаларын тәрбиелеу мүмкін еместігін растайтын басқа да құжаттар);

7) жақын туыстарының бар-жоғы және тұрғылықты жері туралы анықтама;

8) ата-анасы қайтыс болғаннан кейін қалған мүліктің тізімдемесі, оның сақталуына жауапты адамдар туралы мәліметтер;

9) кәмелетке толмағандарға тұрғын үй алаңын бекіту туралы құжаттар.

Осы Қағидалардың 29-тармағының 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандарға:

1) органның қаулысы;

2) баланың туу туралы куәлігі (жеке куәлігі) (бар болса);

3) тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру актісі (тұрғылықты жерін белгілеу кезінде);

4) кәмелетке толмағанға, сондай-ақ оның ата-анасына немесе басқа да заңды өкілдеріне мінездеме (ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері анықталған кезде);

5) туу туралы куәлік (болған жағдайда);

6) білім беру ұйымынан анықтама (мектеп жасындағы балалар үшін);

7) медициналық құжаттар (бар болса-егу паспорты және амбулаториялық карта).

Осы Қағидалардың 29-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген кәмелетке толмағандарға:

1) сот қаулысы.

31. Түнгі уақытта, демалыс немесе мереке күндері осы Қағидалардың 31-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандар өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәмелетке толмағанды өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығына қабылдау туралы актінің негізінде орналастырылады, бұл туралы өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау Орталығының Әкімшілігі жиырма төрт сағат ішінде Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына жазбаша.

32. Кәмелетке толмағандарды одан әрі ұстау не орналастыру туралы мәселені шешу үшін өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығының қызметкерлері үш жұмыс күні ішінде қадағалаусыз, панасыз қалу не зорлық-зомбылық, баланың өмірі мен денсаулығына қатыгез қарау белгілерінің болуын негіздейтін органдарға ақпарат жібереді.

33. Консультациялық көмек өз бетінше және өз еркімен жүгінген балаларға және олардың заңды өкілдеріне білім басқармасының жолдамасынсыз көрсетіледі.

34. Тәрбиеленушіні өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығынан басқа ұйымға ауыстыруды Білім басқармасы психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның қорытындысы және өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығының қолдаухаты негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте білім басқармасы ауыстыру туралы тиісті бұйрық дайындайды.

35. Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілерін шығару өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығының педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша, ол болмаған кезде – өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығы әкімшілігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

36. Кәмелетке толмағандар Кәмелетке толғанға дейін отбасына тәрбиелеуге орналастыру мүмкін болмаған жағдайда оларға көмек көрсету және оларды одан әрі орналастыру мәселелерін шешу үшін алты айдан аспайтын мерзімде өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығында болады.

37. Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығына келіп түскен сәттен бастап алты ай ішінде жетім бала және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала мәртебесі белгіленген кезде өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығына тұрақты тұруға қабылдау осы Қағидалардың 29-тармағына сәйкес белгіленген құжаттар тізбесі негізінде кейіннен отбасына орналастырылғанға дейін жүзеге асырылады.

38. Тәрбиеленушіні өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығынан ауыстырған (шығарған) кезде жеке істер тәрбиеленуші тұратын және оқитын ұйымның өкіліне беріледі, ол туралы журналға тиісті жазба жазылады.

39. Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығында қызметтер (бөлімдер) ұйымдастырылады):

1) орталық тәрбиеленушілері мен өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды психологиялық және құқықтық қолдау қызметі (бөлімі);

2) қиын өмірлік жағдайдағы балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілерін отбасылық орналастыруға жәрдемдесу, қиын өмірлік жағдайдағы балаларды қолдау орталығының түлектерін асырап алушы ата-аналарды сүйемелдеу және интернаттан кейінгі сүйемелдеу қызметі (бөлімі).

40. Орталық тәрбиеленушілері мен өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды психологиялық және құқықтық қолдау қызметінің (бөлімінің) міндеттері:

1) тәрбиеленушілердің, өмірлік қиын жағдайда жүрген балалардың жеке және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;

2) тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында тәрбиеленушілерге, қиын өмірлік жағдайдағы балаларға, олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;

3) әр оқушыға және қиын өмірлік жағдайдағы балаға оның жеке басын психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде көзқарасты дараландыруға ықпал ету;

4) психологиялық диагностика жүргізу және қиын өмірлік жағдайдағы тәрбиеленушілер мен балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту;

5) өмірлік қиын жағдайдағы тәрбиеленушілер мен балалардың психологиялық қиындықтары мен мәселелерін шешу бойынша психокоррекциялық жұмыстарды жүзеге асыру;

6) психологиялық мәселелерді шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда Орталықтың ата-аналары мен қызметкерлеріне консультациялық көмек көрсету;

7) тәрбиеленушілерді патронаттық отбасылардағы өмірге психологиялық даярлауды жүзеге асыру.

41. Қызметтің (бөлімнің) міндеттері өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілерін отбасылық орналастыруға жәрдемдесу және өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығының түлектерін асырап алушы ата-аналарды сүйемелдеу және интернаттан кейінгі сүйемелдеу:

1) баланы отбасына қайтару мақсатында өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығы тәрбиеленушілерінің туған отбасыларымен жұмысты жүзеге асыру;

2) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлауды жүзеге асыру;

3) отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқықтарын іске асыру үшін өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығы тәрбиеленушілерінің ата-ана қамқорлығынан айырылуының нақты мән-жайларын анықтау бойынша жұмыстарды жүзеге асыру;

4) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға және қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтарға консультациялық көмек көрсету;

5) жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдаған отбасыларға психологиялық, консультациялық және өзге де көмек көрсету;

6) тәрбиеленушілерді қабылдаушы отбасына орналастыру бойынша органдармен жұмысты жүзеге асыру;

7) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың түлектеріне өз бетінше өмір сүруге бейімделуіне жәрдем көрсету;

8) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар түлектерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға көмек көрсету;

9) өзін-өзі қамтамасыз ету проблемаларын шешуде, өмірлік қиын жағдайларды еңсеру бойынша мүмкіндіктерді іске асыруда қолдау көрсету;

10) еңбексүйгіштікті, салауатты өмір салты дағдыларын, мінез-құлық мәдениетін, заңға бағынуды қалыптастыру.

42. Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығында қажеттілігіне қарай басқа да қызметтер (бөлімдер) құрылуы мүмкін.

43. Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығы қызметі өмірлік қиын жағдайдың алдын алу жөніндегі шараларды жүзеге асырумен байланысты заңды тұлғаларға ақпараттық, консультациялық, делдалдық қызметтер көрсетеді.

4 тарау. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы қызметінің тәртібі

44. Мектеп жасындағы тәрбиеленушілер ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығында немесе арнайы білім беру ұйымдарында немесе тиісті елді мекеннің жалпы білім беретін мектебінің арнайы түзету сыныптарында білім алады.

45. Білім беру процесін ұйымдастыру (оқу жылының, каникулдардың, оқу сабақтарының басталуы мен ұзақтығы, мемлекеттік (қорытынды) аттестаттауды өткізу, білім туралы құжаттарды беру тәртібі және білім беру сипатындағы басқа да мәселелер) білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

46. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау орталығындағы жалпы білім беретін сыныптардың саны санитариялық нормаларды ескере отырып, білім беру процесі үшін жасалған жағдайларға байланысты және қажеттілікке (санға) қарай айқындалады.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығында сыныптардың толықтырылуы 20 адамнан аспауы тиіс.

47. Сыныпты 2 топқа бөлу қалалық жалпы білім беру ұйымдарында в сыныбын 24 және одан да көп білім алушылар, ал ауылдық ұйымдарда – 20 және одан да көп білім алушылар толтырған кезде жүзеге асырылады:

оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін 1-11 сыныптардағы қазақ тілі бойынша;

қазақ әдебиеті бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін 5-11 сыныптарда;

қазақ және ұйғыр, тәжік және өзбек тілдерінде оқытатын 3-11 сыныптарда орыс тілінен;

1-11 сыныптарда шет тілі бойынша;

информатика бойынша 5-11 сыныптарда;

бейіндік пәндер бойынша;

5-11 сыныптардағы технология бойынша (сыныптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздар топтары);

дене шынықтыру бойынша 5-11 сыныптарда.

48. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау орталығында Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы (түзету) топтар (сыныптар)

ашылады. Осы топтарға (сыныптарға) балаларды айқындау психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның қорытындысы негізінде ғана жүзеге асырылады.

49. Денсаулық мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы (түзету) сыныптарының 1-11 сыныптарының толықтырылуы 12 білім алушыға дейін белгіленеді. Дайындық сыныбының толықтырылуы 8 адамнан аспауы тиіс.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар балалар мен 3-тен 6 адамға дейін аралас ақауы бар балаларға арналған сыныптардың толықтырылуы.

50. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау, кәсіптік-еңбекке оқыту бойынша арнайы сабақтар сыныпты 2 топқа бөле отырып жүргізіледі. Бұл топтарды жинақтау білім алушылардың танымдық, психофизикалық ерекшеліктерін, дәрігердің ұсынымдарын ескере отырып жүргізіледі. Кәсіптік-еңбекке оқыту бойынша топтардың толымдылығы 5-тен 7 адамға дейін.

51. Логопедтік сабақтар, емдік дене шынықтыру (бұдан әрі - ЕДШ), психомоториканы және сенсорлық процестерді дамыту бойынша топтарды жинақтау сөйлеу, қозғалыс және басқа да бұзылулардың біркелкілігі мен айқындылығын ескере отырып, Ал ЕДШ сабақтарында медициналық ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі. Кесте бойынша сағаттар күннің бірінші және екінші жартысында беріледі. Сабақтың ұзақтығы-бір білім алушыға оқу уақытының 15-20 минуты.

ЕДШ бойынша сабақтар білім алушылармен 3-5 адамнан тұратын топтарда өткізіледі. Сөйлеуді түзету бойынша логопедиялық сабақтар 2-4 адамнан тұратын топтарда, сондай-ақ жеке ұйымдастырылады.

52. Егер ақыл-ой кемістігінің күрделі нысандары бар білім алушылар жекелеген пәндер бойынша оқу бағдарламасын меңгермесе, оларды оқыту жеке жоспар бойынша жүргізіледі және олардың жеке ілгерілеуіне сәйкес бағаланады. Орталықтың педагогикалық кеңесі үлгермеу себептерін зерделеу туралы деректер негізінде балаларды жеке жоспар бойынша оқытуға көшіру туралы шешім қабылдайды. Жекелеген пәндер бойынша жеке жоспарларды педагогтер әрбір оқу жылына жасайды және оларды педагогикалық кеңес бекітеді.

53. Орталықтың оқу-тәрбие қызметі "Білім туралы" Заңның 5-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады..

54. Оқу аптасының ұзақтығын білім беруді басқарудың тиісті органының келісімі бойынша педагогикалық кеңес белгілейді және орталықтың жарғысында бекітіледі.

55. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес қазақ тілін білуді, сондай-ақ орыс тілін, шет тілдерінің бірін оқытуды қамтамасыз етеді.

56. Еңбекке баулу және тәрбиелеу жергілікті жағдайлар мен қажеттіліктерді ескере отырып, оқытуды қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекпен біріктіру, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға қатысу, клубтар мен үйірмелердегі, оқу шеберханаларындағы, қосалқы шаруашылықтағы, оқушылар кооперативтеріндегі, басқа да оқушылар бірлестіктеріндегі, кәсіпорындардағы, фермерлік шаруашылықтардағы жұмыстар негізінде жүзеге асырылады.

57. Тиісті жағдайлар болған кезде білім алушы тәрбиеленушілерге оқу-өндірістік шеберханаларда, зертханаларда, оқу шаруашылықтарында, оқушы орындарында, құрылыс объектілерінде, егістіктерде, Тапсырыс беруші кәсіпорындардың, жұмыс берушілердің фермаларында белгіленген тәртіппен біліктілік беру туралы куәлік (куәлік) бере отырып, кәсіптік және өндірістік оқыту ұйымдастырылуы мүмкін.

58. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны "Білім туралы" Заңның 5-бабының б) тармақшасына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының оқу жоспарлары мен бағдарламаларында айқындалады.

59. Тәрбиеленушілердің тәрбие, еңбек, спорт, мәдени-бұқаралық жұмыстардың әртүрлі нысандарына қатысуы балалар мен ересектердің ынтымақтастығы қағидатына, қызығушылықтарды, бейімділіктер мен психофизикалық ерекшеліктерді ескере отырып, ұжымдық іс-әрекетке жеке және сараланған көзқарастардың үйлесуі негізінде құрылады.

60. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығында тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационализм, жоғары мораль мен адамгершілікті қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған түрлі клубтар, секциялар, үйірмелер, студиялар құрылады.

61. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілері өз базасында кәсіподақ, мәдени-ағарту, мектептен тыс,

спорттық және басқа да ұйымдар құратын музыкалық, көркем, спорттық және басқа да мектептердегі, түрлі үйірмелер мен секциялардағы сабақтарға қатыса алады, конкурстарға, олимпиадаларға, спартакиадаларға, көрмелерге, байқауларға және мектеп оқушыларымен бұқаралық іс-шаралардың басқа да нысандарына қатысалады.

62. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығына барлық күнтізбелік жыл ішінде қабылданады:

1) жетім балалар;

2) ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе одан айырылуына, ата-аналарының хабарсыз кетті деп танылуына, олардың қайтыс болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баланы тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемесінен алудан бас тартуына, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығы болмаған өзге де.

63. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығына айқындау үшін білім басқармасының мынадай құжаттарды қоса бере отырып, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығына жіберу туралы бұйрығы негіз болып табылады:

1) туу туралы куәлік (жеке куәлік);

2) денсаулық жағдайы және егулер туралы медициналық құжаттар;

3) Білім туралы құжаттар (мектеп жасындағы балалар үшін);

4) баланың өмір сүру жағдайларын тексеру актісі;

5) ата-аналары туралы мәліметтер (ата-аналарының қайтыс болуы туралы куәліктердің көшірмелері, соттың шешімі (ата-аналарының ата-ана құқықтарын шектеу немесе айыру туралы, ата-аналарын хабарсыз кетті деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау немесе әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп тану туралы), ауруы туралы анықтама, ата-аналарды іздестіру туралы анықтама және ата-аналарының болмауын немесе олардың өз балаларын тәрбиелеу мүмкін еместігін растайтын басқа да құжаттар);

6) жақын туыстарының бар-жоғы және тұрғылықты жері туралы анықтама;

7) ата-анасы қайтыс болғаннан кейін қалған мүліктің тізімдемесі, оның сақталуына жауапты адамдар туралы мәліметтер;

8) кәмелетке толмағандарға тұрғын үй алаңын бекіту туралы құжаттар.

64. Тәрбиеленушіні ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығынан басқа ұйымға ауыстыруды Білім басқармасы психологиялық-

медициналық-педагогикалық комиссияның қорытындысы және орталықтың қолдау хаты негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте білім басқармасы ауыстыру туралы тиісті бұйрық дайындайды.

65. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілерін шығару орталықтың педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша, ол болмаған жағдайда – орталық әкімшілігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

66. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығынан тәрбиеленушіні ауыстыру (шығару) кезінде жеке істер тәрбиеленуші тұратын және оқитын ұйымның өкіліне беріледі, ол туралы журналға тиісті жазба жазылады.

67. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы жергілікті жағдайларға байланысты оқу шаруашылығын, оқу-тәжірибе учаскесін, оқу-өндірістік шеберханаларды құра алады.

5 тарау. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы қызметінің тәртібі

68. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу Орталығына қабылданады:

1) ата-аналарын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтау үшін үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған;

2) оларды уақтылы орналастыру мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ олардың өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төнген кезде орган ата-анасынан (олардың бірінен) немесе қамқорлығында болған басқа да адамдардан іріктеп алған ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған балалар;

3) арнайы білім беру ұйымдарына жіберілетін балалар;

4) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар.

69. Кәмелетке толмағандарды кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастыру үшін негіздер:

1) осы Қағидалардың 68-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген кәмелетке толмағандарға қатысты сот қаулысы;

2) осы Қағидалардың 68-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандарға қатысты органның қаулысы;

3) кәмелетке толмағанды (оларды) осы Қағидалардың 68-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына жеткізген адамның өтініші.

Органның кәмелетке толмағанды кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастыру туралы қаулысына:

1) тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру актісі (тұрғылықты жерін белгілеу кезінде);

2) кәмелетке толмағанға, сондай-ақ оның ата-анасына немесе басқа да заңды өкілдеріне мінездеме (ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері анықталған кезде);

3) туу туралы куәлік (болған жағдайда);

4) білім беру ұйымынан анықтама (мектеп жасындағы балалар үшін);

5) медициналық құжаттар (бар болса-егу паспорты және амбулаториялық карта).

70. Осы Қағидалардың 68-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандар түнгі уақытта, демалыс немесе мереке күндері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәмелетке толмағанды кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына қабылдау туралы актінің негізінде кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастырылады, бұл туралы жиырма төрт сағат ішінде кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының әкімшілігі прокуратура органдарына жазбаша хабарлайды.

71. Осы Қағидалардың 68-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандарды одан әрі ұстау не орналастыру туралы мәселені шешу үшін кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының қызметкерлері үш тәулік ішінде қорғаншылық және қамқоршылық органдарына қадағалаусыз, панасыз қалу не зорлық-зомбылық, қатыгез қарау белгілерінің, баланың өмірі мен денсаулығына қатердің болуын негіздейтін ақпарат жібереді.

72. Органдар үш жұмыс күні ішінде кәмелетке толмағанды кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастыру туралы қаулы дайындайды.

Органның қаулысы бойынша кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастырылған кәмелетке толмағандар көрсетілген органның қаулысы негізінде ғана шығарылады.

73. Кәмелетке толмағанды қабылдау және оның кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығынан шығуы кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы директорының бұйрығымен ресімделеді.

74. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына қабылданатын кәмелетке толмағандар туралы деректер осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеткізілген кәмелетке толмағандарды есепке алу журналында тіркеледі.

Кәмелетке толмағанның сауалнамалық деректері және кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастыру себептері нақтыланғаннан

кейін оған осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік-статистикалық карточка ресімделеді.

75. Осы Қағидалардың 68-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандар оларға көмек көрсету және оларды одан әрі орналастыру мәселелерін шешу үшін үш айдан аспайтын мерзімде кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында болады.

76. Кәмелетке толмағандардың кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында болу мерзіміне Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жариялаған карантин кезеңі, сондай-ақ кәмелетке толмағанның ауруына байланысты стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымында болу уақыты кірмейді.

Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының әкімшілігі, органдар баланың одан әрі өмір сүруі үшін оның мәртебесін растайтын құжаттарды жинау жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдайды:

- 1) білім басқармасының балалар үйіне жіберу туралы бұйрығы;
- 2) туу туралы куәлік (жеке куәлік);
- 3) денсаулық жағдайы және егулер туралы медициналық құжаттар;
- 4) білім туралы құжаттар (мектеп жасындағы балалар үшін);
- 5) баланың өмір сүру жағдайларын тексеру актісі;

6) ата-анасы туралы мәліметтер (ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктердің көшірмелері, ата-анасының ата-ана құқықтарын шектеу немесе одан айыру туралы, ата-анасын хабарсыз кетті немесе әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі, ауруы туралы анықтама, ата-анасын іздестіру туралы анықтама, адасқан (тастанды) баланы жеткізу туралы акт, ата-ана құқықтарынан бас тарту және баланы асырап алуға келісу туралы өтініш, баланы Денсаулық сақтау ұйымында қалдыру туралы, патронаж туралы акт және ата-анасының жоқтығын немесе олардың өз балаларын тәрбиелеу мүмкін еместігін растайтын басқа да құжаттар);

7) аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің (қарындастарының) және басқа да жақын туыстарының тұратын мекенжайы, телефоны, жұмыс орны көрсетілген олардың бар-жоғы және тұрғылықты жері туралы анықтама;

8) ата-анасы қайтыс болғаннан кейін қалған мүліктің тізімдемесі, оның сақталуына жауапты адамдар туралы мәліметтер;

9) кәмелетке толмағандарға тұрғын үйді бекіту туралы құжаттар, кезек нөмірін көрсете отырып, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу үшін есепке қою туралы мәліметтер;

10) ата-аналарда жылжымайтын мүліктің болуы туралы мәліметтер;

11) әлеуметтік жәрдемақы алатын баланың атына жеке шот ашу туралы шарттың көшірмесі (болған жағдайда), алименттерді өндіріп алу туралы сот шешімінің көшірмесі (ата-анасы немесе оны алмастыратын адам балаға алған кезде);

12) психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның қорытындысы;

13) балаға арналған сауалнама.

77. Осы Қағидалардың 68-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген кәмелетке толмағандар сот қаулысы бойынша кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында болады, бірақ арнайы білім беру ұйымына жіберу туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезеңнен аспайды.

78. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйдегі кәмелетке толмағандар, сондай-ақ психикалық, мінез-құлықтық бұзылулардың (аурулардың) айқын белгілері бар кәмелетке толмағандар орналастырылмайды.

79. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында кәмелетке толмағандармен профилактикалық және бейімдеу жұмыстары жүргізіледі.

80. Ұстаудың белгіленген тәртібін бұзған кәмелетке толмағандармен психолог жеке тәрбие жұмысын жүргізеді, бұл туралы кәмелетке толмағанның жеке ісіне тиісті жазба жасалады.

81. Кәмелетке толмағандарды қабылдау кезінде оларға бастапқы медициналық тексеру жүргізіледі, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына келіп түскен сәтте кәмелетке толмағанда бар заттар мен құндылықтар алып қойылады, бұл туралы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәмелетке толмағанды кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына қабылдау актісіне жазба жасалады және орталықтан шыққан кезде қайтарылады. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына тазаланбаған киіммен келген кәмелетке толмағандарға сыртқы киімдері мен іш киімдерін ауыстыру жүргізіледі.

82. Білім беру процесі "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және кәмелетке толмағандардың кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында болу уақытын, оқу даярлығының деңгейін ескере отырып ұйымдастырылады. Қажет болған жағдайда кәмелетке толмағандардың білім алу нысаны туралы шешім психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның келісімі бойынша қабылданады.

83. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастырылған кәмелетке толмағандарға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке істер жүргізіледі, олардың түпнұсқалары одан әрі орналасатын жеріне жіберіледі.

84. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында ұсталатын кәмелетке толмағандармен профилактикалық және бейімдеу жұмысын ұйымдастыру ұй-жайдың негіздеріне, педагогикалық елеусіздік дәрежесіне, жасына, отбасы-тұрмыстық жағдайларына қарай жүзеге асырылады.

85. Арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандармен құқықтық оқыту және арнаулы білім беру ұйымында болудың алдағы жағдайларына әлеуметтік-педагогикалық бейімдеу бойынша жұмыс жүргізіледі.

86. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығынан шығару кезінде кәмелетке толмағандар тұрғылықты жеріне қатаң түрде ата-аналарының немесе басқа да заңды өкілдерінің еріп жүруімен жіберіледі не осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәмелетке толмағанды қабылдау-беру актісі бойынша кәмелетке толмағанды бейімдеу орталығынан кәмелетке толмағанды шығару туралы бұйрықтың негізінде кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының әлеуметтік педагогының алып жүруімен одан әрі орналасатын жеріне жеткізіледі.

87. Арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының әлеуметтік педагогының ілесіп жүруімен жеткізіледі.

Кәмелетке толмаған қыздарды алып жүруді тек қана әйел жынысты әлеуметтік педагог жүзеге асырады.

88. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығынан шығатын кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының әлеуметтік педагогының алып жүруімен кәмелетке толмағандарды орналастыру орнына тегін жол жүрумен және тамақ өнімдерімен немесе жол жүру уақытына ақшалай ұстаумен қамтамасыз етіледі.

89. Кәмелетке толмаған баланы кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығынан шығарған кезде оның ата-анасына немесе басқа да заңды өкілдеріне кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында болғаны туралы, денсаулық жағдайы туралы анықтамалар, үлгерімі туралы табель, психологиялық-педагогикалық мінездеме беріледі.

Жетім балалар мен қалған
балаларға арналған білім беру
ұйымдарының қызметі ата-
анасының қамқорлығынсыз
үлгі ережесіне
1-қосымша

Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығына қабылдау актісі

20__ жылғы "___" _____ Қала, аудан _____

Мен, _____

_____ (лауазымы, атағы, тегі, әкесінің аты)

_____ (орталықтың атауы)

_____ (кәмелетке толмағанды жеткізген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (бар болған жағдайда), жұмыс орны, лауазымы, мекенжайы, телефоны)

_____ (кәмелетке толмағанды анықтаған орын, уақыт және жағдайлар)

_____ анықталған, кәмелетке толмағанды жеткізгені туралы

акт жасалады. Кәмелетке толмағанның белгілері

_____ (бойы, салмағы, жасы, сөйлей білуі ерекше

_____ белгілері (мендер, тыртықтар т.б.) денесіндегі жаңа жарақаттар,

_____ зорлық әрекеттерінің белгілері) Кәмелетке толмағаннан алынды

_____ (шыққан кезде қайтарылуға жататын

_____ заттар, бағалы заттар және құжаттар)

_____ (кәмелетке толмағанның тегін, аты-жөнін, жасын, ата-аналарын немесе басқа

заңды тұлғаларын, тұрғылықты жерін, жұмыс

орнын, ата-анасының лауазымын, маңызы бар басқада деректерді)
(сыртынан

карағанда кәмелетке толмағанның дені сау, ауру, дене жарақаты бар)

анықтау мүмкін
болды

Қолы _____

(актіні толтырған лауазымды адамның лауазымы, атағы, тегі, аты,
әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(кәмелетке толмағанды жеткізген тұлғаның тегі)

Жетім балалар мен қалған
балаларға арналған білім беру
ұйымдарының қызметі ата-
анасының қамқорлығынсыз
үлгі ережесіне
2-қосымша

Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына кәмелетке толмағандарды қабылдау актісі

20__ жылғы "___" _____ сағат "___" минут

Мен, _____

(лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)

(орталықтың атауы) азаматпен, ішкі істер органының қызметкерімен

_____ (тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны,

лауазымы, мекен жайы, телефоны)

(кәмелетке толмағанды анықтаған орын, уақыт және жағдайлар) анықталған,
кәмелетке толмағанды жеткізгені туралы акт жасалады.

Кәмелетке

толмағанның

белгілері

(бойы, салмағы, жасы, сөйлей білуі ерекше

— белгілері (мендер, тыртықтар т.б.) денесіндегі жаңа жарақаттар,

— зорлық әрекеттерінің белгілері)

Кәмелетке

толмағаннан

алынды

(шыққан кезде қайтарылуға жататын заттар, құндылықтар және құжаттар)

— (кәмелетке толмағанның тегін, аты-жөнін, жасын, ата-аналарын немесе басқа заңды тұлғаларын, тұрғылықты жерін, жұмыс

— орнын, ата-анасының лауазымын, маңызы бар басқа деректерді)

анықтау мүмкін

болды

(сыртынан қарағанда кәмелетке толмағанның дені сау, ауру, дене жарақаты бар т.б.)

Қолы

(қаулыны толтырған лауазымды адамның лауазымы, атағы, тегі және аты-жөні)

(кәмелетке толмағанды жеткізген тұлғаның тегі)

Жетім балалар мен қалған
балаларға арналған білім беру
ұйымдарының қызметі ата-
анасының қамқорлығынсыз
үлгі ережесіне
3-қосымша

Нысан

Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына жеткізілген кәмелетке толмағандарды есепке алу журналы

— (кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының атауы)

жылғы " ____ " _____ басталды. 20__ жылғы " ____ " _____ аяқталды.

Журналдың бағандары:

Реттік нөмірі.

Орталыққа жеткізілген күні мен уақыты.

Кәмелетке толмағанның тегі, аты, әкесінің аты.

Туған жылы, айы, күні.

Ата-анасы немесе басқа заңды өкілдері туралы мәліметтер.

Тұрғылықты жері, телефоны (қажет болған жағдайда кәмелетке толмағанды тәрбиеленген балалар мекемесінің атауы көрсетіледі).

Кім жеткізді (толық деректер).

Орталыққа орналастырудың негізі.

Орталықтан кеткен күні.

Кәмелетке толмаған кімге және қайда жіберілді.

Берудің негіздері.

Кәмелетке толмағанды берген лауазымды адамның тегі (Орталықтың қызметкері).

Кәмелетке толмағанды қабылдап алған адамның тегі, аты, әкесінің аты, қолы.

Журнал нөмірленеді, тігіледі және Орталықтың директорының қолымен және мөрімен бекітіледі.

Жетім балалар мен қалған
балаларға арналған білім беру
ұйымдарының қызметі ата-
анасының қамқорлығынсыз
үлгі ережесіне
4-қосымша

нысан

№ ____ Есепке алу - статистикалық карточкасы

1. Тегі _____

2. Аты _____

3. Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

4. Туған күні, айы, жылы және туған жері _____

5. Тұратын жері _____

6. Білімі _____

(оқу орны, сынып, топ)

7. Ата-анасы туралы мәліметтер _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда),

туған күні, айы, жылы, тұратын жері, жұмысы)

8. Орналастыру негізі (керегін сызу керек): осы Қағиданың 8-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген кәмелетке толмағандарға қатысты сот қаулысы; осы Қағиданың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандарға қатысты қамқоршылық және қорғаншылық органының қаулысы негіз болып табылады; осы Қағиданың 8-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген кәмелетке толмағанды (дарды) Орталыққа жеткізген тұлғаның өтініші.

9. Ішкі істер органдарында есепте тұрды ма: (иә, жоқ) _____

10. Қылмыстық жауапкершілікке тартылды ма: (иә, жоқ) _____

11. Ерекше белгілері _____

Ескертпе:

Есепке алу-статистикалық карточкасының келесі жағы

| № р/б | Келген күні | Кеткен күні | Кімге және қашан берді | Есепке ал |
|-------|-------------|-------------|------------------------|-----------|
| | | | | |

Жетім балалар мен қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының қызметі ата-анасының қамқорлығынсыз үлгі ережесіне 5-қосымша

нысан

№ ____ Жеке ісі

Тегі

Аты

(бар

болғанда) _____

Анықталған мәліметтер

Тегі

Аты

Әкесінің

аты

(Бар

болғанда)

(Туған күні, айы, жылы)

20__ жылғы "___" _____ түсті.

20__ жылғы "___" _____ кетті.

_____ бетте.

Жеке іске төмендегі құжаттар қоса беріледі:

1. Кәмелетке толмағанды Орталыққа орналастыру туралы қаулы.
2. Кәмелетке толмағанды Орталыққа қабылдаудың актісі.
3. Кәмелетке толмағанның жасын растайтын құжаттар.
4. Ата-анасының немесе басқа заңды өкілдерінің болуы, олардың тұратын жері туралы мәліметтер.
5. Профилактикалық жұмыс жүргізу материалдары.
6. Денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Жетім балалар мен қалған
балаларға арналған білім беру
ұйымдарының қызметі ата-
анасының қамқорлығынсыз
үлгі ережесіне
б-қосымша

НЫСАН

Кәмелетке толмағанды қабылдау - беру туралы акт

Мен, _____

(лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)

20__ жылғы "___" _____ сағат _____ минутта кәмелетке толмаған

_____ (тегі, аты, әкесінің аты, (кәмелетке толмағанды Орталыққа берген

_____ кездегі жолдаманың атауы мен нөмірі, лауазымды адамдардың тегі;

_____ ата-аналарына немесе басқа заңды өкілдеріне берген кезде кәмелетке

_____ толмағанды қабылдап алушы адамның тегі, аты, әкесінің аты, туыстық

_____ дәрежесі, паспортының сериясы мен нөмірі, қашан және

кімнің бергені, мекенжайы көрсетіледі) бердім.

Кәмелетке толмағанмен бірге мынадай заттар, ақша, бағалы заттар, құжаттар берілді

(атап көрсетіледі)

Ескертпе

Тапсырдым

(лауазымы, тегі, қолы)

Қабылдап

алдым

(баланы қабылдап алған адамның тегі, қолы)

20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 31 тамыздағы
№ 385 бұйрығына
8-қосымша

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

I тарау. Жалпы ережелер

1. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Білім туралы" Заң) 5-бабының 11-1) тармақшасына сәйкес әзірленді, бұл балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы – "Білім туралы" Заңның 37-бабына сәйкес білім алушылардың, оның ішінде жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында балаларға арналған қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы (бұдан әрі - Ұйым).

3. Ұйымдар өз қызметінде білім беру саласындағы заңнаманы, осы Қағидаларды, ұйымның жарғысын, Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасын басшылыққа алады.

4. Ұйымдардың түрлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген) Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасында көзделген.

2 тарау. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі

5. Ұйымның міндеттері:

1) жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы қосымша білім алу үшін жағдайлар жасау;

2) тұлғаның зияткерлік, шығармашылық, дене мүмкіндіктерін дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру;

3) адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту;

4) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді, халық дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады;

5) Белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) балаларды экологиялық мәдениетке тәрбиелеу, оларды табиғат қорғау қызметіне тарту;

7) қоғамдағы өмірге бейімдеу;

8) бос уақытты мазмұнды ұйымдастыру.

6. Қосымша білім беру бағдарламаларын мектептен тыс ұйымдар және мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары ұсынады.

7. Ұйым "Білім туралы" Заңның 43-бабына сәйкес белгіленген шекте оқу-тәрбие процесін, кадрларды іріктеу мен орналастыруды, ғылыми, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыруда дербес болады.

8. Ұйым балалардың сұраныстарын, отбасының, білім беру ұйымдарының, қоғамдық ұйымдардың (оның ішінде балалар мен жасөспірімдер) қажеттіліктерін, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін, ұлттық-мәдени дәстүрлерді ескере отырып, қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

9. Ұйымдардағы білім беру қызметін педагогтер, әдіскерлер, педагог-ұйымдастырушылар және оларға теңестірілген тұлғалар (бұдан әрі – педагогтер), тиісті бейіндегі мамандар жүзеге асырады.

10. Педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер ұйымды алқалық басқару нысандары болып табылады. Ұйымды тікелей басқаруды басшы жүзеге асырады.

11. Қосымша білім берудің білім беру бағдарламасын іске асыру кезіндегі оқу-тәрбие процесі ұйымның мүдделері бойынша үйірмелерде (клуб, балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру клубы, студия, ансамбль, топ, үйірме, театр, спорт секциялары, зертханалар, шеберханалар, орталықтар және өзге де бірлестіктер) жүзеге асырылады (бұдан әрі – бірлестіктер).

12. Ұйымдардағы балалардың қызметі мүдделері бойынша бір жастағы және әртүрлі жастағы бірлестіктерде жүзеге асырылады.

13. Қызығушылықтар бойынша бірлестіктер білім алушылардың тұрақты және ауыспалы құрамымен құрылады.

14. Әр баланың бірнеше бірлестіктерде оқуға және оларды өз қалауы бойынша өзгертуге мүмкіндігі бар (балалар музыкасы, балалар көркемөнер мектептері мен балалар өнер мектептерінен басқа).

15. Бірлестік қызметінің мазмұнын қосымша білім берудің оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын ескере отырып, балаларға арналған қосымша білім беру педагогы айқындайды.

16. Ұйымдардағы оқу-тәрбие процесі тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады.

17. Ұйымдағы оқу-тәрбие процесінің қатысушылары балалар, педагогтар және білім алушылардың заңды өкілдері болып табылады.

18. Ұйымда әдістемелік, әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қызметтер құрылады.

19. Ұйымда жарғыларға және осы Қағидаларға сәйкес жұмыс істейтін балалар қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдары құрылады.

20. Ұйымдар орта білім беру ұйымдарымен бірлесіп сабақ және сабақтан тыс уақытта жалпы білім беретін пәндер мен қосымша білім беру бойынша сабақтар мен кіріктірілген сабақтар өткізеді.

21. Қосымша білім беру ұйымдарындағы сабақтардың ұзақтығы 40 минутты құрайды.

22. Бірінші оқу жылының топтарының сабақтары үшін аптасына 4 академиялық сағат, оқудың екінші және келесі жылдары үшін 6 академиялық

сағат, оқытудың эксперименттік және зерттеу топтарында 8 академиялық сағат көзделеді.

23. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін сабақтар аптасына 2 академиялық сағаттан аспайтын 25-35 минут бойы жүргізіледі.

24. Практикалық сабақтарды (жорықтар, экспедициялар, экскурсиялар, жарыстар, концерттік сапарлар) өткізуге арналған сағаттар саны тәулігіне 8 сағаттан (8 сағаттан артық емес) шыға отырып белгіленеді.

25. Бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде бірлестіктердің жұмысына балалардың заңды өкілдері қатысады.

26. Балаларды қабылдау кезінде ұйым балалардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) оқу-тәрбие процесін жүргізу тәртібімен және оның мазмұнымен және ұйымның жарғысымен таныстыруды қамтамасыз етеді.

27. Ұйым автоматтандырылған ақпарат алмасуды және білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен деректерді өзектендіруді қамтамасыз етеді.

28. Білім алушыларды спорттық, спорттық-техникалық, туристік, хореографиялық бірлестіктерге қабылдау кезінде баланың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды қажет.

29. Балалар музыка мектептерінде, балалар көркемөнер мектептерінде және өнер мектептерінде оқу-тәрбие процесі "Білім туралы" Заңның 5-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

Мемлекеттік ұйымдардағы оқу-тәрбие процесі осы ұйымдарға қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын орындайтын органдар бекіткен балаларға арналған қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

Жеке ұйымдардағы оқу-тәрбие процесі басшы немесе құрылтайшы бекіткен білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

30. Сабақ кестесін білім алушылардың жас ерекшеліктерін және ата-аналардың пікірін ескере отырып, ұйым әкімшілігі жасайды және бекітеді.

31. Бір жастағы және әртүрлі жастағы балалар, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында қызығушылықтары бойынша бірлестіктерге, клубқа, студияға, ансамбльге, топқа, театрға, спорт секцияларына, зертханаларға, шеберханаларға, орталықтарға және өзге де бірлестіктерге біріктіріледі.

Ұйым ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалармен тұрғылықты жері бойынша жеке жұмыс жүргізеді.

32. Сабақтар қосымша білім берудің білім беру бағдарламасына сәйкес топтар бойынша, жеке немесе бірлестіктің барлық құрамымен жүргізіледі. Бірінші оқу жылының әр тобында балалар саны 10-нан 15-ке дейін, екінші және келесі жылдары - 8-ден 12-ге дейін, эксперименттік және зерттеу топтары - 6-дан 8-ге дейін.

33. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту кезінде топтың толымдылығы 6-дан 10 адамға дейін құрайды.

34. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту кезінде топтың толықтырылуы 3-тен 6 адамға дейін құрайды.

35. Балалар музыка мектептерінде, балалар көркемөнер мектептерінде, балалар өнер мектептерінде, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептерде, оқушылар сарайларының музыка мектептерінде (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) оқыту жеке және топтық нысандарда жүзеге асырылады.

Балалар музыка мектептерінде және өнер мектептерінің музыка бөлімдерінде, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептерде, оқушылар сарайларының музыка мектептерінде (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) топта оқитындар саны:

1) дайындық - 8-10 адам;

2) музыкалық-теориялық пәндер бойынша - 8-10 адам;

3) хордағы "ұжымдық музыка ойнау" пәні бойынша-12 адамнан бастап;

4) "ұжымдық музыка ойнау" пәні бойынша оркестрге;

5) ұжымдық музыка ойнаудың басқа нысандарындағы "ұжымдық музыка ойнау" пәні бойынша - 6-15 адамнан бастап;

6) "ұжымдық музыка ойнау" пәні бойынша ұжымдық музыка ойнаудың шағын топтық нысандарында – 2-5 адамнан басталады.

36. Балалар музыка мектептерінде және өнер мектептерінің музыка бөлімдерінде, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептерде, оқушылар сарайларының музыка мектептерінде (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) білім алушылар контингенті 100 адамнан кем немесе екі тілде оқытатын музыкалық-теориялық пәндер бойынша топта білім алушылар саны 5-10 адамды құрайды.

Балалар көркемөнер мектептерінде және өнер мектептерінің көркемөнер бөлімдерінде, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептерде, оқушылар сарайларының көркемөнер мектептерінде (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар-жасөспірімдер шығармашылығы орталықтары) топта оқитындар саны 8-15 адамды құрайды.

Балалар өнер мектептері мен көркем-эстетикалық бағыттағы мектептердің хореографиялық бөлімдерінде топтарда оқитындардың саны 8-20 адамды құрайды.

37. Балалар музыка мектептеріне, балалар көркемөнер мектептеріне, балалар өнер мектептеріне, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептерге, оқушылар сарайларының музыка мектептеріне (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) түсу үшін әртүрлі өнер (музыкалық, бейнелеу, хореографиялық, театр) саласындағы балалардың қабілеттерін дамыту деңгейін анықтау мақсатында әңгімелесу жүргізіледі.

38. Негізгі оқу курсына дайындық мақсатында дайындық топтарына мыналар қабылданады:

1) Балалар музыка мектептерінде, балалар өнер мектептерінің музыка бөлімдерінде, оқушылар сарайларының музыка мектептерінде (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) - 8 жасқа дейінгі балалар;

2) Балалар көркемөнер мектептерінде өнер мектептерінің, оқушылар сарайларының көркемөнер бөлімдерінде (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) – 5 жастан 12 жасқа дейінгі балалар;

3) 5 жастан 8 жасқа дейінгі балалары бар балалар өнер мектептерінің хореографиялық және цирк өнері бөлімдерінде, театр өнері, кино өнері, фото өнері және басқалары бөлімшелерінде – 6 жастан 13 жасқа дейінгі балалар.

Дайындық сыныбына оқуға ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші бойынша 1 жастан 4 жасқа дейінгі балалар қабылданады.

39. Балалар мен жасөспірімдер дене шынықтыру клубтарында:

1) дене шынықтыру - сауықтыру топтарында шұғылданатын балалардың сандық құрамы спорт түріне байланысты анықталады;

2) бір топтағы балалардың жас айырмашылығы екі жастан аспауы тиіс;

3) дене шынықтыру-сауықтыру топтарының санын оқу дене шынықтыру-сауықтыру процесін жүзеге асыру шарттарына байланысты клубтың педагогикалық кеңесі айқындайды;

4) кестені жасау кезінде оқу мекемелерінде білім алушылардың бос уақыты мен жұмыспен қамтылу көлемін ескеру қажет;

5) Дене шынықтыру – сауықтыру топтарындағы бір сабақтың ұзақтығы аптасына үш рет бір академиялық сағаттан аспайды;

6) дене шынықтыру-сауықтыру топтарындағы балалардың саны кемінде 15 адамды құрайды және 25 адамнан аспайды;

7) балалар-жасөспірімдер клубтарының жұмысын ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 68 бұйрығымен бекітілген дене шынықтыру және спорт бойынша сабақтар өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 3 желтоқсанда № 9923 болып тіркелді;

8) дене шынықтыру даярлығының балалар-жасөспірімдер клубтарында жұмыс істейтін дене шынықтыру мұғалімінің, жаттықтырушының, жаттықтырушы-оқытушының мөлшерлемесі аптасына 18 сағат көлемінде белгіленеді;

9) директорға, директордың спорт жұмысы жөніндегі орынбасарына, оқу бөлімінің меңгерушісіне, аға әдіскерге, әдіскерге дене шынықтыру-сауықтыру топтарында спорттық-бағдарланған дене тәрбиесі мұғалімінің 0,5 жүктемеден аспайтын көлемде оқу сабақтарын жүргізуге мүмкіндігі бар;

10) балалар-жасөспірімдер клубының штат бірліктерінің саны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарына сәйкес айқындалады;

11) аудандық, қалалық жарыстар алдында-12 күнге дейін, Облыстық – 18 күнге дейін; республикалық, халықаралық – 24 күнге дейін оқу дене шынықтыру-сауықтыру және жаттығу жиындарын өткізеді.

40. Ұйым білім алушылармен оқу-тәрбие процесін бүкіл күнтізбелік жыл ішінде, оның ішінде инклюзивті білім беру үшін жағдай жасай отырып жүзеге асырады.

41. Ұйымдарда 1-14 қыркүйек аралығында жинақтау жүріп жатыр.

Оқу жылы басталады:

- ұйымдардың бірінші, екінші және одан кейінгі оқу жылдарының бірлестіктерінде 15 қыркүйекте;

- Балалар музыка мектептерінде, балалар көркемөнер мектептерінде және балалар өнер мектептерінде, екінші және келесі оқу жылдарындағы бірлестіктерде - 1 қыркүйек.

42. Балалар музыка мектептерінде, балалар көркемөнер мектептерінде, балалар өнер мектептерінде, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептерде, оқушылар сарайларының музыка мектептерінде (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) Білім алушыларды сыныптан сыныпқа ауыстыру аттестаттау қорытындылары бойынша үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 543 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7409 болып тіркелген) бекітілген балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

43. Балалар музыка мектептерінде, балалар көркемөнер мектептерінде және өнер мектептерінде қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын игеру қорытынды мемлекеттік аттестаттаумен аяқталады.

Оқудың толық курсын бітірген, мемлекеттік бітіру емтихандарын тапсырған білім алушылар белгіленген үлгідегі мектепті бітіргені туралы куәлік алады.

44. Ұйым ұйымдармен, кәсіпорындармен бірлесіп балаларға кәсіптік бағдар беру дайындығын жүргізеді. Білім алушыларға оқу қорытындылары бойынша оқу нәтижелерін растайтын құжат (сертификат) беріледі.

45. Жазғы кезеңде ұйымдар арнайы кесте бойынша білім алушылардың тұрақты және ауыспалы құрамымен жұмыс істейді.

Балалар музыка мектептеріндегі, балалар көркемөнер мектептеріндегі, балалар өнер мектептеріндегі, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептердегі, оқушылар сарайларының музыка мектептеріндегі (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) демалыс мерзімдері мен ұзақтығы жалпы білім беретін мектептердегі демалыс мерзімдеріне сәйкес келеді.

Ұйым күнтізбелік жыл ішінде балалармен жұмысты жүзеге асырады. Демалыс уақытында қажеттілігіне қарай клубтар, лагерьлер мен туристік қалашықтар мен базалар, бейінді лагерьлер ашылады, экологиялық мектептер өз базасында немесе балалардың тұрғылықты жері бойынша лагерьлерде (қала сыртындағы немесе күндіз болатын) балалардың тұрақты және (немесе) ауыспалы құрамымен әртүрлі бірлестіктер құрылады, мастер-кластар өткізіледі. Бірлестіктердің жұмысы концерттік алаңдар мен сапарлар, жорықтар мен саяхаттар, жарыстар, экспедициялар түрінде жүргізіледі.

46. Материалдық-техникалық базасы және кадрлық әлеуеті бар ұйымдар білім беру ұйымдарының барлық типтеріндегі білім алушылар үшін өндірістік практиканы жүзеге асырады.

47. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымында әдістемелік жұмыс, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, педагогтердің, сондай-ақ тиісті бейіндегі мамандардың біліктілігін арттыру жүзеге асырылады.

48. Ұйымдар жаппай іс-шаралар өткізеді, балалардың, ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдердің бірлескен жұмысы мен демалысы үшін қажетті жағдайлар жасайды.

49. Ұйымдардағы педагогикалық қызметке жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі, техникалық және кәсіптік білімі немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар адамдар жіберіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 31 тамыздағы
№ 385 бұйрығына
9-қосымша

Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

1. Осы ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) "Білім туралы" Заңның (бұдан әрі – "Білім туралы" Заң) 5-бабының 11-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ересектерге арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Ересектерге қосымша білім беру (бұдан әрі – Білім беру ұйымдарында қосымша білім беру) "Білім туралы" Заңның 32-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген) Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына, сондай-ақ педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13420 болып тіркелген).

3. Қосымша білім беру ұйымдары өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі), "Білім туралы" Заңға, білім беру қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Үлгілік қағидаларға және олардың негізінде әзірленген білім беру ұйымының жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

4. Қосымша білім беру ұйымдарының міндеттері "Білім туралы" Заңның 11-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Осы Үлгілік қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) қайта даярлау – басқа кәсіпті немесе мамандықты игеруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;

2) кәсіптік даярлық – белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін қажетті жаңа немесе өзгертілген кәсіптік дағдыларды игеру үшін жеке тұлғаны дамытуға бағытталған кәсіптік оқыту нысаны;

3) біліктілікті арттыру – бұрын алған кәсіптік білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны.

6. Қосымша білім беру ұйымдарында білім алушылардың тұлғалары тыңдаушылар (бұдан әрі-білім алушылар) болып табылады.

7. Қосымша білім беру ұйымының құрылымы мен штаттары қосымша білім беру ұйымының мақсаттары мен міндеттеріне, ерекшелігіне, педагогтардың санына қарай қалыптастырылады және құрылтайшымен келісім бойынша айқындалады және қосымша білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

8. Қосымша білім беру ұйымдарының функциясы мен құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде жүзеге асырылады.

9. Білім алушыларды қосымша білім беру ұйымына қабылдау және шығару қосымша білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен жүзеге асырылады.

10. Қосымша білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Үлгілік қағидаларда және қосымша білім беру ұйымдарының жарғыларында белгіленген шектерде оқу процесін, кадрларды іріктеу мен орналастыруды, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыруда дербес болады.

11. Қосымша білім беру ұйымдары оқытуды мынадай нысандар бойынша жүргізеді: қайта даярлау, кәсіптік даярлау, біліктілікті арттыру, тағылымдама.

Қайта даярлау, кәсіптік даярлау, біліктілігін арттыру, тағылымдама жүргізіледі:

- 1) негізгі жұмыстан қол үзіп;
- 2) өндірістен қол үзбей;
- 3) аралас (күндізгі-қашықтықтан);
- 4) қашықтықтан (онлайн-режимі).

12. Қосымша білім беру ұйымдарының оқу процесі қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары "Білім туралы" Заңның 23-бабына сәйкес жүзеге асырылады. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарға олардың жеке қажеттіліктері ескеріле отырып жағдай жасалады.

13. Қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша қайта даярлаудан, кәсіптік даярлаудан, біліктілікті арттырудан, тағылымдамадан өткен білім алушылардың (тыңдаушылардың) білім деңгейін қорытынды бағалауды комиссия жүзеге асырады, оның құрамын қосымша білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

14. Кәсіптік даярлықтың нысанын, мазмұнын, көлемін жұмыс берушімен бірлесіп айқындайды.

15. Қосымша білім алған адамдарға біліктілік беру туралы куәлік, осы Үлгілік қағидалардың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес белгіленген үлгідегі сертификат беріледі.

16. Қосымша білім беру мемлекеттік білім беру тапсырыстары мен жеке және заңды тұлғалармен жасалған шарттар негізінде, сондай-ақ оқу шартына сәйкес бюджет қаражаты, жұмыс берушілердің қаражаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылады.

17. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын қосымша білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5036 болып тіркелген).

18. Қосымша білім беру ұйымдарында кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру Еңбек кодексінің 118-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Қосымша білім беру ұйымын тікелей басқаруды басшы жүзеге асырады.

20. Қосымша білім беру ұйымын басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына және білім беру ұйымының жарғысына жүзеге асырылады.

Ересектерге арналған қосымша
білім беру ұйымдары қызметінің
үлгілік қағидаларына
1-қосымша

Куәлік

Осы куәлік _____

берілді,

(тегі, аты, әкесінің аты(болған жағдайда))

ол _____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____ бастап _____ ЖЫЛҒЫ
" ____ " _____
кезеңінде оқып, _____ ЖЫЛҒЫ

_____ (білім беру ұйымының толық атауы)

_____ кәсібі бойынша толық курсын бітіріп шықты және қайта даярлаудың толық
курсын

бітіргеннен кейін мынандай құзыреттілігін көрсетті:

Модульдің атауы Бағалары/балл

Біліктілік комиссиясының шешімімен оған _____ жылғы " ____ " _____

біліктілігі берілді

Басшы _____ / _____

_____ жылғы " ____ " _____

Тіркеу нөмірі № _____

М.О.

Ересектерге арналған қосымша
білім беру ұйымдары қызметінің
үлгілік қағидаларына
2-қосымша

СЕРТИФИКАТ

№ _____

Ұйымның атауы _____

Осымен

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

_____ біліктілікті арттыру/қайта даярлау
курстатарын

_____ тақырыбы бойынша _____ сағат көлемінде өткендігін
растайды.

Басшы _____ / _____ /

" ____ " _____ ЖЫЛ

Тіркеу нөмірі № _____
М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК